БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ СЕНІМДІЛІК

2020

БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

SAMRUK ENERGY

МАЗМҰНЫ

1-ші томы 2-ші томы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының кіріспе сөзі 2

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі 4

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 8

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы 9

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің картасы 31

Бизнес-модель 32

Қызметтің негізгі көрсеткіштері 33

«Самұрық-Энерго» АҚ қағидаттары 34

2020 жылдың маңызды оқиғалары 36

2018 – 2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ 38

Негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру 39

Бизнестің Цифрлық Трансформация бағдарламасын іске асыру қорытындылары 44

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 46

Қазақстан электр энергиясының теңгерімі 47

Электр энергиясы нарығындағы бәсекелес орта 49

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіру саласында 50

Көмір нарығы 54

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ 56

Маңызды қаржылық оқиғалар 57

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер 60

Тариф саясаты 66

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ 72

Күрделі шығындарды талдау 74

Инвестициялық жобалар 75

САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ 78

«Самұрық-Энерго» АҚ Жылдық есебінің онлайн-нұсқасы HTML-де

http://ar2020.samruk-energy.kz/

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Ұсынылып отырған есеп «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының 2020 жылғы қызмет нәтижелері мен жетістіктерін, сондай-ақ 2021 жылға арналған жоспарлар сипаттамасын қамтиды.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызмет қорытындылары туралы біріктірілген жылдық есеп екі томнан: қаржылық және қаржылық емес бөліктерден тұрады.

Есептің қаржылық емес бөлігінің мазмұны Есептілік бойынша ғаламдық бастаманың (GRI) стандарттары мен қағидаттарын, Электр энергетикасы саласындағы GRI салалық хаттамасын (Electric utility, EU), есептілікке қойылатын БҰҰ Ғаламдық шартының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының талаптары ескеріле отырып әзірленді. Есептің қаржылық емес бөлігінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның орнықты дамуы тұрғысынан неғұрлым маңызды деп танылған аспектілері қарастырылады (1-том).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 2019 жылғы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2020 жылғы аудит өткізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігі «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып табылады (2-том).

Осы есепті әзірлеу кезінде ұсынылған ақпарат алдын ала талданды және мүдделі тараптар есеп мазмұнының шынайылық дәрежесін бағалау мүмкіндігіне ие болатындай мақсатта ашық көрсетілді.

Есептегі болашаққа қатысты келтірілген деректер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген, қызметтің күтілетін нәтижелері барынша ықтимал немесе типтік сценарий ретінде қарастырылмауы тиіс және қарастырылмайды. Болжалды мәлімдемелер Есеп шыққан мерзімге қатысты көрсетіледі. (Есеп туралы толық мәлімет 145 бетте).

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 82

Корпоративтік басқару құрылымы 83
Акционер 87
Директорлар кеңесі 88
Атқарушы орган 94
Комплаенс 99
Омбудсмен 101
Қызмет аудиті 101
Тәуекелдерді басқару 103

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ОРНЫҚТЫ ДАМУ 108

Орнықты дамуды басқару 109
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 113
«Экономикалық» санат 115
«Экологиялық» санат 122
«Әлеуметтік» санат 132

ҚОСЫМШАЛАР 144

Есеп туралы 145
Есептің GRI нұсқаулығына сәйкестік кестесі 150
Пайдаланылған қысқартулар 156

Байланыс ақпараты 161

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті оқырман!

2020 жыл Компания тарихындағы ерекше маңызды жыл болды. Бұл уақыт – бүкіл электр энергетикалық холдингтің елмен бірге кемелділік пен орнықтылыққа, жоғары кәсібилікке емтихан тапсырған кезеңі. Коронавирус пандемиясы азаматтарымыздың қалыпты өміріне елеулі түзетулер енгізді. Десек те, «Самұрық-Энерго» АҚ энергетиктері осы ауыр сынақтан абыроймен өтті деуге болады, эпидемия өршіп тұрған кезде өздерінің барлық электр станциялары мен көмір өндіретін нысандарының күнделікті жұмысын қамтамасыз етіп қана қоймай, көрсеткіштердің өсу қарқынын сақтап қалды.

«Самұрық-Энерго» АҚ 2020 жылы өзінің қаржылық орнықтылығын нығайтты. Бір жылғы қызмет нәтижелері бойынша Компания несиелік тәуекелдің «жасыл» аймағына өтті, бұл деңгей экономикалық ахуалдың айтарлықтай өзгерістеріне, COVID-19 пандемиясының әсеріне қарамастан қаржылық тұрақтылық жағдайын көрсетіп отыр. «Жасыл» аймаққа өту үшін компания менеджменті борыштық жүктеме деңгейін төмендету және валюталық тәуекелдерді барынша азайтуға қатысты ауқымды іс-шаралар кешенін жүзеге асырды. 2017 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде борышты басқару бағы-

тындағы жоспарлы жұмыс борышты 94,5 млрд теңгеге қысқартуға мүмкіндік берді, бұл шара акционер белгілеген қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты көрсеткіштерін орындауға ықпал етті. Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұзақ мерзімді рейтингтерін «BB» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты», сондай-ақ компанияның несиелік қабілеттілік рейтингін дербес негізде «b» – ден «b+» дейін көтерді.

2020 жылы компания операциялық және күрделі шығыстарға (жалпы сомасы 18 млрд теңгеге) ауқымды оңтайландыру жүргізді, ол белгілі бір сақтандыру «көпшігін» қалыптастырып, қаржылық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді. Оңтайландыруға қатысты іс-шаралар «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылды. Өткен жылы «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымына кіретін компаниялардың алдына кең ауқымды міндеттер қойылып, өндірістік қызметке тікелей әсер етпейтін шығыстарды қысқарту секілді нақты тапсырмалар берілді.

Биылғы жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан энергетикасының болашағын бейнелейтін өте маңызды жобалардың бірқатарын аяқтап та, бастап та үлгерді.

«Богатырь» кесігінде маңызды жоба – көмір өндірудің циклдық-ағындық технологиясын іске асыру қолға алынды. Ағымды тізбекті енгізу 200 метрден астам терендікте көмір өндіруге, әрі «Богатырь» кенішінің қуатын жылына 40 миллион тонна көмірге дейін арттыруға мүмкіндік бермек. «Шардара СЭС» АҚ нысанын толық жаңғырту бағдарламасы аяқталды. Жобаға салынған инвестиция 38 млрд теңгені құрады. Алматы және Ақмола облыстарында екі жел электр станциясының құрылысы басталды.

Алдағы жыл да осындай жоғары жауапкершілік пен адал еңбекті, жоғары біліктілікті, негізгі міндеттерді шешуде озық технологиялар мен заманауи тәсілдерді қолдануға деген дайындықты талап етіп отыр. Компанияның келешектегі жоспарында Екібастұз ГРЭС-де энергия блоктарын қалпына келтіру әрі жаңаларын іске қосу, елдің оңтүстік өңірлерінде экологиялық жағдайды жақсарту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту секілді маңызды жобалар қамтылған.

Қорыта келе, «Самұрық-Энерго» АҚ әрдайым ел басшылығы мен «Самұрық-Қазына» АҚ белгілеген бағытты ұстанатынын атап өткім келеді. Әсіресе экология, энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне, сондай-ақ заманауи трендтер мен сын-тегеуріндерге сәйкес келетін даму бағыттарына ерекше назар аударылмақ. Компания алдына қойылған барлық міндеттерді толық көлемде шешетініне кәміл сенімдімін.

Ақшолақов
Болат Оралұлы

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті оқырман!

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы Қазақстанның ұлттық энергия жүйесіндегі негізгі элемент ретінде ел экономикасында стратегиялық жүйе құраушы мәнге ие. 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының Қазақстан бойынша электр энергиясын өндірудегі үлесі 29%-дан асты. Компания электр энергиясын өндіруді 31,4 млрд кВт*с-қа дейін ұлғайтты, яғни 2019 жылдың көрсеткіштерінен 4%-ға жоғары.

Көмір өндіруші компаниямыз «Богатырь Көмір» ЖШС 2020 жылы 43,4 млн тонна көмір өткізді, бұл көрсеткіш жоспардағыдан 4%-ға жоғары. Орталық Азияның энергия жүйесіне жеткізілген экспорттық электр энергиясының көлемі шамамен 860 млн кВт*с құрады.

2020 жылы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен жаңғырту және қайта жаңарту бойынша инвестициялық келісімге отыруды жоспарлап отырған электр станцияларының тізіміне енгізілді. Бұл маңызды оқиға жоба бойынша тартылған инвестициялардың қуат нарығының тетігі арқылы қайтарылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Жобаны іске асыру станцияның жобалық қуатын 4 000 МВт-тан ұлғайтып, оны қалпына келтіруге мүмкіндік бермек. № 3 энергия блогын салу арқылы «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ станциясын кеңейту жобасын іске асыру жалғасуда.

«Самұрық-Энерго» АҚ жаңартылатын энергия көздерін дамыту бастамасын белсене қолдап отыр. 2020 жылдың қорытындысы бойынша топтың ЖЭК нысандарында электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 336 млн кВт*с құрады, осылайша компанияның ЖЭК нарығындағы 10 % үлесін қамтамасыз етті. «Самұрық-Энерго» АҚ гидроэнергетиканы дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2020 жылы біз белгіленген қуатты 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін ұлғайта отырып, «Шардара СЭС» АҚ толық жаңғырту бағдарламасын аяқтадық. Жобаның қуат тапшылығы анық байқалатын Түркістан облысын электр энергиясымен қамтамасыз ету және өңірдегі су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттырудағы маңызы зор.

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұзақ мерзімді несиелік рейтингтерін «Тұрақты» болжаммен «BB» деңгейінде растады, сондай-ақ компанияның несиелік қабілеттілігі рейтингін дербес негізде «b»-ден «b+»-ге дейін көтерді.

2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты бүкіл әлемде туындаған қиыншылықтар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын да айналып өткен жоқ. Алайда, күрделі эпидемиологиялық жағдайда Компания барлық электр станциялары мен көмір өндіретін нысандарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етті. ТЖ режимі қазақстандық энергетиктердің кәсіби біліктілігін, сала мамандарының жұмыла жұмыс істеу қабілетін көрсетті. Алдарыңыздағы Есепте ұсынылған ақпараттық мәліметтер Компанияның күш-жігерге толы қажырлы жұмысын, қол жеткізген жетістіктері мен болашаққа деген зор сенімін айқын бейнелеп отыр. Қорыта келе, барша энергетиктерге, серіктестеріміз бен Акционерімізге, «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның барлық еншілес және тәуелді компанияларының қызметкерлеріне ынтымақтаса атқарған ынталы жұмысы үшін, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамыту жолындағы жасампаз еңбегі үшін шынайы ризашылығымды білдіргім келеді!

Есімханов
Сұңғат Қуатұлы

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Компания туралы 8
2018 – 2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы 38
Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу 46
Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу 56
Инвестициялық қызметті басқару 72
Сатып алуды басқару 78

43,3

2020 ЖЫЛЫ КӨМІР ӨНДІРУ
КӨЛЕМІ (МЛН ТОННА)

31.4

2020 ЖЫЛЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ
КӨЛЕМІ (МЛРД КВТ*САҒ)

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ **СЕНІМДІЛІК**

«Самұрық-Энерго» АҚ Холдингі жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңарту және жаңаларын енгізуге қатысты ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында 2007 жылғы 10 мамырда құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес құрылды (толық ақпарат Компанияның www.samruk-energy.kz сайтында ұсынылған).

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутегі және су ресурстары негізінде электр энергиясын, жылу энергиясын өндіру және ыстық суды дайындау, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға өткізу, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Бүгінгі күні Компания активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызға ие станциялар, сондай-ақ Ертіс СЭС каскадына енген республиканың негізгі су электр станциялары, еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі СЭС («Шардара СЭС» АҚ және «Мойнақ СЭС» АҚ) нысандары бар. «Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің құрамына Қазақстандағы ең ірі көмір өндіретін кәсіпорын «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына Алматы өңірінде электр және жылу энергиясын өндіретін станция, сондай-ақ өңірлік тарату желілері мен өткізу компаниясы енген.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ

Өз миссиясын толық іске асыру және акционер мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарын қанағаттандыру үшін қоғам ЕТҰ басқару жүйесін әзірлеп, оның қалыпты жұмысын қамтамасыз етіп отыр.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару жүйесі мынадай басқару қағидаттарын сақтауға құрылған:

1) еншілес және тәуелді ұйымдар органдарының (акционер (қатысушы), Директорлар кеңесі / Байқаушы кеңес, атқарушы орган), қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың құзыреттері мен өкілеттіктерін нақты ажырату

2) еншілес және тәуелді ұйымдардың (акционер (қатысушы), Директорлар кеңесі / Байқаушы кеңес, атқарушы орган), қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың жауапкершіліктерін нақты ажырату

«Самұрық-Энерго» еншілес және бағынысты ұйымдарының операциялық қызметтерінің негізгі бағыттары компанияның ұйымдық құрылымында көрсетілген. Негізгі бөлімшелердің өзара іс-қимылдары мен басқару қағидаттары компаниялардың ішкі құжаттарында белгіленген.

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР

КӨМІР ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

«Forum Muider B.V.»
50%

ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

«АлЭС» АҚ
100%

«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС
100%

«Екібастұз станциясы МАЭС-2» АҚ
50%

«Балқаш ЖЭС» АҚ
100%

«Тегіс Мұнай» ЖШС
100%

НЕМЕРЕЛЕС КОМПАНИЯЛАР

«БОГАТЫРЬ КӨМІР» ЖШС
100%

«РЕСУРСЭНЕРГОУГОЛЬ» ЖШҚ
100%

METTLERA CORPORATION LTD
100%

«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС
100%

ТАРАТУШЫ КОМПАНИЯЛАР

«АлматыЭнергоСбыт»ЖШС
100%

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
97,4%



СЭС КОМПАНИЯЛАРЫ

«Шардара СЭС» АҚ
100%

«Мойнақ СЭС» АҚ
100%

«Шүлбі СЭС» АҚ
92,14%

«Өскемен СЭС» АҚ
89,99%

«Бұқтырма СЭС» АҚ
90%

ЖЭК ЖӘНЕ СЕРВИС КОМПАНИЯЛАРЫ

«Бірінші жел электр станциясы» АҚ
100%

«Energy Solutions Center» ЖШС
100%

«Ereymentay Wind Power» ЖШС
100%

«Samruk-Green Energy» ЖШС
100%

«Энергия Семиречья» ЖШС
25%

«Казгидротехэнерго» ЖШС
100%

«ТЕПЛОЭНЕРГОМАШ» ЖШС
95%

ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ

«Алматы электр станциялары» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Алматы Электр Станциялары» акционерлік қоғамы («АлЭС» АҚ) – Алматы қаласы мен Алматы облысында жылу және электр энергиясын өндіру қызметін жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйым. «АлЭС» АҚ халықты, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарын электр энергиясымен және жылумен қамтамасыз ететін жылу энергиясын өндіру бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Қазіргі кезде өндірілетін жылу және электр энергиясы Алматы қаласы мен Алматы облысының мұқтаждықтарын 70%-ға жабады.

«АлЭС» АҚ-ның құрылымына мына өндірістік департаменттер кіреді: Б. Оразбаев атындағы ЖЭО-1; А. Жақутов атындағы ЖЭО-2; ЖЭО-3; Ш. Чокин атындағы Қапшағай СЭС; Алматы СЭС каскады; Батыс жылу кешені; Отын тиеу және түсіру орталығы; «Энергожөндеу» өндірістік жөндеу кәсіпорны.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 7

Басқарма Төрағасы: **Қырқынбаев Е.А.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Тұтынушыларға жеткізу үшін электр және жылу энергиясын өндіру.

Жылу және электр энергиясын тікелей өндіру энергия көздерінің энергетикалық жабдықтарына энергия ресурстарын (отын, су) жеткізуден басталады. Энергетикалық қондырғыларда энергия ресурстарының энергиясы (отын, су) соңғы өнімге – электр және жылу энергиясына айналады. Өндірілген электр және жылу энергиясының бір бөлігін өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін энергия көздерінің өздері тұтынады, өндірілген энергияның қалған бөлігі электр және жылу энергиясын сатып алу-сатуға арналған шарттар негізінде сатылады. Электр және жылу энергиясын өткізу нарығы – Алматы өңірі.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(1 620)	4 073	5 685
EBITDA	млн теңге	11 147	14 326	17 457
EBITDA Margin	%	17	22	23

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	1 235,7	1 235,7	1 235,7
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	5 599	5 397	5 335
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	4 892	4 726	4 689
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	5 617	5 024	5 596
Жылу энергиясын сату көлемі	мың Гкал	5 527	4 980	5 564
Ірі тұтынушылар	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «КазФерроСталь» ЖШС, «Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Алматы Электрмен қамтамасыз ету дистанциясы, «Kaz Electro» ЖШС, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «INTA-2006» ЖШС, «Қуат» ЖШС, «Асыл Тас» ҚК» ЖШС, «ГРЭС» жылу кешені» ЖШС, «К.И. Шолпанбекова» ШҚ, «Жылу желілері» ЖШС, «Волна» ЖШС			

Экологиялық көрсеткіштер, мың тонна



Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.ales.kz** сайтынан қарауға болады.*

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС – Павлодар облысының Екібастұз қаласынан солтүстікке қарай 16 км жерде Жангелді көлінің солтүстік жағасында орналасқан, қуаты 4000 МВт жылу электр станциясы. Кәсіпорын – Қазақстан Республикасындағы қатты отынмен жұмыс істейтін ең ірі жылу электр станциясы және өңірдегі энергия өндіретін негізгі мекеме. Қазақстандағы ең ірі электр станциясы бола отырып, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС сонымен қатар қазіргі қуаты 3500 МВт құрайтын әлемдегі ең ірі көмір электр станциясының бірі болып табылады. Кешен қуаты 500 МВт болатын сегіз энергия блогынан тұрады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қ., ГРЭС-1 өнеркәсіптік аймағы, 2 ғимарат.

Бас директоры: **Көпенов Е.К.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Кәсіпорын Қазақстанның солтүстік, шығыс және оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етеді, электр энергиясының бір бөлігі (20%) Ресейге экспортталады.

Тұтынушыларға жеткізу үшін электр және жылу энергиясын өндіру. Экспортты қоспағанда, электр энергиясы станцияның шиналарынан жеткізіледі (ҚР-РФ шекарасында).

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	18 072	6 406	4 754
EBITDA	млн теңге	58 979	47 870	43 851
EBITDA Margin	%	47	44	36

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	3 500	3 500	3 500
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	19 122	18 301	19 466
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	18 340	17 642	19 001
Жылу энергиясын өндіру көлемі	Гкал	59,9	132,3	155,4
Ірі тұтынушылар	«Богатырь Көмір» ЖШС, «Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС, «Tau-Ken Temir» ЖШС, «Қазминералз Бозшакөл» ЖШС, «KEGOC» АҚ			

Экологиялық көрсеткіштер, шығарындылар мың тонна



Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www. gres1.kz** сайтынан қарауға болады.*

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 50%, «Самұрық-Қазына» АҚ – 50%)

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – Қазақстанның Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы белгіленген қуат көлемі 1000 МВт болатын жылу электр станциясы.

2018 жылғы 27 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) және «Интер РАО» ЖАҚ (бұдан әрі – ИРАО) арасында «СЭГРЭС-2» АҚ жарғылық капиталындағы 50% акцияны сатып алу-сату туралы шарт (бұдан әрі – Мәміле) жасалды.

2019 жылдың 13 желтоқсанында Мәмілені жабу бойынша барлық іс-шаралар аяқталды және 2019 жылғы 14 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 50% акцияға меншік құқығы тіркелді.

Осылайша, қазіргі уақытта «СЭГРЭС-2» АҚ-ның акционерлері – «Самұрық-Энерго» АҚ – 50% және «Самұрық-Қазына» АҚ – 50%.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қ., Солнечный поселкесі, АБК, 32-каб.

Басқарма Төрағасы: **Сағидулла Дәурен**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ өндірген электр энергиясы тұтынушыға станцияның шиналарынан жеткізіледі. Сатып алушы өз есебінен, өз бетімен Сатушының қатысуынсыз, өңіраралық, ал қажет болған жағдайда өңірлік деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын жеткізу нүктесінен тұтыну нүктелеріне қабылдау мен жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(6 823)	(3 063)	(3 706)
EBITDA	млн теңге	16 250	17 170	19 843
EBITDA margin	%	42	42	43

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	1 000	1 000	1 000
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	5 436,5	4 928,5	4 974
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	5 161	4 689,5	4 809
Жылу энергиясын босату көлемі	мың Гкал	78,622	82,8	66,9
Ірі тұтынушылар	«Трансэнерго» АҚ, «АХҚЗ» АҚ, «Қазхром» ТҰК» АҚ, «Лотос-Ақтөбе» ЖШС, «Гоар» ЖШС, «Завод ЖБИ-25» ЖШС, «АС Газ Логистик» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС, «Ақтөбе Құрылыс Комбинаты» ЖШС, «КСМ» өндірістік бірлестігі» ЖШС, «Актобеэнергоснаб» ЖШС, «Энергожүйе» ЖШС, «Ақбұлақ» АҚ, «Трансэнерго» АҚ			

Экологиялық көрсеткіштер, шығарындылар мың тонна



Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы (50%), мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www. gres2.kz** сайтынан қарауға болады.*

СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

«Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

Шардара су электр станциясы – Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан, ол Нарын-Сырдария каскадын тұйықтайды.

Гидроторап мақсаты кешенді - ирригация, су тасқынына қарсы күрес, балық өсіру, ауыз сумен қамтамасыз ету, Оңтүстік Қазақстанды энергиямен жабдықтауды оңтайландыру. Су электр станциясында судың қозғалмалы массаларының механикалық энергиясы СЭС ғимаратындағы көптеген қосымша жабдықтармен бірге орналастырылған гидротурбиналар мен гидрогенераторлардың көмегімен электр энергиясына айналады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қ., Елмұратов көш., 13.

***Басқарма Төрағасы:* Берлібаев А.А.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Шардара СЭС» АҚ электр энергиясын өндіреді және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Алыс қашықтыққа тасымалдау және шығындарды азайту үшін (материалдарды үнемдеу үшін) 10 кВ генератор кернеуі трансформатор арқылы 110 кВ-қа дейін артады. Электр энергиясын тасымалдайтын ұйым болып табылатын «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС желісіне ЭКТҚ-110 кВ арқылы электр энергиясын жеткізеді. Әрі қарай электр энергиясы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, одан соң тұтынушыларға жеткізіледі.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	1 526	(692)	612
EBITDA	млн теңге	2 174	909	4 739
EBITDA Margin	%	66	40	70

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	100/50 МВт 01.03.2018 ж. бастап	50/63 МВт 27.05.2019 ж. бастап	63/126 МВт *25.02.2020 ж. бастап
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	348,7	464,8	513,5
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	344,6	466,2	521,3
Ірі тұтынушылар	«Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, «Казсбытгрупп» ЖШС, «Энергоснаб XXI» ЖШС, «Югэнергоимпульс» ЖШС, «ГарантЭнерго» ЖШС			

** гидроагрегаттарды жаңғырту аяқталғанға дейін төмендеді*

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестицялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.sharges.kz** сайтынан алуға болады.*

«Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

Қуаты 300 МВт Мойнақ СЭС Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі электр энергетикасын дамыту бағдарламасына сәйкес салынды. Ол Алматы облысы Кеген ауданы Шарын өзенінде орналасқан. Бұл – бүгінде Қазақстан БЭЖ-нің оңтүстік өңірінде (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары) электр энергиясының тапшылығын азайтумен, энергияның жоғарғы жүктемелерін жабумен және энергия жүйесіндегі қуатты реттеумен байланысты міндеттерді сәтті шешетін серпінді жобалардың бірі. Кәсіпорынның жоба бойынша орташа жылдық электр қуатын өндіру көлемі 1,027 млрд кВт*с құрайды. Станцияда қолданылатын қазіргі заманғы технологиялық қондырғылар электр энергиясын өндіру процесін мейлінше автоматтандыру мен оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Станцияда техникалық параметрлері мен тиімділігі жоғары соңғы үлгідегі гидроагрегаттар орнатылған.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Жылысай а/о, Мойнақ ауылы, 81 үй.

Басқарма Төрағасы: ***Асылов А.Н.***

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Мойнақ СЭС» АҚ электр энергиясын өндіреді және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Энергия көздерінен тұтынушыларға электр энергиясын босату бойынша жасалған шарттарда келісілген көлемде 110 кВ желілері бойынша жеткізіледі.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(5 296)	186	8 923
EBITDA	млн теңге	8 060	7 386	17 462
EBITDA Margin	%	79	75	85

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	300	300	300
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	1 036	951	929
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	1 034	952	944
Ірі тұтынушылар	«Жетысу Энерготрейд» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт»ЖШС			

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестицялар сомасы, мың теңге



Толық ақпаратты компанияның ***www.moynak.kz*** *сайтынан алуға болады.*

«Өскемен СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 89,99%)

2017 жылы қазанда AES Suntry Power Limited компаниясымен жасалған концессия шарты тоқтатылып, активтер Қазақстан Республикасының республикалық меншігіне берілді.

Негізгі қызмет түрі: ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

Орналасқан жері: заңды мекенжайы – Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Аблакетка кенті (заң. мекенжайы).

Атқарушы органның орналасқан жері: Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 27.

«Бұқтырма СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 90%)

«Бұқтырма СЭС» АҚ жұмыс көлемінің меншікті шамасы бойынша да, сондай-ақ электр энергиясын өндіру құнының көрсеткіштері бойынша да үнемді су электр станциясы болып табылады.

СЭС-тің белгіленген қуаты 675 МВт-ны құрайды, орташа жылдық өндіру – 2,77 млрд кВт*с. СЭС Қазақстанның энергетикалық жүйесіндегі ең жоғарғы жүктемелерді жабады. 2002 жылы Бұқтырма бөгеті бетон сапасының барлық күтілетін параметрлерден артық болуына байланысты әлемдегі ең мықты бөгет болып танылды.

Негізгі қызмет түрі: меншікті жылжымайтын мүлікті жалға алу және басқару, өзге машиналарды, жабдықтарды және материалдық құралдарды жалға алу.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070825, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Серебрянск қаласы, Графтио көшесі, 5.

Компания жалға берілген.

«Шүлбі СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 92,14%)

2017 жылы қазанда AES Suntry Power Limited компаниясымен жасалған концессия шарты тоқтатылып, активтер Қазақстан Республикасының меншігіне берілді.

Негізгі қызмет түрі: ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

Орналасқан жері: заңды мекенжайы – Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, 071426, Семей қ,, Шүлбі ауылы.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС – жаңартылған энергия көздерін қолдау туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық дайындық кезеңдерінен өткен және 2015 жылы 14 тамызда пайдалануға берілген Қазақстандағы баламалы энергия көздерін дамыту саласындағы алғашқы жоба.

Компанияның жел паркі Ақмола облысында, Ерейментау қаласына жақын жерде орналасқан, экология үшін қауіпсіз жұмыс істейтін, біртұтас қуаты 2,05 МВт құрайтын 22 жел турбинасынан тұрады. Іске қосылған сәттен бастап ЖЭС 920 млн кВт*с-тан астам электр энергиясын өндірді.

Осы аралықта 85-метрлік ғимараттар 13 миллиардтан астам теңгеге электр энергиясын өндірді.

Барлық өндірілетін электр энергиясының 100%-ы Қазақстанның Ұлттық электр желісі – «KEGOC» АҚ-ға келіп түседі.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр к., 15А.

***Бас директоры:* Есхожин Р.К.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру және оны сатумен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС айналысады.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	436	1 017	1 880
EBITDA	млн теңге	3 201	3 532	3 842
EBITDA Margin	%	72	77	76

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	45	45	45
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	158	153	159,36
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	157	152	159,1

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.pves.kz** сайтынан алуға болады*

«Ereymentau Wind Power» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Ereymentau Wind Power» ЖШС-ның негізгі қызметі «Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асыру және бұдан әрі электр энергиясын өндіру болып табылады.

Жоба ең көп дегенде 20 жел мұржасынан, әр мұржаға іргелес тұрған кран негіздерінен, ішкі жолдардан, ішкі электр желілерінен, диспетчерлік пункттен және энергия жүйесіне қосылатын қосалқы электр станцияларынан тұрады.

Орналасқан жері: Заңды және нақты мекенжайы – 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Қабанбай батыр көш.,15а, блок Б.

***Бас директоры:* Жаңабаев Б.К.**

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(167)	(179)	(89)
EBITDA	млн теңге	(161)	(176)	(181)

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.ewp.kz** сайтынан алуға болады.*

«Samruk-Green Energy» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Samruk-Green Energy» ЖШС – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру бойынша қызметтерді ұсынады. Кәсіпорын шалғай аудандарды орталықсыздандырылған электр қуатымен қамтамасыз ету мүмкіндігін жүзеге асырады.

2015 жылдан бастап қуаты 2 МВт КЭС ТМД мен Орталық Азиядағы бірінші өнеркәсіптік ауқымдағы EnergyPod электр энергиясын жинақтау технологиясын қоса алғанда, ЖЭК инновациялық технологияларын сынауға арналған алаң болып табылады.

2020 жылы серіктестік ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім аясында жүзеге асырылған 5 МВт Шелек жел электр станциясын іске қосты.

Орналасқан жері: заңды мекенжайы – Қапшағай қ, Индустриальная көш,. 35/2; нақты мекенжайы, Алматы қ., Зенков к., 59, (Қабанбай батыр бұр.), 3 қабат, №145 кеңсе.

***Бас директоры:* Бөкенов Т.Ш.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Электр энергиясы «АЖК» АҚ желісі арқылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС атына босатылады. 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164, күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша білікті шартты тұтынушыға электр энергиясының тиісті үлесін есеп айырысу және қайта бөлу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын есеп айырысу және қаржы орталығының орталықтандырылған сатып алу-сату қағидаларына сәйкес, есеп айырысу-қаржы орталығы серіктестікке электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл ішінде өндірілген және серіктестік нысандарының энергия жеткізуші ұйымдарының электр желісіне босатылған электр энергиясының толық көлемін төлейді. Сонымен қатар тіркелген тариф 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 бекітілген тарифтер мен аукционның шекті бағаларын айқындау қағидаларына сәйкес жыл сайын индекстеуге жатады.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(4)	(42)	(125)
EBITDA	млн теңге	20	36	26
EBITDA Margin	%	14	23	11

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	2	2,4	7,4
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт*с	3, 232	3,327	7,366
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	3, 117	3,246	7,216

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.samruk-green.kz** сайтынан алуға болады.*

«Энергия Семиречья» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 25%; Hydrochina Corporation – 50%; Powerchina Chengdu Engineering Corporation Limited – 15% және Powerchina Resources Limited – 10%)

«Энергия Семиречья» ЖШС – электр энергиясын өндіру және сату, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу қызметін көрсететін кәсіпорын. Кәсіпорын 2009 жылы «Шелек дәлізінде келешекте қуаты 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асыру үшін құрылды.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Енбекшіқазақ ауданы, Байсеит ауылы, Абай көш., 92 үй.

Бас директоры: ***He Junwen***

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(26)	21	(177)
EBITDA	млн теңге	(83)	(123)	(97)

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы (25%), мың теңге



Толық ақпаратты компанияның ***www.energy7.kz*** *сайтынан алуға болады.*

«Казгидротехэнерго» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Казгидротехэнерго» ЖШС — Алматы облысындағы жиынтық қуаты 60,8 МВт болатын төрт шағын СЭС (ҮАК-1, ҮАК-2, СЭС-19, СЭС-29) салу жобаларын іске асыратын компания.

Серіктестіктің қызметі ЖЭК-ті пайдалана отырып электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК-ті пайдаланатын объектілерді, дербес техникалық құрылғыларды және онымен байланысты құрылыстарды жобалауға, салуға бағытталған.

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қ., Қонаев көш,. 21 Б, БО «Сат», 62А кеңсе.

Бас директоры: **Буханов М.Е.**

«Теплоэнергомаш» ЖШС («Казгидротехэнерго» ЖШС – 95%)

«Теплоэнергомаш» ЖШС-ның негізгі мақсаты – Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 12 МВт болатын екі электр станциясын салу. Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек өзенінде жиынтық қуаты 26 МВт (Алматы облысы) СЭС-да ҮАК 1, 2 мен 19 СЭС-ын салу жоспарланып отыр.

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13, «Нұрлы Тау» БО, 1В-к., 505 кеңсе.

Директоры: ***Әділов Е.Х.***

ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР

«Богатырь Көмір» ЖШС (Forum Muider B.V. – 100%)

«Богатырь Көмір» ЖШС – ашық тәсілмен көмір өндіру бойынша әлемдегі аса ірі кәсіпорындардың бірі. «Богатырь Көмір» ЖШС үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмірдің 59%-ы және ҚР-дағы жалпы көмір өндіру көлемінің 39,5%-ы тиесілі.

«Богатырь Көмір» ЖШС бойынша бекітілген көмір қоры шамамен 2,9 млрд тоннаны құрайды. «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша көмір қоры горизонтқа дейін минус 200 м (үстіңгі бетінен өлшегендегі тереңдігі 400 м) бекітілген. Кәсіпорынның қазіргі қуаты жағдайында көмір қоры кемінде 70 жыл жұмыс жасауға жетеді.

1970 жылы пайдалануға берілген «Богатырь» кесігі 5, 6, 9, 10 алаңдарда (учаскелерде) көмір қорын игереді. Кесіктің тереңдігі үстіңгі қабатынан өлшегенде 280 метрге жетті (белгі: Балтық теңізінің деңгейінен Балтық шаралар жүйесі бойынша минус 80 м горизонт).

«Северный» кесігі 1954 жылы пайдалануға берілді, көмір өндіру 1, 2, 3, 4 алаңдарында (учаскелерде) жүргізіледі. Кесіктің тереңдігі үстіңгі қабатынан өлшегенде 230 метрге жетті (белгі: Балтық теңізінің деңгейінен Балтық шаралар жүйесі бойынша минус 30 м горизонт).

Екібастұз бассейнінің негізгі өнеркәсіптік қабаттары – орташа қуаты 160 м және жайғасу тереңдігі 670 метрге дейін 1, 2, 3, 4 қабаттар. Бассейн бойынша көмірдің жалпы қоры – 9 млрд тоннадан артық.

«Богатырь Көмір» ЖШС «Богатырь» және «Северный» кесіктері бойынша бекітілген көмір қоры, млн тонна

«Богатырь Көмір» ЖШС бойынша барлығы	
Қабат	**Бекітілген қорлар**
1	397,9
2	630,8
3	1 401,7
4	484,6
Барлығы:	**2 915,0**

Оның ішінде: «Богатырь» кесігі бойынша (5, 6, 9, 10 учаскелер)	
Қабат	**Бекітілген қорлар**
1	198,1
2	332,8
3	739,4
4	278,7
Барлығы:	**1 549,0**

«Северный» кесігі бойынша (1, 2, 3, 4 учаскелер)	
Қабат	**Бекітілген қорлар**
1	199,8
2	298,1
3	662,2
4	205,9
Барлығы:	**1 366,0**



Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қ., Строительная көш., 23.

***Бас директоры:* Корсаков Н.Н.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Богатырь Көмір» ЖШС орташа жану жылулығы ~ 4 000 Ккал/кг, күлділігі ~43%, ылғалдылығы ~5% КСН маркілі көмірді өндіреді.

Кәсіпорын энергетикалық көмірді Қазақстан Республикасы ішкі нарығының өндіруші объектілеріне жеткізеді, Ресей Федерациясына экспортқа шығарады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығын коммуналдық-тұрмыстық көмірмен қамтамасыз етеді. Көмір Қазақстан Республикасының жылу электр станцияларына көмір жеткізудің тікелей шарты бойынша Ресей Федерациясының электр станцияларына трейдер арқылы сатылады.

Коммуналдық-тұрмыстық көмірді сату «Биржалық тауарлар тізбесін және тауарлық биржалар арқылы сатылатын ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына сәйкес тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	28 334	26 917	24 093
EBITDA	млн теңге	41 441	40 415	36 728
EBITDA Margin	%	45,5	43	36

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Атауы	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Көмір өндіру көлемі	млн тонна	44,9	44,8	43,3
ҚР-дағы көмір сату көлемі	млн тонна	35,6	33,8	33,4
өз ЭС-ға	млн тонна	18,1	17,5	17,8
сыртқы ЭС-ға	млн тонна	15,9	16,3	15,6
Көмірді экспорттау көлемі	млн тонна	9,6	10,9	10,1
Ірі тұтынушылар	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Астана-Энергия» АҚ ЖЭО-1, ЖЭО-2; «Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС ЖЭО-1, ЖЭО-3; «Севказэнерго» АҚ ЖЭО-2, Петропавл ЖЭО-2, Рефтинск ГРЭС-і, Троицк ГРЭС-і және Курган ЖЭО			

Экологиялық көрсеткіштер,
шығарындылар мың тонна



Әлеуметтік көрсеткіштер,
орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы (50 %),
мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.bogatyr.kz** сайтынан алуға болады.*

«Тегіс Мұнай» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Тегіс Мұнай» ЖШС-ның мақсаты Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Придорожное» кен орнында жер үсті инфрақұрылымын салу және жайластыру, «Придорожное» кен орнынан Бейнеу – Бозой – Шымкент магистралды газ құбырына дейін газ құбырын салу, газды өндіру, өңдеу және сату болып табылады. «Тегіс Мұнай» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобасы болып табылады, табыс алу 2020–2021 жж. жоспарланып отыр.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Асқаров көш., 40.

Директоры: ***Уваков К.А.***

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС («Тегіс Мұнай» ЖШС – 100 %)

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС 30.07.2018 ж. № 4631-УВС-МЭ Контракт негізінде Түркістан облысының Придорожное кен орнында газды барлау жұмыстарын жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығының иесі болып табылады. Жоба газ кен орнын әзірлеуді көздейді.

Негізгі міндет өңірде газ тапшылығының орнын толтыру, жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік көмекті және бюджетке салық аударымдарын арттыру мақсатында кен орнын өнеркәсіптік пайдалану болып табылады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Рахат ш/а, Асқаров көш., 40.

Директоры: ***Каракушиков Е.***

Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



Толық ақпаратты компанияның: ***www.mangyshlak-munay.kz*** *сайтынан ала аласыз.*

«Energy Solutions Center» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Energy Solutions Center» ЖШС – «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына әкімшілік қолдау көрсететін сервистік ұйым.

Қызметтер тізбесіне мыналар кіреді:
- IT-инфрақұрылымды қолдау қызметтері;
- интернет-ресурстарға қызмет көрсету;
- көлік қызметтерін ұсыну;
- жылжымайтын мүлікті басқару қызметтері (жалға алу, сатып алу, құрылыс);
- Негізгі қызмет түрі: арнайы кеңсе қызметтері (персонал аутсорсингі), IT-қызметтері, көлік қызметі.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 15А.

Бас директоры: ***Абдуллин А.М.***

Толық ақпаратты компанияның: ***www.e-s-center.kz****. сайтынан ала аласыз.*

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	89	3	27
EBITDA	млн теңге	122	68	121
EBITDA Margin	%	13	6	9

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



ТАРАТУШЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАР

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 97,4 %, «АЖК» АҚ – 2,6 %)

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – Алматы қаласы мен Алматы облысындағы 2,5 миллион халықты электр энергиясымен қамтамасыз ететін өңірлік ірі электр желілік компания, ол 30 мың км-ден астам электр желілерін, 35 кВ және одан жоғары 208 қосалқы станцияны және 7 085 трансформаторлық қосалқы станцияларды басқарады. Желілерге Алматы қаласы бойынша жеті АЭС және Алматы облысы бойынша он АЭС қызмет көрсетеді, қызмет көрсету ауданы 102 382 шаршы км. «АЖК» АҚ-ның басты міндеті – халықты сенімді және сапалы электр энергиясымен жабдықтау.

Алматы өңірінде электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында 2007–2020 жж. аралығында 38 қосалқы станция салынып, жаңғыртылды, трансформатор қуатының өсімі 3500 МВА-ны құрады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Манас көш., 24 Б.

***Басқарма Төрағасы:* Үмбетов М.А.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Өңірлік электр желілік компаниялар электр тораптары бойынша электр энергиясын жеткізу функцияларын өз баланстық тиесілілік шегінде жүзеге асырады.

«АЖК» АҚ электр желілік компаниясы 220/110/35/6-10/0,4 кВ кернеу кластары бар Алматы энергия торабы электр желілерінің негізгі бөлігін құрайды. Ол Алматы облысында орналасқан және солтүстігінде Балқаш көлінің жағасынан оңтүстігінде Қырғызстан шекарасына және батысында Жамбыл облысының шекарасынан шығысында Қытай шекарасына дейін созылып жатыр.

Энергия өндіретін ұйымдардан электр энергиясын соңғы тұтынушыға жеткізу.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	5 860	2 719	3 366
EBITDA	млн теңге	15 980	12 408	11 966
EBITDA Margin	%	40	33	29

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Атауы	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
ЭЖЖ-220 кВ	км	457,79	457,79	457,79
ЭЖЖ-110 кВ	км	2 898,21	2 881,76	2 880
ЭЖЖ-35 кВ	км	2 602,87	2 603,01	2 604,72
ЭЖЖ-10 кВ	км	10 854,8	10 903,46	10 951.46
ЭЖЖ-6 кВ	км	1 744,9	1 765,65	1 792,23
ЭЖЖ-0,4 кВ	км	10 972,05	11 659,81	11 771,74
ҚС-220 кВ	дана	9	8	8
ҚС-110 кВ	дана	95	95	95
ҚС-35 кВ	дана	105	106	106
Электр энергиясын жеткізу	млн кВт*с	6 796	6 961	6 838
Тұтынушылар (коммерциялық және басқа) саны	дана	21	21	21

Экологиялық көрсеткіштер, шығарындылар мың тонна



Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.azhk.kz** сайтынан алуға болады.*

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС («Самұрық-Энерго АҚ – 100%)

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – электр энергиясымен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығының барлық субъектілерінің алдында өз тұтынушыларының мүдделерін білдіретін кәсіпорын.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС Алматы қаласы мен Алматы облысы өңіріне (Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай, Райымбек, Талғар, Ұйғыр аудандары және Қапшағай қаласы) электр энергиясын кепілді жеткізуші болып табылады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС клиенттерінің арасында 34 мыңнан астам заңды тұлға және 830 мыңға жуық жеке тұтынушы бар. Ұйымның құрылымына 17 аудандық бөлімше (РОЭС) мен Байланыс орталығы кіреді. Клиенттердің қанағаттану деңгейі жыл сайын артып, 100%-ға жақындады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қожамқұлов көш., 170А.

***Бас директоры:* Жарылқасымов Е.Т.**

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Энергия жеткізуші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу және энергиямен жабдықтау туралы шарттардың негізінде түпкілікті тұтынушыға сату. Электр энергиясына тарифтерді қалыптастыру Табиғи монополияларды реттеу комитетінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	42	(1 185)	(4 035)
EBITDA	млн теңге	361	(1 499)	(4 796)
EBITDA Margin	%	0,37	(1,5)	(4,5)

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт*с	5 904,3	6 218	6 055,5
Электр энергиясын сату бойынша орташа тариф	теңге/кВт*с	16,42	16,11	17,67

Тұтынушылар тобы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Халық	785 393	811 295	835 509
Тұрмыстық емес тұтынушылар, оның ішінде:	31 632	32 939	34 171
- Өнеркәсіптік және оларға теңестірілген тұтынушылар	1 932	1 934	1 952
- Бюджеттік ұйымдар	1 234	1 228	1 295
- Өзге тұтынушылар	28 466	29 777	30 924
БАРЛЫҒЫ:	817 025	844 234	869 680

Әлеуметтік көрсеткіштер, орташа жалақы



Игерілген инвестициялар сомасы, мың теңге



*Толық ақпаратты компанияның **www.esalmaty.kz** сайтынан алуға болады.*

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕРІНІҢ КАРТАСЫ



БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

КӨМІР ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ

Холдинг құрамына кіретін «Богатырь Көмір» ЖШС Қазақстан ішкі нарығының өндіруші объектілеріне және РФ-ға экспортқа энергетикалық көмір, сондай-ақ ҚР ішкі нарығына коммуналдық-тұрмыстық көмірді жеткізуді жүзеге асырады.

КӨМІР ӨНДІРУ КӨЛЕМІ (млн тонна) 43,3

Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмір көлемі 64%

КӨМІР ӨНДІРУ ҮЛЕСІ

Қазақстанда өндірілетін барлық көмір көлемінде 39,7%

ЭКСПОРТ

2019 жылы РФ-на экспортталған көмір көлемі (мың тонна) 10 893

ӨНДІРУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ ірі өндіруші активтері кіреді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ (млрд кВт*с) 31,4

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҮЛЕСІ

Электр станцияларының өндіру үлесі Қазақстан БЭЖ-і бойынша жалпы электр энергиясын өндіру көлемі 29,0%

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Электр энергия өндіру көлемі (млн кВт*с) 335,8

Электр энергиясын ҚР ЖЭК электр энергиясының жалпы көлемінің өндіру үлесі 10,8%

ҚУАТТЫЛЫҚ (МВт)

ЖЭС 5 328

СЭС 825

ЖЭК (КЭС және ЖЭС) 47,4

ЖЕТКІЗУ, ТАРАТУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өңірлік таратушы компаниясы кіреді.

Қосалқы станция қуаты (МВА) 9 781,97

220-0,4кВ әуе және кабельді ЭЖЖ-нің ұзындығы (км) 30 457

Қосалқы станция саны 7 159

2020 жылы электр энергиясын жеткізу көлемі (млн кВт*с) 6 838

БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТ

«Самұрық-Энерго» АҚ

6 200 МВт



САТУ

КӨТЕРМЕ САТУ

Электр энергиясын сатудың көтерме нарығы ұлттық маңызы бар өндіруші компаниялармен, сондай-ақ ірі тұтынушылармен, оның ішінде «KEGOC» АҚ, «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС, «Казфосфат» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «ЖамбылЖарықСауда-2030» ЖШС, «AB Energo» ЖШС, «Энергопоток» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» ЖШС, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС және басқалары арқылы танылған.

БӨЛШЕК САУДА

«Самұрық-Энерго» АҚ тобына Алматы өңірінің үш миллионнан астам тұрғынын электр энергиясымен қамтамасыз ететін «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС компаниясы кіреді.

Сатылған электр энергиясының жалпы көлемі (млн кВт*с) 6 055,5

Жылу-электр энергиясын өндіруші «Алматы электр станциялары» АҚ-ның жылу энергиясын жеткізу көлемі (млн Гкал) 5,8

ЭКСПОРТ

Өзбекстанға экспортталатын электр энергиясының көлемі (млн кВт*с) 966,5



НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Акционерлерге тиесілі таза табыс/залал (млн теңге)



Бағам айырмасын, құнсыздануды және активтерді сатудан түскен залалды есепке алмағандағы таза табыс (млн теңге)



EBITDA (млн теңге)



EBITDA Margin (%)



ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Орташа адам саны, барлығы (адам.)



Жыл сайынғы кадр тұрақсыздығы (%)



Жылына 1 қызметкерді оқыту шығыны (мың)



ЕАҚ-ның оқытуға байланысты шығындары (%)



Өндірістегі жазатайым оқиғалар саны (коэффициент), мың адамға шаққандағы (Саны/1 000 адам ш.б.)



Тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі, (%)



Жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі (%)



Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (%)



Орташа жалақы динамикасы (теңге)



Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған инвестициялар (мың тенге)



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Компания қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі – табысты қызмет кепілі. Сондықтан Компания әрбір қызметкердің жеке әрі кәсіби тұрғыда дамуына тең мүмкіндік бере отырып, қолайлы жұмыс жайы мен әрбір маманның өз әлеуетін іске асыруы үшін барлық қажетті жағдайды жасауға ұмтылады. Әрбір қызметкер Компания тарапынан ұсынылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып және өз бетінше кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға тырысады.

ТӘУЕКЕЛГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒДАР

Біз корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын түсініп, Компанияның құны мен беделіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін дер кезінде анықтауға және төмендетуге бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырамыз.

КОМПЛАЕНС

Ереже-қағидаттарды бұлжытпай орындау ортақ мақсат, ортақ мінез-құлық мәдениеті мен дәстүрлер негізінде біріккен кәсіби мамандар командасы ретінде қала беруімізге, сондай-ақ Компанияның өз ішінде де, іскери серіктестермен және клиенттер арасында да тиісті деңгейдегі өзара түсінушілікті сақтауға ықпал етеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз өндірістік қызметімізді қоршаған ортаны қорғай отырып және бірлесе әрекет ететін қауымдастықты құрметтей отырып жүргізуге тырысамыз. Біздің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік саласындағы мақсатымыз – жазатайым оқиғаларды болдырмау, денсаулыққа және қоршаған ортаға зиян келтірмеу.

ҚАУІПСІЗДІК

Біз әлемді қуатпен қамтамасыз етуде қауіпсіз әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамыз.

ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

Біз кездесулерге, талқылаулар мен ашық пікірталасқа дайынбыз, мүдделі тұлғалармен өз мақсат-мүдделерімізді ескере отырып және Компания мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен олардың мақсат-міндеттері арасындағы балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға талпынамыз.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ҚУАТ/QÝAT/ENERGY

ҚАМҚОРЛЫҚ QAMQORLYQ НАСТАВНИЧЕСТВО

- Біз әрқашан көмекке келуге және қолдау көрсетуге дайынбыз
- Біз әріптестерімізбен және серік-тестермен сенімді қарым-қатынас жасау үшін ашық әрекет етеміз
- Біз тәлімгерлікке, тәжірибені сақтауға және беруге дайынбыз

АДАЛДЫҚ ADALDYQ СПРАВЕДЛИВОСТЬ

- Кез келген мәселелерді шешуде біз жағдайды объективті бағалаймыз және әділ әрекет етеміз
- Біз тең талаптарды қолданамыз және тең мүмкіндіктер береміз
- Біз өз ой-пікірлеріңізді айтуға және естуге мүмкіндік бере отырып, басқалардың пікірін бағалаймыз

УӘДЕГЕ БЕРІКТІК ÝÁDEGE BERIKTIK НАДЕЖНОСТЬ

- Біз үздіксіз және сапалы жұмыс үшін жауапты боламыз
- Біз болашақ ұрпақ алдында жауап береміз және қоршаған орта мен экологияға ұқыпты қараймыз
- Біз барлық жерде қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларын жасау үшін жауапты боламыз
- Біз қабылданған міндеттемелерге адалбыз

ТӘЖІРИБЕ TÁJIRIBE ПРОФЕССИОНАЛИЗМ

- Біз қойылған міндеттерге адал қараймыз және жұмыстан ләззат аламыз
- Біз өз ісінің кәсіпқойларымыз, өзін-өзі жетілдіреміз және нәтижеге қол жеткіземіз
- Тиімділікті арттыру үшін біз әртүрлі көзқарастарды іздейміз және әртүрлі әдістерді қолданамыз

2020 ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

Алматы облысында 220/110/10 кВ № 10А «Қаскелең» қосалқы станциясының ашылу шарасы өтті. Қосалқы станция Алматы облысындағы Қарасай және Жамбыл аудандарының тұтынушыларын, соның ішінде Қаскелең қаласының жаңа тұрғын үй-әкімшілік аудандары мен Алматы қаласының аумағынан шығарылатын өнеркәсіп кәсіпорындарын электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

МАУСЫМ

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ рейтингін «BB» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты», кепілдендірілмеген жоғары рейтингін «BB-»-дан «BB»-ге дейін, сондай-ақ несие қабілеттілігі бағасын дербес негізде «b»-дан «b+» -ке дейін көтерді.

СӘУІР

Қазақстанның ең ірі электр станцияларының бірі – отандық электр энергетикасы саласындағы көшбасшысы Екібастұз ГРЭС-1-дің құрылғанына 40 жыл.

ТАМЫЗ

- Жаңартылатын энергия көздері саласындағы екі жаңа жобаны – Алматы және Ақмола облыстарында жел электр станцияларын: оның бірі – Алматы облысының Еңбекшіқазақ аймағындағы Шелек дәлізінде келешекте қуатын 300 МВт-ға дейін кеңейту көзделген 60 МВт жел электр станциясын және Ақмола облысының Ерейментау қаласы аумағында орналасқан белгіленген жалпы қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясын салуды іске асыру басталды.
- Тең акционерлері – «Самұрық-Қазына» АҚ мен «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылатын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жалпы сомасы шамамен 100 миллиард теңгені құрайтын барлық міндеттемелерін шетелдік валютамен қайта қаржыландырды. Осылайша, станция валюталық тәуекелдерді толығымен анықтап, кепілзатты қамтамасыз етуден босатып, ілеспе шығындарды оңтайландырды.

ҚЫРКҮЙЕК

«Самұрық-Энерго» АҚ Шардара СЭС-ін толық жаңғырту бағдарламасын аяқтады. Жоба аясынд жалпы құны 38 млрд теңгеге станцияның гидроагрегаттарының төртеуі де ауыстырылды. Құрылыс австриялық-неміс компаниясыAndtitz Hidro GmbX жүргізді. Ауқымды қайта құру СЭС қуатын 100-ден 126 МВт-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Жаңа жабдық су электр станциясының қызмет ету мерзімін 35-40 жылға дейін ұзартады, сонымен қатар СЭС-ті пайдалану сенімділігін арттырып, апаттық деңгейін азайтады.

ҚАРАША

- Екібастұздағы әлемдегі ең ірі «Богатырь» көмір кесігінің ашылғанына 50 жыл толды. 1985 жылы ең үлкен қуат кесігі ретінде ол Гиннестің рекордтар кітабына енді. «Богатырь Көмір» ЖШС-ның үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмірдің 65%-ы және бүкіл Қазақстандағы көмір өндірісінің 40%-ы тиесілі.
- ҚР Энергетика министрі Н. Ноғаев Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қалалық ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жұмысымен танысты. ЖЭО-2-ні газға көшіру кезең-кезеңімен 2025 жылдың аяғына дейін жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр.
- «Самұрық-Энерго» АҚ Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеуге байланысты қажетті корпоративтік рәсімдерді бастады.
- Алдын ала зерттеу материалдары Компанияның Инвестициялық-инновациялық кеңесі мен Басқармасына жіберілді. Қаржыландыру көздерін анықтауға арналған сұрақтар талқыланып жатыр.

ҚАЗАН

ЖЕЛТОҚСАН

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі Қоғамның қаржылық тұрақтылығын растап, Қоғамның несиелік тәуекелдің «жасыл» аймағындағы орнын белгіледі.

- Еліміздің энергетикалық жүйесіндегі маңызды нысан – Қапшағай су электр станциясы 1 қазанда өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Жобалық қуаты 434 МВт-ты құрайтын СЭС жұмыс істей бастағаннан бері шамамен 53,756 млрд кВт*с электр энергиясы өндірілді, орташа есеппен жылына 1,1 млн кВт*с.
- Алматы облысында ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім аясында іске асырылған 5 МВт Шелек жел электр станциясы іске қосылды. Станцияның жобалық қуаты – 5 МВт, электр энергиясын өндірудің орташа жылдық көлемі – 15 млн кВт*с.
- Алматыда «Қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту арқылы Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті, оның аясында оңтүстік мегаполистің негізгі жылу электр орталығын көмір отынынан газға ауыстыру жоспарлануда. Тыңдаулар бейнеконференцбайланыс форматында, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеушілері – «ҚазНИПИЭнергопром» АҚ, тапсырыс беруші – «АлЭС» АҚ және Алматы қаласы әкімдігінің Жасыл экономика басқармасы өкілдерінің қатысуымен өтті.

2018-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ СЕНІМДІЛІК

ПАЙЫМДАУ

Тиімділігі жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания - Қазақстан энергетикасының көшбасшысы

МИССИЯ

Акционерлер үшін құндылық қалыптастыру, орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму жолымен артып отырған сұранысты қанағаттандыру

СТРАТЕГИЯ

«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиясы қазіргі ұстанымдарына негізделген сыртқы орта мен энергетика саласының негізгі тенденцияларын ескере отырып құрастырылған

НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2020 жылдарға арналған даму стратегиясын Директорлар кеңесі 2018 жылғы 28 тамызда бекітті (ДК № 08/18 хаттамасы).

Стратегияны іске асыру барысында «Самұрық-Энерго» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орнықты даму саласындағы басшылығы мен Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген орнықты даму қағидаттарын ұстанады.

Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін анықтау PESTEL-талдау, макроэкономикалық және салалық үрдістерді талдау, сондай-ақ ішкі ортаны талдау негізінде құрылды.

НЕГІЗГІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Қазіргі уақытта Компанияның алдында оның ағымдағы жағдайының, сыртқы ортаның сипаттамалары мен даму үрдістерінің салдары болып табылатын бірқатар негізгі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлер тұр.

Негізгі сыртқы қауіп-қатерлер

Қуат нарығы.
Инвестициялар тарту есебінен жаңа қуаттар салуды және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуды, реконструкциялауды қамтамасыз ету болжанып отыр. Электр қуаты нарығы аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолда бар электр станцияларының үздіксіз жұмысы үшін өндіруші жабдықтың тозу деңгейін қысқарту жөніндегі болжамдар.

ЕАЭК жалпы электр энергиясы нарығын қалыптастыру.
ЕАЭК-тың жалпы электр энергетикалық нарығын енгізу нәтижесінде Қазақстан Республикасы Кеңеске қатысушы елдердің нарықтарына жеңілдетілген қолжетімділікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар электр энегиясының сыртқы жеткізушілері үшін ішкі нарықтың ашықтығын атқарады.

Көмірді сату көлемдерінің төмендеуі.
Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін меншіктік станциялар жүктемелерінің төмендеуі көмірді сату көлеміне жағымсыз әсер етеді. ҚР-дағы өзге тұтынушылардың Екібастұз көмірін тұтынудағы өсу әлеуеті шектеулі. РФ-ға жеткізу көлемі ауыспалы сипатқа ие, ол РФ-да электр энергиясын тұтынудың өсуімен байланысты. Сонымен қатар, Ресей көмір станцияларын ішкі өндірушілердің көміріне немесе табиғи газға ішінара ауыстыру бойынша РФ саясаты жалғасуда.

Экологиялық заңнама талаптарын күшейту.
Қазіргі уақытта әлемде қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендетуге бағытталған тұрақты тренд байқалады. Қазақстан Республикасының экология саласындағы халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде және Самұрық-Энергоның экологиялық және әлеуметтік жауапты компания ретінде қабылдаған міндеттемелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы үрдістерге проактивті әрекет жасау қажеттілігін белгілейді.

ЖЭК-ті дамыту жөніндегі реттегіш ортаның өзгеруі.
ЖЭК нысандарын салу үшін аукциондық сауда-саттық тетігі енгізілді. Аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін қаржылық қамтамасыз етуді енгізу қажет болатын белгіленген шекті аукциондық бағалардан бастап электр энергиясына бағаны төмендету қағидаты бойынша жүргізіледі.

Бизнесті цифрландыру.
Қазіргі уақытта әлемде өндірістік және операциялық процестерді цифрландыру тренді байқалады, ол уақыт шығындарын оңтайландыруға, операциялық тиімділікті арттыруға және автоматтандырылған режимде алынатын талдау деректерін дамытуға әсер етеді.

Негізгі ішкі қауіп-қатерлер

2016–2020 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру жоспары аясында Компанияның активтерін әділ нарық баға бойынша сатуды қамтамасыз ету қажеттігі.

Компанияның операциялық тиімділігін түбегейлі арттыру қажеттігі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ SWOT-ТАЛДАУЫ

S — КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- Өндіруде өзіндік құны төмен энергеткалық көмірдің мол қорының болуы
- Қазақстан Республикасындағы қуат көздері тозуының жалпы деңгейіне қарағанда тиімді энергетикалық қуаттардың болуы
- Мемлекет және Қор тарапынан қолдау

W — ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- Белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің төмен болуы
- Қарыз жүктемесінің жоғарғы деңгейі
- Баға ұсыныстарын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы
- Дәстүрлі нарықтарда Екібастұз көмірін алмастыру, сондай-ақ параметрлердің төмен болуына байланысты басқа нарықтарда бәсекеге қабілетсіздік себебінен энергетикалық көмірді экспорттық жеткізудің шектелуі

SWOT

T — МҮМКІНДІКТЕР

- Өсіп келе жатқан сұраныс, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және болашақта – нарық моделінің өзгеруі есебінен нарық үлесін кеңейту
- Экспорттық әлеуеттің дамуы
- Нарық қажеттілігіне сәйкес қуат балансын оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, СЭС, ЖЭК)
- Стратегиялық серіктеспен бірлесіп, ЖЭК-өндірісінің дамуы
- Көмірді пайдалану бағыттарын, оның ішінде байыту есебінен кеңейту

O — ҚАУІПТЕР

- Байланысты өндіруді сақтау және кеңейту
- Экологиялық заңнаманы күшейту
- ЕАЭО-ның ортақ электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру
- Көрші елдердегі геосаясаттың тұрақсыздығы
- Валюталардың айырбас бағамының әлсіреуі себебінен ірі инвестициялық жобалардың қымбаттауы
- Әлемдік нарықтардағы шикізат тауарларының құбылмалылығы
- Экономиканы «жасылдандыруға» ықпал етпейтін жобаларға қаржыландыруды төмендетудегі жаһандық тренд

Стратегиялық НҚК-ларды орындау

№	Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
1	Таза табыс, млн теңге	3 241	6 835	8 008	10 604	56 829
2	Қарыз /EBITDA (ара қатынасы)	3,18	3,31	2,67	3,23	1,90
3	ROACE, %	2,99	3,43	3,60	3,98	9,53
4	Таза активтердің құны (NAV), млн теңге	385 304	392 073	400 623	403 255	460 084
5	Корпоративтік басқару рейтингі	BB	–		BBB	
6	ҚР электр энергиясы нарығындағы үлесі, %	29,7	28,5	29,0	28,4	28,8
7	LTIFR	0,28	0,33	0,27	0,36	0,33

** Стратегиялық НҚК тізіміне 2019 ж. бастап енгізілген*

Жалпы алғанда, Компанияның стратегиялық көрсеткіштерінің 2018–2022 жылдар кезеңінде жақсаруға бейімділік үрдісі байқалады. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттарды сату көлемін ұлғайту, қуатқа жеке тарифтер алу, технологиялық қажеттіліктерге отын мен судың үлестік шығыстарын қысқарту, ОЭР-энергия үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ борыштық жүктемені азайту болып табылады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

Қатысу нарығында энергия ресурстарының сенімді бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз ету

Акционерлік капитал құнын арттыру

Орнықты даму

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Сатудың табыстылығын арттыру

Қызмет тиімділігін арттыру

Инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру

Корпоративтік басқару және орнықтылық

МІНДЕТТЕР

Ішкі нарықта электр энергиясы мен көмірді сату көлемін ұлғайту

Қор компаниялар тобының тұтынушыларына электр энергиясының жеткізілуін қамтамасыз ету

- Қор компаниялар тобының тұтынушыларына 5,4 млрд кВт*с көлемінде электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді

Энергия сыйымдылығы шағын өндіріске (майнинг, ЦОД) электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету

- Энергия сыйымдылығы шағын өндіріске (майнинг, ЦОД) 1,376 млрд кВт*с электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді

Қолда бар қуат көздерінің операциялық тиімділігін арттыру

Электр энергиясы ысырабының деңгейін төмендетуге қатысты іс-шараларды іске асыру

- ЭКЕАЖ және SKADA жобасы іске асырылуда

Инновациялық даму және цифрландыру

- «Цифрлық электр станциясы» жобасы жүзеге асырылды
- «Цифрлық кесік» жобасы жүзеге асырылды

Инвестициялық жобаларды іске асыру

«№ 3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 станциясын кеңейту және реконструкциялау» жобасын іске асыру

- Жабдықтарды қабылдау аяқталды, ЖСҚ құжаттарына түзетулер енгізу басталды

«Екібастұз ГРЭС-1 қуаттарын кеңейту және реконструкциялау (№ 1 блокты қалпына келтіру)» жобасын іске асыру

- ЖСҚ-ға түзету енгізілді. Инвестициялық келісім жасауға қатысты ішкі рәсімдер іске асырылуда

Орнықты даму саласында бастамаларды жүзеге асыру

Стейкхолдерлермен өзара тиімді іс-қимыл

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019 жылғы қызмет қорытындысы бойынша Біріктірілген жылдық есеп жарияланды.
- БАҚ-пен үлкен жұмыс жүргізілуде.

Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру

- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары табысты іске асырылуда

МІНДЕТТЕР

Ішкі нарықта электр энергиясы мен көмірді сату көлемін ұлғайту	Қолда бар қуат көздерінің операциялық тиімділігін арттыру	Инвестициялық жобаларды іске асыру	Орнықты даму саласында бастамаларды жүзеге асыру
Бәскелестерді ығыстыру арқылы көмірді өткізу • Қазақстан нарығында 33,4 млн тонна көмір сатылды. Сату көлемінің ұлғаюы ҚР-дың солтүстік аймағындағы тұтынушыларға жоспардан тыс жеткізілім жасау, сондай-ақ негізгі энергия өндіруші ұйымдардың көбеюі есебінен болды	**«Екібастұз кен орнының күлі көп көмірін жағуға арналған қазандық агрегаттарының от жағу құрылғыларының технологиялары (ҒЗТКЖ)» жобасы іске асырылды** • Күлі көп Екібастұз көмірін және оны байыту қалдықтарын қайнаған қабат пен айналымдағы қайнаған қабаттың кешенді қондырғысында жағу бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізілді. Тиімді жағу мүмкіндігін растайтын деректер алынды. Өнеркәсіптік және энергетикалық қазандықтардың тұжырымдамасы бойынша техникалық ұсыныстар әзірленді	**«Богатырь» (ОҚТ) кесігінде көмір өндірудің, тасымалдаудың, біркелкілеудің және тиеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу жобасын іске асыру** • Жабдықтардың 80% астамы жеткізілді және құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде	**Адам капиталын дамыту** • Мынадай іс-шаралар жүргізілуде: Көшбасшылықты дамыту; Корпоративтік мәдениетті дамыту; HR құзыреттерін дамыту.
Электр энергиясы мен көмірді экспортқа шығарудың жаңа бағыттарын бағалау • Электр энергиясы мен көмірді өткізудің әлеуетті нарықтарының қажеттілігіне мониторинг жасау шеңберінде Түркия, Тәжікстан, Пәкістан, Беларусь Республикасының нарығына талдау жүзеге асырылды	**Компанияның қаржылық тұрақтылығының артуы** • Қоғам кредиторларының барлық қаржылық ковенанттары сақталады. Fitch Ratings халықаралық агенттігі Компанияның ұзақ мерзімді рейтингін BB деңгейінде «Тұрақты» болжаммен растады, сондай-ақ дербес рейтингін «b» – дан «b+»- ке дейін көтерді	**«Қуаты 50 МВт Ерейментау қ. аумағындағы жел электр станциясының құрылысы» жобасын іске асыру** • Құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды	
Сыртқы нарықтарда электр энергиясы мен көмірді өткізуді ұлғайту • Экспорт Өзбекстан Республикасы мен Қырғызстанға 859 млн кВт*с электр энергиясы экспорттады. Ресейге жасалған көмір экспорты 10 млн тоннаны құрады	**Компанияның трансформация бағдарламасын жүзеге асыру** • Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асырудың Жол картасы бойынша барлық жоспарланған іс-шаралар мерзімінде орындалды	**«Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт дейін кеңейтілетін қуаты 60 МВт ЖЭС салу» жобасын іске асыру** • Құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, жабдықтарды жеткізу іске асырылуда	

БИЗНЕСТІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Цифрлық трансформациялау бағдарламасының 4 жоба мен 13 іс-шараны қамтыған Жобалар және іс-шаралар портфелін (Портфель) іске асыруды жалғастыруда, және 2025 жылға қарай 27,5 млрд теңге мөлшеріндегі таза пайдаға қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Жоба/іс-шара атауы	Статусы	2020 жыл қорытындысы
АРЧМ енгізу (жоба)	Іске асыру процесінде	• «ЕГРЭС-1» ЖШС және «МГЭС» АҚ станцияларына жабдықтарды ішінара жеткізу жүргізіліп, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жоба бірыңғай диспетчерлік басқару желісіндегі реттеуге қатысу арқылы қосымша табыс көзін алу мақсатында жиілік пен қуатты реттеуді автоматтандыруға бағытталған. Жобаның 2021–2025 жылдар аралығында күтілетін пайдасы 4, 95 млрд теңге.
Біріктірілген жоспарлау жүйесі (жоба)	Жүйе енгізілді, жоба «Мониторинг» сатысында	• 2020 жылы «ЕГРЭС-1» ЖШС-де баламалы отынның (УРУТ) тұтыну нормасы 13,51 г/кВт*с-қа, «СЕГРЭС-2» АҚ-да 8,30 г/кВт*с-қа төмендетілді, сонымен қатар «ЕГРЭС-1» ЖШС-де технологиялық суға шығыны да оңтайландырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 1,04 миллиард теңгенің таза пайдасына қол жеткізілді. Жобаның 2020 жылдан 2024 жылға дейінгі жоспарланған пайдасы 6 миллиард теңгені құрап отыр.
Кешенді қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделін енгізу (жоба)	Іске асыру процесінде	• 2020 жылдың 15 желтоқсанында «СЕГРЕС-2» АҚ және «ПВЭС» ЖШС нысандарында жобаның екінші толқыны сәтті аяқталды. 6 жаңа стандарт енгізіліп, жауапты тұлғалар үшін ПҚК белгіленді, 1500-ден астам қызметкер оқытылды, қызметкерлерді еңбекті қорғау мәселелеріне тарту күшейтілді және лауазымдық нұсқаулықтар жаңартылды. • «Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҮ-ларында (жоба жүзеге асырылған нысандарда) ӨҚ және ЕҚ және ҚОҚ басқарудың бірыңғай ұйымдық құрылымы жұмыс істей бастады. • 2021 жылдың аяғына дейін – «АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ, «SGE» ЖШС-де жобаның үшінші толқынын жүзеге асыруды аяқтау жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру шеңберінде жоба іске асырылғаннан кейін үш жыл ішінде жарақат алу деңгейін 30%-ға төмендеуіне қол жеткізу жоспарланып отыр.
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару және қамтамасыз ету жүйесін енгізу (жоба)	Іске асыру процесінде, жоба «Мониторинг» сатысында	• Еншілес және бағынысты ұйымдардың IT-мамандары ақпараттық қауіпсіздік проблемаларын шешу тәсілдері, киберқауіптерге қарсы тұру, орын алған ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен кемшін тұстарын тіркеу және Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығымен өзара әрекет ету мәселелері бойынша оқытылды. Іс-қимылды бастау мерзімі туралы бұйрықпен ҮО-да және ЕБҮ-ларда: «ЕГРЭС-1» ЖШС; «ШГЭС» АҚ; «МГЭС» АҚ; «АлЭС» АҚ; «АЖК» АҚ; «ЕГРЭС-2» АҚ; «АЭС» ЖШС; «ESC» ЖШС ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі іске қосылды.
Жобаларды (бастамаларды) портфельдік басқаруды енгізу 3 іс-шараны қамтиды: • Бизнес-бастамалар портфелін басқарудың мақсатты процестерін жаңарту және енгізу • Бизнес-бастамалар мен инвестициялық жобалар портфелін басқаруға арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу/жаңарту • Бағдарламалар/жобалар портфелін басқару офисін құру	Аяқталды	• Қоғамның Жобалар мен іс-шаралар портфелінің құрылымы анықталды (бұдан әрі – Портфель), Қоғамның Жобалар мен іс-шаралар портфелі мен оның компоненттерін басқарудың әдістемелік негіздері әзірленді, және Қоғам Портфеліндегі жобалар мен іс-шараларды жасақтау, теңгерімдеу және бақылау жасауға жауапты құрылымдық бөлімше анықталды. Егер бұрын жобалық басқару тәсілдері әр түрлі болса, қазір олар тұтас бір процестің құрамдас бөліктері болып табылады.

Жоба/іс-шара атауы	Статусы	2020 жыл қорытындысы
Көшбасшылықты дамыту	Іске асыру процесінде	• Директорлар кеңесінің шешімімен CEO, CEO-1 қызметкерлері үшін жеке даму жоспарлары әзірленді және бекітілді.
Корпоративтік мәдениетті дамыту	Іске асыру процесінде	• Компанияның құндылықтары туралы үздік бейнеролик конкурсы өткізілді, Бизнесті трансформациялау офисімен бірге өзгерістер агенттерінің жұмыс тұжырымдамасы әзірленді.
HR құзыреттерін дамыту	Іске асыру процесінде	• Сараптау орталығы құрылып, «HR бизнес-серіктес» лауазымы енгізілді.
Yellow Pages қағидаттарын іске асыру	Аяқталды	• IT-қызметтерін бәсекелес ортаға шығару бойынша жол картасы әзірленді.
IT шығындарын оңтайландыру	Аяқталды	• IT саласының тұрақты пайдалану шығындарын оңтайландыру жоспары жүзеге асырылды.
Компанияның сатып алу қызметін және диагностика жүргізуді басқару әдістемесін әзірлеу	Аяқталды	• «Самұрық-Энерго» АҚ Сатып алу қызметін басқару ережелері әзірленіп, Басқарма тарапынан бекітілді.

2020 жылы трансформация командасы бизнес тиімділігін арттыруға бағытталған идеялар мен ұсыныстарды іздестіру мақсатында еншілес және бағынысты ұйымдармен, «Самұрық-Энерго» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен ауқымды жұмыс жүргізді. Осы жұмыс нәтижесінде Жобалар мен іс-шаралар портфелі жаңартылып, 2020 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесінде мақұлданды. Портфельде қамтылған 7 жоба мен 12 іс-шараның бюджеті 3,5 млрд теңгені құрады, ал болжамды пайдасы 15,8 млрд теңгеге бағаланды.

Портфельге: «Қазандық агрегаттарын мазутсыз тұтандыру жүйесін енгізу (Плазматрон)»; «Қауіпсіз өндіріс»; «Деректерді талдау арқылы желілердегі коммерциялық шығындарды талдау» секілді жобалар енгізілді. Сонымен қатар: «Мастер деректерді басқару процесін енгізу»; «ЖЭО-3-те газбен жұмыс істейтін қазандықтарды жағуды ұйымдастыру»; «Тұрақты жақсарту процесін жетілдіру»; «Корпоративтік менеджмент жүйесін жетілдіру»; «ЖЭК электр энергиясын сатып алу моделін жетілдіру»; «Автоматтандырылған медициналық тексеріс жүйесін енгізу»; «АЭС» ЖШС электр энергиясын тұтынушыларына арналған онлайн-қызметтерді енгізу»; «Жеткізушілер» бастамасымен жобаларды әзірлеу үшін сатып алу қызметін диагностикалау» іс-шаралар қамтылды.

2020 жылы «АЭС» ЖШС заңды тұлғаларына онлайн-қызметтерді енгізу» іс-шарасы басталды. Осы іс-шараның арқасында Алматы қаласы мен Алматы облысының заңды тұлғалары онлайн-режимде барлық қажетті ақпаратты алып, есептесулер жүргізе алады. 2025 жылға дейін кем дегенде 15 мың заңды тұлғаны онлайн-қызметке ауыстыру жоспарланып отыр.

«АЛЭС» АҚ мен «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-да «Автоматтандырылған медициналық тексеріс жүйесін енгізу» іс-шарасы (пилоттық форматта) аяқталды. Іс-шара нәтижесі бойынша «АлЭС» АҚ аппараттық-бағдарламалық жасақтама кешенін сатып алды, бұл кешен қызметкерлерге бір минут ішінде зерттеуден өтіп, өзінің сол сәттегі физикалық жағдайы туралы толық ақпарат алуға және жұмысқа кірісуге рұқсат алуға мүмкіндік береді.

Алдын ала берілген деректер бойынша, 2020 жылы Цифрлық трансформация бағдарламасы бойынша таза пайда 4,42 млрд теңгені құрады, жылдық жоспары 3,31 млрд теңге болғандықтан, орындалуы 133% құрады. Жобалар мен іс-шаралардың негізгі нәтижелерін қамтитын Цифрлық трансформация бағдарламасының Жол картасын іске асыру 100%-ды құрап отыр. Бизнесті трансформациялау бағдарламасының Жобалар портфелін жаңарту мақсатында бизнес бастамаларды жинақтау және талдау жұмыстары жалғаса бермек.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ **СЕНІМДІЛІК**

Энергетикалық саланы реттеуді мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Уәкілетті орган нысанындағы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде электр энергетикасы саласында басшылық жасайды.

Уәкілетті орган нысанындағы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде ЖЭК саласына басшылық жасайды.

Мемлекеттік орган нысанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, табиғи монополиялар салаларында, о.і. электр энергиясын беру, жылу энергиясын өндіру, жеткізу, үйлестіру және қамтамасыз ету бойынша реттелетін қызметтерге қатысты мемлекеттік саясатты іске асырады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес көмір өнеркәсібі саласына басшылық жасайтын мемлекеттік орган болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ

2020 жылы ҚР электр станцияларының белгіленген қуаты 23 547 МВт-ны құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 611 МВт-ға артық.

ҚР электр станцияларының қолда бар қуаты 20 039,1 МВт-ны құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 710 МВт-ға артық, о.і. Солтүстік аймақта – 336,6 МВт-ға, Батыс аймақта – 77,7 МВт-ға, Оңтүстік аймақта – 296,4 МВт-ға өсті.

Қазақстандағы электр энергиясын өндіру әсіресе жылу электр станцияларында жүзеге асырылды – 80,2%, су электр станциялары – 8,8%, ЖЭК үлесі шамамен 3%-ды құрады.

Солтүстік өңірде елде өндірілетін электр энергиясының 76,8%-ы өндіріледі. Мұнда негізгі көмір кен орындары мен су-энергетикалық ресурстары орналасқан. Электр энергиясының артылғаны энергия тапшы оңтүстік өңірге жеткізіліп, Ресей Федерациясына экспортталады.

Оңтүстік аймақ солтүстік аймақтан жеткізілетін қуат есебінен жабылатын электр энергиясының тапшылығымен сипатталады, мұнда электр энергиясын өндіру үлесі 10,7%-ды құрады.

Батыс аймақта электрді тұтынудың елеулі үлесін өздерінің өндіруші көздері бар мұнай-газ саласының кәсіпорындары құрады. Ел аумағы бойынша Батыстың Қазақстанның Солтүстігімен және Оңтүстігімен электр байланыстары жоқ.



Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2020 жылы Қазақстан Республикасының электр станциялары 108 086 млн кВт*с электр энергиясын өндірді, бұл 2019 жылдың осы кезеңдегі деректерімен салыстырғанда 1,9%-ға артық. Өндірудің ұлғаюы Қазақстан БЭЖ-інің барлық өңірлерінде байқалды.

*Қазақстанның ЖЭС және ГТЭС нысандарында электр энергиясын өндіру 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тиісінше 707,6 млн кВт*с (0,8%) және 552,1 млн кВт*с-қа (6,2%) ұлғайды.*

*Қазақстанның СЭС нысандарында электр энергиясын өндіру 439,1 млн кВт*с (4,4%) азайды. Станциялардың жұмыс режимі су шаруашылығы балансымен және гидрологиялық жағдаймен анықталды.*

Жүйелік оператордың деректері бойынша 2020 жылы республика бойынша электр энергиясын тұтыну бойынша 2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 2%-ға өсу байқалды. Мәселен, республиканың Солтүстік аймағында тұтыну 2%-ға, Оңтүстік аймақта 3%-ға және Батыс аймақта 1%-ға артты.

2020 жылдың есепті кезеңінде 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың ең жоғары өсімі Павлодар облысы бойынша 1 204,4 млн кВт*с (6%), Жамбыл облысы бойынша – 475,6 млн кВт*с (11%), Қарағанды облысы бойынша – 470,3 млн кВт*с (3%), Батыс Қазақстан облысы бойынша – 258,7 млн кВт*с (13%), мөлшерінде байқалды.

2019 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну динамикасы 2%-ға өсті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Солтүстік аймағында тұтыну 2%-ға, Батыс аймағында 1% және Оңтүстік аймақта 3% өсті.

Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясының көрсеткіштері, млн кВт*с

№	ҚР бойынша көрсеткіштер	2018 ж.	2019 ж.	Δ 2019/ 2018	2020 ж.	Δ 2020/ 2019
1.	**Э/э тұтыну**	103 228,3	105 193,1	2%	107 344,8	2%
2.	**Э/э өндіру, о.і.:**	106 797,1	106 029,8	0,9%	108 085,8	1,9%
	ЖЭС	86 795,1	85 955	0,9%	86 662,6	0,8%
	ГЖЭС	9 119,3	8 975,6	0,9%	9 527,7	6,2%
	СЭС	10 343,0	9 984,9	0,9%	9 545,8	–4,4%
	ЖЭС	400,5	701,9	75%	1 094,1	55,9%
	КЭС	137,9	409,4	197%	1 250,7	205,5%
	БГҚ	1,3	3	131%	4,9	63,3%
3.	**Сальдо-ағын «+» тапшылық, «-» артықшылық о.і.:**	–3 568,8	–836,7	23,4%	–741	88,5%
	Ресей	–3 566	–3 057,8	–85,7%	123,1	–0,0004%
	Орталық Азия	–2,8	–962,4	–34 371%	–864,1	0,009%

ҚР ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, млрд кВт*с



ҚР ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, млрд кВт*с



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ЭКСПОРТЫ-ИМПОРТЫ

2020 жылы Қазақстандағы электр энергиясын экспорттау-импорттау бағыты Ресей Федерациясы болды (Ресей Федерациясына экспорт – 1 105,9 млн кВт*с, Ресей Федерациясынан импорт – 1 240,6 млн кВт*с).

«KEGOC» АҚ-да – электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу мақсатында 1 065,6 млн кВт*с өндірілді. Есепті кезеңде 982,3 млн кВт*с көлемінде РФ-дан электр энергиясын импорттау электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу мақсатында жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы электр энергиясының экспорты-импорты, млн кВт*с

Атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	Δ 2019/2018 жж.	
				млн кВт*с	%
Қазақстанның экспорты	**4 882,4**	**2 189,5**	**–1 968,7**	**2 405,6**	**–55,0**
Ресейге	4 876,3	1 273,6	–1 105,9	3 262,2	–74,7
ЕГРЭС-1	3 758,0	0,0	0,0	3 247,1	–100,0
«Севқазэнерго» АҚ	68,7	58,0	–40,3	28,9	–41,8
«КЭЛ» ЖШС	0,0	0,05	–1 065,6	–13,8	1,3
«KEGOC» АҚ (теңгерімделген нарық)	1 049,6	1 215,6	–862,8	–856,6	1 4016,3
Орталық Азияның БЭЖ-іне	**6,1**	**962,4**	**–806,6**	**–806,6**	
ЕГРЭС-1	0,0	966,6	–3,7	2,5	–40,1
«Қырғызстан ҮЭЖ» ААҚ үшін «KEGOC» АҚ	6,1	3,7	–52,5	–52,5	
Қазақстанның импорты	**1 313,6**	**1 415,0**	**1 555,4**	**238,9**	**18,1**
Ресейден	1 310,2	1 407,1	1 240,6	–72,6	–5,5
«ИНТЕР РАО» ЖАҚ	291,7	268,4	258,3	–31,5	–10,9
«ИНТЕР РАО» ЖАҚ (сатып алу шарты) (ТЭН)	1 018,6	1 138,6	982,3	–41,1	–4,0
Орталық Азияның БЭЖ-інен	**3,3**	**7,9**	**314,8**	**311,5**	**9331,5**
«Қырғызстан ҮЭЖ» ААҚ үшін «KEGOC» АҚ	3,3	7,9	302,6	299,3	8966,1
Сальдо-ағын «+» тапшылық, «-» артықшылық	**–3 568,8**	**–836,7**	**–741**	**95,7**	**88,5**

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕС ОРТА

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіруші компанияларының бәсекелес ортаға электр энергиясын өндіру көлемі 2020 жылы 75,8 млрд кВт*с құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда (52,9 млрд кВт*с) 1,2 млрд кВт*с аз.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның неғұрлым ірі бәсекелестерінің 2020 жылғы көтерме нарықтағы электр энергиясын өндіру үлесі, млрд кВт*с



Қазақстанның ірі өндірушілерінің электр энергиясын өндіруі, млн кВт*с

№	Атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	Ауытқу	ҚР-дағы үлесі, %
1	«Самұрық-Энерго» АҚ	31 703	30 200,3	31 385,4	1 185,1	29
2	ERG	19 573,9	18 545,0	18 856,2	–176,1	17,4
3	ОАЭК	7 025,7	7 032,8	7 035,4	2,6	6,5
4	«Қазмырыш» ЖШС	3 271,6	3 093,2	2 941,3	–151,9	2,7
5	«Қазақмыс Энерджи» ЖШС	6 437,0	7 443,6	7 267,5	–176,1	6,7
6	«ККС» ЖШС	6 376,8	6 645,4	6 445,7	–199,7	6,0
7	«Жамбыл ГРЭС» АҚ	1 792,4	1 878,8	1 809,1	–69,7	1,7

2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында «Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 31 385,4 млн кВт*с құрады немесе 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,9%-ға артты.

Сонымен қатар, негізгі бәсекелестер – «Қазақмыс Энерджи» ЖШС бойынша аталған көрсеткіш 6,7%-ды, ККС – 6%-ды, ERG – 17,4%-ды құрады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ САЛАСЫНДА

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2020 жылы 31,385 млрд кВт*с құрады. «Самұрық-Энерго» АҚ электр станцияларының электр энергиясын өндіру үлесі Қазақстан БЭЖ-і бойынша электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінде 29%-ды құрады және 2019 жылмен салыстырғанда 0,5%-ға артты.

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру динамикасы, млрд кВт*с



2020 жылғы ҚР бойынша электр энергияны жалпы өндірісіндегі «Самұрық-Энерго» АҚ үлесі



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік көрсеткіштері (өндірушілерге бөлгенде)

ЕТҮ атауы	2018 ж. (нақты)	2019 ж. (нақты)	2020 ж. (нақты)	2019 ж. 2020 ж. ауытқу	2021 ж. (болжам)	2022 ж. (болжам)
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВт*с						
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 599,1	5 397,4	5 335,1	99%	5 343,0	5 343,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	19 121,6	18 301,5	19 466,4	106%	19 295,7	20 172,3
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	5 436,5	4 928,5	4 974,2	101%	5 818,9	5 819,0
«Шардара СЭС» АҚ	348,7	464,8	513,5	110%	596,0	596,0
«Мойнақ СЭС» АҚ	1 036,1	951,5	929,5	98%	906,0	906,0
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,2	3,3	7,4	221%	20,8	20,7
«БЖЭС» ЖШС	157,9	153,3	159,4	104%	166,5	166,5
EWP						215,0
«Энергия Семиречья» ЖШС					61,0	243,8
Барлығы	**31 703,1**	**30 200,3**	**31 385,4**	**104%**	**32 207,7**	**33 482,3**
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВт*с						
«Алматы электр станциялары» АҚ	4 891,7	4 725,4	4 689,1	99%	4 777,6	4 767,9
«ЕкібастұзГРЭС-1» ЖШС	18 340,0	17 642,5	19 001,0	108%	18 332,2	19 173,8
о.і. экспорт	3 758,0	966,6	859,2	89%	1 500,0	500,0
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	5 160,8	4 689,5	4 809,3	103%	5 660,3	5 684,5
«Шардара СЭС» АҚ	344,6	466,2	521,3	112%	607,8	607,8
«Мойнақ СЭС» АҚ	1 034,4	952,3	943,7	99%	929,8	924,3
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,1	3,2	7,2	222%	20,0	19,9
«БЖЭС» ЖШС	157,5	152,9	159,1	104%	166,1	166,1
EWP						212,9
«Энергия Семиречья» ЖШС					54,4	217,7
Барлығы	**29 932,2**	**28 632,1**	**30 130,6**	**105%**	**30 548,0**	**31 774,8**
Қуатты сату көлемі, МВт						
«Алматы электр станциялары» АҚ		817,4	872,1	107%	850,0	850,0
«ЕкібастұзГРЭС-1» ЖШС		501,9	1 556,4	310%	1 827,0	2 187,3
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ		846,8	743,3	88%	625,0	635,0
«Шардара СЭС» АҚ		41,6	57,2	137%	61,0	61,0
«Мойнақ СЭС» АҚ		280,9	285,7	102%	298,0	298,0
Барлығы		**2 488,6**	**3 514,7**	**141%**	**3 661,0**	**4 031,3**
Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВт*с						
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	6 796,0	6 961,3	6 837,8	98%	6 880,0	6 887,0
Барлығы	**6 796,0**	**6 961,3**	**6 837,8**	**98%**	**6 880,0**	**6 887,0**
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВт*с						
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	5 904,3	6 218,2	6 055,5	97%	6 100,0	6 106,0
Барлығы	**5 904,3**	**6 218,2**	**6 055,5**	**97%**	**6 100,0**	**6 106,0**
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал						
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 616,9	5 024,5	5 596,4	111%	5 198,5	5 198,5
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	78,6	82,8	66,9	81%	76,0	76,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	59,9	132,3	155,4	117%	307,3	307,3
Барлығы	**5 755,4**	**5 239,6**	**5 818,7**	**111%**	**5 581,8**	**5 581,8**
Көмір сату көлемі, млн тонна	**45,2**	**44,7**	**43,4**	**97%**	**42,0**	**43,0**

2020 жылы **электр энергиясын өндіру көлемі** 31 385,4 млн кВт*с құрады (2019 ж. қарағанда 1 185,1 млн кВт*с немесе 4%-ға жоғарылады). Көлемдердің негізгі ұлғаюы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС өндіру көлемінің 1 164,9 млн кВт*с өсуі нәтижесінде болды.

СЭС өндіру көлемінің 116,6 млн кВт*с төмендеуі «Мойнақ СЭС» АҚ, Қапшағай СЭС су ағындылығының төмендеуі есебінен болды, бұл ретте «Шардара СЭС» АҚ бойынша өсу № 3 гидроагрегаттарды пайдалануға енгізумен байланысты.

ЖЭС, ЖЭО-да электр энергия өндіру көлемі, млн кВт*с



СЭС, ЖЭК, КЭС-терде электр энергия өндіру көлемі, млн кВт*с



Алдағы кезеңге болжам:

2021 жылға арналған болжам бойынша **электр энергиясын өндіру көлемі** 2020 жылғы мәліметтерге қарағанда біртіндеп өседі деген болжам жасалып отыр. 2022 жылы электр энергиясын өндіру көлемін 1 274,6 млн кВт*с-қа ұлғайту негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын өндіру көлемінің өсуі есебінен болады деген болжам жасалды.

2020 жылы **жылу энергиясын өндіру көлемі** 5 818,7 мың Гкал құрады, 2019 жылғы көлемге қарағандағы өсім (579,1 мың Гкал немесе 11%-ға ұлғайды) негізінен «Алматы электр станциялары» АҚ жылу энергиясын өндіру көлемінің 572 мың Гкал немесе 11%-ға ұлғаюы есебінен болды.

Жылу энергиясын өндіру көлемінің өзгеру динамикасы, мың Гкал



Алдағы кезеңге болжам:

2021 жылға арналған жоспарда **жылу энергиясын өндіру көлемі** негізінен «Алматы электр станциялары» АҚ жылу энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі есебінен 2020 жылға қарағанда 4,1%-ға азаяды деген болжам жасалып отыр.

Электр энергиясын жеткізу көлемі – 6 838 млн кВт*с құрады, 2019 жылғы деңгейге қарағанда азайды (124 млн кВт*с-қа төмендеді). COVID-19 пандемиясына сай орын алған елдегі төтенше жағдайға байланысты Алматы өңірінде тұтынудың азаюы салдарынан «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға электр энергиясын жеткізу көлемі төмендеді.

Желілердегі электр энергиясын жеткізу және шығын көлемі

Алдағы кезеңге болжам:

Электр энергиясын жеткізу және тарату көлемі бойынша 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 1%-ға өсім күтілуде.

Есепті кезеңде энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда **электр энергиясын өткізудің жалпы көлемі** 6 056 млн кВт*с құрады, бұл 2019 жылғы фактіден 163 млн кВт*с немесе 3%-ға аз. Көрсеткіштің төмендеуі Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінің енгізілуі кезеңінде 2020 жылғы наурыздан бастап қала және облыс кәсіпорындары жұмысының тоқтатылуымен байланысты болды.

Атауы	Нақты 2019 ж.	Нақты 2020 ж.	Ауытқу	%
«АлматыЭнергоСбыт»				
Тұтынушылар саны, о.і.:	**844 234**	**869 680**	**25 546**	**103**
Халық	811 295	835 509	24 214	103
Заңды тұлғалар	32 939	34 171	1 332	104
Сату көлемі, млн кВт*с	**6 218**	**6 056**	**–163**	**97**

Алдағы кезеңге болжам:

2021 жылға арналған болжамда **электр энергиясын өткізу көлемі** 2020 жылғы көрсеткіш деңгейінен 1 %-ға ұлғаймақ.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректері бойынша Қазақстанда ЖЭК пайдалану нысандарындағы электр энергиясын өндіру көлемі 2020 жылы 3,15 млрд кВт*с құрады немесе 2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 76,2 %-ға өсті.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ЖЭК пайдалану негізінде 115 нысан жұмыс істейді.

2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда ірі және шағын СЭС нысандарында электр энергиясын өндіру көлемінің төмендегені байқалады, ал ЖЭС, КЭС және БМУ объектілері электр энергиясын өндіруді арттырды.

Жалпы, ҚР бойынша электр энергиясын өндірудің ұлғаюы ЖЭС пен ГТЭС өндірісінің ұлғаюына, сондай-ақ ЖЭК-тің жаңа қуаттарының іске қосылуымен байланысты болып отыр.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсанында «Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК объектілері (КЭС, ЖЭС, шағын СЭС) бойынша электр энергиясын өндіру 335,8 млн кВт*с-ын немесе ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясының жалпы көлемінің 10,8 %-ын құрады, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2 % -ға төмен (2019 жылдың қаңтар-желтоқсанда Қоғам ЖЭК-терінің электр энергиясын өндіруі 342,5 млн кВт*с құрады, ал Компанияның ЖЭК үлесі 17,8 %-ды құрады).

2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Компанияның «таза» электр энергиясын (КЭС, ЖЭС, шағын және ірі СЭС) өндірудегі үлесі 2019 жылдың сәйкес кезеңімен (3 046,2 млн кВт*с) салыстырғанда 21,7 %-ға (2 386,2 млн кВт*с) төмендеді.

ҚР бойынша ЖЭС электр қуатын өндірудегі «Самұрық-Энерго» АҚ үлесі



№	Атауы	2019 ж.		2020 ж.		Ауытқу 2020/2019 жж.	
		қаңтар-желтоқсан	ҚР-дағы үлесі, %	қаңтар-желтоқсан	ҚР-дағы үлесі, %	млн кВт*с	%
1	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның «таза» электр энергиясын өндіруі (ЖЭК + Ірі СЭС-тер)	3 046,2	32,0	2 386,2	27,1	–660,0	–21,7 %
2	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның «таза» электр энергиясын өндіруі (Ірі СЭС-терді есепке алмағандағы ЖЭК-лер) оның ішінде:	342,5	17,8	335,8	10,8	–6,7	–2,0
	«АлЭС» АҚ-ның шағын СЭС каскады	190,9	9,9	165,6	5,3	–25,3	–13,3
	«Samruk-Green Energy» ЖШС 2 МВт КЭС	3,2	0,2	3,8	0,1	0,6	18,8
	«Samruk-Green Energy» ЖШС 5 МВт Шелек ЖЭС		0,0	3,5	0,3	3,5	
	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС ЖЭС 45 МВт	148,4	7,7	162,9	5,2	14,5	9,8

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК-терінің электр энергиясын өндіру көрсеткіштерінің төмендеуі Қазақстанда ЖЭК-тің жаңа қуаттарын енгізу салдарынан ЖЭК-тің басқа объектілерінің электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ҚУАТ НАРЫҒЫНА ҚАТЫСУЫ

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ электр станциялары «КОРЭМ» АҚ сауда алаңында өткізілетін электр қуатының сауда-саттығына қатысты.

2020 жылғы 18 қарашада өткен қуаттың орталықтандырылған сауда-саттығы қорытындылары бойынша Компанияның электр станциялары айына 590 мың теңге/МВт бағамен 3 128,9 МВт электр энергиясын сатты, оның ішінде:

- «ГРЭС-1» ЖШС – 1 653,91 МВт
- «ЕГРЭС-2» АҚ – 625 МВт
- «АлЭС» АҚ – 850 МВт

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңына сәйкес, «Мойнақ СЭС» АҚ мен «АлЭС» АҚ қуатқа жеке тарифтерді алды.

«Шардара СЭС» АҚ үшін қуат көлемі 61 МВт және «Мойнақ СЭС» АҚ үшін 298 МВт құрады. Қуатқа белгіленген жеке тарифтер салынып болған электр станциясына («МСЭС» АҚ) пайдаланылған қаржы қаражатын қайтаруды, сондай-ақ инвестициялық бағдарламалар («АлЭС» АҚ) үшін бұрын алған мақсатты қарызды қайта қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

КӨМІР НАРЫҒЫ

BP Statistical Review of World Energy деректеріне сәйкес, 2020 жылғы жағдай бойынша Қазақстан дәлелденген көмір қорының көлемі бойынша әлемде сегізінші орынға ие – 25,6 млрд тонна немесе жалпыәлемдік көмір қорының – 2,4%-ы.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, 2020 жылы еліміздегі көмір өндіру көлемі 109,2 млн тоннаны (көмір концентратын есепке алмағанда) немесе 2019 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 98%-ды (111 млн тонна көмір) құрады.

Қазақстанда энергетикалық көмір нарығы біршама бөлшектенген – ірі ойыншылар «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ мен «РУСАЛ» БК), «ЕЭК» АҚ («ERG»), «Шұбаркөл көмір» АҚ («ERG»), «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қаражыра» АҚ, «Ангренсор Энерго» ЖШС болып табылады.

№ р/с	Облыс	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	Δ, %
1	Павлодар	62 467,9	70 325,2	68 364,9	67 049,9	98
2	Қарағанды	35 909	34 987,3	34 217,1	33 614,6	98
3	Шығыс Қазақстан	6 867	8 290	8 157,7	8 388,8	103
ҚР бойынша барлығы		**105 964,9**	**113 703,4**	**111 083,2**	**109 227,6**	**98%**

Көмір сатудың жалпы сызбасы



Қазақстандағы «Богатырь Көмір» ЖШС-ның ірі тұтынушыларының арасында Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Петропавл, Павлодар, Степногор қалаларының энергия жүйелері, Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 бар.

Көмір алу үшін электр станциялары өз беттерімен Екібастұз станциясынан («Богатырь Көмір» ЖШС) белгіленген станцияға дейін көмір тасымалдауды ұйымдастырады, сол үшін көмір тасымалдауға вагон иелерін (операторларды) тартатын түрлі экспедиторлармен шарттар жасасады.

Биржа мәмілелерінің қорытындылары бойынша коммуналдық-тұрмыстық көмірді тиеу екі түрлі жолмен: теміржол және автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. Тұтынушылар ауылдық жергілікті жерлердегі ұсақ қазандықтар болып табылады, олар үшін Екібастұз көмірі төлқұжаттық отын болып табылады.

Көмір өндіру

2020 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның үлесі Қазақстанда өндірілетін барлық көмірдің 39,7%-ын, Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмір көлемінің 64,6%-ын құрады.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсанында «Богатырь Көмір» ЖШС 43 338 мың тонна көмір өндірді, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда (44 848 мың тонна) 3,4%-ға аз.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсанында 43 436 мың тонна көмір сатылды, оның ішінде:

- ҚР ішкі нарығына 33 378 мың тонна, бұл 2019 жылдың осы кезеңіне қарағанда 1,2%-ға аз (33 792 мың тонна);
- экспортқа (РФ) – 10 058 мың тонна, бұл 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 7,7%-ға аз (10 893 мың тонна).

Тұтынушыларға көмір сату

№ р/с	Компания	Сату көлемі, мың тонна			Δ, %
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2020/2019 жж.
1	«АлЭС» АҚ	3 299	3 338	3 291	101,4
2	«Қарағанды Энергоорталық» ЖШС	3 521	3 417	3 500	97,45
3	«Астана-Энергия» АҚ	3 640	3 779	3 837	106,5
4	«Павлодарэнерго» АҚ ПЖЭО-2, 3	3 289	3 004	2 494	70,7
5	«Степногор ЖЭО» ЖШС	984	986	950	96,4
6	«ЕГРЭС-1» ЖШС	11 559	10 937	11 553	105,6
7	«ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ	3 285	3 203	3 007	93,9
8	«Bassel Group LLS» ЖШС	605	622	539	86,6
9	«Севқазэнерго» АҚ	2 672	2 949	2 773	94,0
10	«Екібастұзжылуэнергия» ЖШС	513	499	481	96,4
11	«Көкшетау Жылу» ШЖҚ МКК	323	281	316	112,3
12	Комтұрмыс	1 519	775	637	82,2
ҚР ішкі нарығындағы барлығы		**35 572**	**33 378**	**98,8**	
13	Рефтинск ГРЭС-і	9 564	10 893	10 058	92,3
РФ-ға экспортқа барлығы		**9 587**	**10 058**	**92,3**	

2020 жылдың көрсеткіштері бойынша 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көмір сатудың 2,8%-ға төмендеуі байқалады.

«Богатырь Көмір» көмірін сату, мың тонна



Алдағы кезеңге болжам:

2021 жылға арналған болжамда **көмір сату көлемі** «Богатырь» кесігінде циклдық-ағындық технология объектілерін салу жобасын іске асыруға байланысты 1 436 мың тоннаға немесе 2020 жылға қарағанда 3%-ға азаяды. 2022 жылға арналған болжамда көмірді сату көлемі 2%-ға немесе 2021 жылға қарай 1 000 мың тоннаға ұлғаймақ.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ СЕНІМДІЛІК

МАҢЫЗДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ОҚИҒАЛАР

Күні	Оқиға
2020 ж.	2019 жылдың желтоқсанында алғаш рет Қытайдан жаңа вирустың пайда болғандығы туралы жаңалықтар айтыла бастады. 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 коронавирусының жаңа түрінің пандемиясын жариялады. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сәйкес ел аумағында 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2020 жылғы 11 мамырға дейінгі кезеңге төтенше жағдай енгізілді. Қазақстанның көптеген қалалары карантин режиміне көшті, сондай-ақ 2020 жылғы 30 наурыз бен 11 мамыр аралығында көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметі тоқтатылды. Пандемияға жауап ретінде қазақстандық билік COVID-19 індетінің таралуын болдырмау және әсерін тежеуге бағытталған көптеген шараларды жүзеге асыруда, мысалы, алыс сапарларға тыйым салу, карантин, іскерлік белсенділікке шектеулер және т. б. Бұл шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті елеулі түрде шектеп, жағымсыз әсер етуде, және де белгісіз уақыт кезеңінде бизнеске, нарық қатысушыларына, Қоғам клиенттеріне, сондай-ақ Қазақстан және әлемдік экономикаға жағымсыз әсерін жалғастыра бермек. Бұған қоса, 2020 жылғы 9 наурызда ОПЕК мүшелері мен басқа да ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы келіспеушіліктер аясында мұнай бағасы төмендеді, Brent маркалы мұнайдың құны 2020 жылғы наурызда барреліне 25 доллардан төмендеді. 2020 жыл басталғаннан бергі теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануы шамамен 10%-ды құрады. 31.12.2020 ж. жағдай бойынша Brent маркалы мұнайдың құны барреліне 51,80 АҚШ долларын құрап отыр, баға одан әрі өседі деген болжам бар. Қазіргі уақытта жағдай одан әрі күрделене түсуде. Бұған қоса Компанияның пайда түсімі мен жеткізіліміне қатысты да айтарлықтай нәтиже байқала қойған жоқ. Топта электр энергиясын өндіру көлемі 2020 жылы 31,4 млрд кВт*с құрады, бұл жоспардан 3%-ға және өткен кезеңдегі көрсеткіштерден 4%-ға жоғары. Өткен жылға қарағанда өндіріс көлемі ұлғаюының негізгі факторы ҚР солтүстігі мен оңтүстігінде электр энергиясын тұтынудың 2,3%-ға өсуі болып табылады. Сондай-ақ, топтың ҚР-да электр энергиясын өндірудегі үлесі 2020 жылдың нәтижесі бойынша 29%-ды құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2%-ға жоғары. 2020 жылы түсім 283 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 16%-ға жоғары. Топтың EBITDA көрсеткіші 99,7 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 21%-ға жоғары. Өткен жылмен салыстырғанда түсім мен EBITDA өсімінің негізгі драйвері электр энергиясына тарифтер мен өндіру көлемінің өсуі болып табылады. Осындай жағдайда болашақтағы ахуалды болжау қиын. Қоғам жоғарыда көрсетілген оқиғалардың ықтимал әсерін қадағалауды жалғастырып, бизнеске әсер етуі мүмкін теріс салдарларды алдын алу үшін, мынадай барлық қажетті шараларды іске асырмақ: COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтап қалу/карантин салдары жалпы іскерлік белсенділіктің баяулауына әкелмек, бұл болашақта «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін; ОПЕК мүшелері мен басқа да ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы жаңа уағдаластықтар аясында Қазақстан мен Ресей өндіру деңгейін қысқарту бойынша міндеттемелер қабылдады; теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының одан әрі құнсыздануы Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етеді. Десек те, Компанияның қаржылық тұрақтылығына оң әсер ететін жайттар да болды: ҚР ЭМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен 2021 жылдан бастап қолданысқа енгізіле отырып, электр энергиясына тарифте ескерілетін тіркелген пайданы айқындау әдістемесі бекітілді, бұл өзіндік құнды толық жабудан басқа, ЭӨҮ электр энергиясын өткізуден рентабельділік алуға мүмкіндік береді.
1 қаңтар 2020 ж.	Қарыз қаражатын тарту арқылы ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асырып жатқан ЕТҰ үшін 2019 жылы ҚР ЭМ-мен инвестициялық келісімдер жасалды және қуатқа жеке тарифтер бекітілді. «АлЭС» АҚ және «ШГЭС» АҚ үшін тарифтер 01.01.2020 ж. бастап қолданысқа енгізілді, ал «ШарГЭС» АҚ үшін тарифтер 01.03.2020 ж. бастап енгізілді.
30 қаңтар 2020 ж.	Инвестициялық бағдарламаларды қарауға жіберу қағидаларына сәйкес (ЭМ 28.11.2017 ж. № 416 Бұйрығы) «Қуаты 500 МВт № 1 Энергия блогын қалпына келтіру» жобасына қатысты инвестициялық келісім жасасу мақсатында ЕГРЭС-1 Нарық кеңесінің қарауына тиісті инвестициялық бағдарламаны жіберді. Нарық кеңесінің инвестициялық бағдарламаны уәкілетті органда одан әрі қарауға оң ұсынымы алынды.
21 мамыр 2020 ж.	«Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату, қаржы-есеп айырысу орталығының электр энергиясының тиісті үлесін күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша білікті шартты тұтынушыға қайта есептеу және қайта бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер енгізілді. Өзгерістер ЖЭК объектілеріне Қағидалардың 106-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді «ЕҚО» ЖШС алдындағы міндеттемелерді орындамауды болдырмау шеңберінде өтініш берушінің өтінішіне сәйкес (еркін нысанда) күнтізбелік 1 жылдан аспайтын мерзімге бір рет ұзартуға мүмкіндік береді.

Күні	Оқиға
22 мамыр 2020 ж.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен жаңа «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесі» бекітілді. Әдістемеде «өтпелі кезең» қарастырылған, оның барысында тіркелген пайда 2019 жылы электр энергиясын өндіруге жұмсалған шығындарға сүйене отырып есептеледі және 11,79% деңгейінде белгіленеді. RAB-реттеуге толыққанды көшу 01.01.2021 ж. бастап жүзеге асырылады.
17 маусым 2020 ж.	«Инвестициялық бағдарламаларды қарауға, қарауға және іріктеуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 416 бұйрығына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес инвестициялық келісімдер шеңберінде инвестициялардың жол берілетін көлемі 10%-дан 30%-ға дейін ұлғайтылды (заттай көрініс те 10-нан 30 млрд теңгеге дейін), бұл өндіргіш қуаттарды жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға салаға инвестициялардың құйылуына ықпал етеді.
18 маусым 2020 ж.	«ГРЭС-1» ЖШС мен «Қазақстан Халық банкі» АҚ арасында несиелік желіге рұқсат беру туралы келісімге қосымша келісім жасасу арқылы несиелік лимит 38 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.
22 маусым 2020 ж.	«Шардара СЭС» АҚ Еуропалық Қайта Құру және даму банкінен ағымдағы өтімділік коэффициентін мерзімсіз жоюға келісім-хат (waiver) алды.
26 маусым 2020 ж.	Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі қоғамның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді несиелік рейтингтерін «BB» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты»; шетелдік валютадағы қысқа мерзімді несиелік рейтинг «B» деңгейінде; Ұлттық ұзақ мерзімді рейтинг «A+(kaz)» деңгейінде, болжам «Тұрақты». Агенттік сондай-ақ Қоғамның несие төлеу қабілеттілігін дербес негізде бағалауды «B» деңгейінен «B+» деңгейіне дейін, Қоғамның шетелдік және ұлттық валютадағы басымдылық қамтамасыз етілмеген рейтингтерін «BB-»деңгейінен «BB» деңгейіне дейін және Ұлттық басымдылық қамтамасыз етілмеген рейтингін «A-(kaz)» деңгейінен «A+(kaz)» деңгейіне дейін көтерді.
29 маусым 2020 ж.	ҚР Энергетика министрлігі станциялар үшін электр энергиясының 01.07.2020 ж. бастап қолданысқа енгізілген шекті тарифтерін жариялады. «ЕГРЭС-2» АҚ және «АлЭС» АҚ ЕТҰ-лары үшін тарифтер 18%-ға өсіріліп бекітілді. «ЕГРЭС-1» ЖШС үшін тарифтің өсуі 0,7%-ды құрады. «МГЭС» АҚ үшін тариф қолданыстағы деңгейде сақталды. Ал «ШарГЭС» АҚ үшін тариф 7,1%-ға төмендеді. Станциялардағы шекті тарифтердің өсуін ескере отырып, ЕТҰ – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС 24.07.2020 ж. ТМРЕМ-ге 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап электрмен жабдықтау тарифінің ұлғаюын келісуге өтінім-хабарлама берді. Жобаланатын тариф 19,38 теңге/кВт*с (қолданыстағы тарифке қарағанда 13,2% өсіммен) құрайды.
19 тамыз 2020 ж.	Тепе-тең акционерлері «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылатын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жалпы сомасы шамамен 100 млрд теңгеге шетел валютасындағы барлық міндеттемелерді қайта қаржыландырды. Осылайша, станция валюталық тәуекелдерді толық көлемде нивелирледі, кепілзатты босатты, ілеспе шығыстарды оңтайландырды.
27 тамыз 2020 ж.	2021 жылғы 29 қыркүйекке дейін «ГРЭС-1» ЖШС-нің «Сбербанк России» АҚ ЕБ несиелік желісі ұзартылды.
6 қараша 2020 ж.	Алматы қаласы бойынша ТМРБҚ 06.11.2020 ж. № 126-НҚ бұйрығымен АЖК үшін 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңге тарифтер бекітілді. 2021 жыл – 6,04 теңге/кВт*с; 2022 жыл – 6,42 теңге/кВт*с; 2023 жыл – 6,69 теңге/кВт*с; 2024 жыл – 7,10 теңге/кВт*с; 2025 жыл – 7,36 теңге/кВт*с.
18 қараша 2020 ж.	«КОРЭМ» АҚ Сауда алаңында 2021 жылға арналған электр қуатымен орталықтандырылған сауда-саттық өткізілді. Сауда-саттық қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ 2 768 МВт, оның ішінде АлЭС – 490 МВт, ЕГРЭС-2 – 625 МВт, ЕГРЭС-1 – 1 653,91 МВт сатты.
2020 ж. 12 ай	Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС құрылысы жобасын қаржыландыру мақсатында «Богатырь Көмір» ЖШС циклдық-ағындық технологиялар жобасын қаржыландыру мақсатында 43 млн еуро сомасына және 6,9 млрд теңге сомасына ЕАДБ қарыз қаражатын игеру жүзеге асырылды.
3 желтоқсан 2020 ж.	Инвестициялық бағдарламаларды қарауға рұқсат беру қағидаларына сәйкес (ЭМ 28.11.2017 ж. № 416 Бұйрығы) Энергетика министрлігі инвестициялық келісімдер жасалатын электр станцияларының тізіміне ЭГРЭС-1 станциясын «Қуаты 500 МВт № 1 Энергия блогын қалпына келтіру» жобасымен енгізді.
7 желтоқсан 2020 ж.	Мемлекет басшысы маневрлік қуаттар құрылысын ынталандыру, ЖЭК қолдауға толассыз тариф белгілеу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ЖЭК саласындағы қолданыстағы заңнамасын жетілдіру мақсатында әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздері мен электр энергетикасын пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.
14 желтоқсан 2020 ж.	Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық тұрақтылығын растап, несиелік тәуекелдің «жасыл» аймағын белгіледі.

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Өткен 2020 жыл COVID-19 вирусының әлемде, оның ішінде Қазақстан Республикасында да таралуы салдарынан орын алған жалпы қолайсыз экономикалық жағдаймен сипатталады. Halyk Finance сараптамалық есебіне сәйкес, 2020 жылдың 4-тоқсанында мұнайдың әлемдік бағасының өсуі, карантиндік шаралардың әлсіреуі, номиналды жалақының екі таңбалы өсуі және бизнестің шектеулерге бейімделуі арқасында экономикадағы жағдай жақсы жаққа бет бұра бастады.

Қазақстан экономикасы 2020 жылдың соңына қарай ЖІӨ деңгейінің жыл ішінде 2,1 % г/г деңгейіндегі ең аз мөлшерде қысқаруымен негізгі көрсеткіштердің жақсарғанын көрсетті. Жалпы алғанда 2020 жылы ЖІӨ 2,6 % г/г қысқарды, ал экономика соңғы екі онжылдықта алғаш рет рецессияға ұшырады.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша инфляция 2020 жылдың 4-тоқсанында бір жыл ішінде 2,6 % деңгейіне дейінгі ең жоғарғы деңгейге жетті, бұл ретте жылдық инфляция соңғы жылдардың көрсеткіштерінен едәуір асып түсті. Инфляциялық қысым себептеріне ұлттық валютаның әлсіреуі, мемлекеттік шығыстардың ұлғаюы (2019 жылғы ЖІӨ-нің 20 % деңгейіне қарағанда ЖІӨ-нің 24 % болуы) реттелетін тарифтердің өсуі (2019 жылғы 2.7 % қарағанда +3.5 %) және азық-түлік нарығындағы дүрлікпе негіз болды.

Жыл бойы реттеуші органдар сыртқы экономикалық конъектураның нашарлауына байланысты валюта нарығында белсенді саясат жүргізді, бұл ұлттық валюта бағамының одан әрі құлдырауын тоқтатуға мүмкіндік берді. Бір жыл ішінде ұлттық валюта 10,4 %-ға дейін әлсіреп, бір доллар бағасы 420,71 теңге болды, 2020 жылғы 4-тоқсанда 2,0 %-ға нығайды. 4-тоқсанда ұлттық валюта бағамын тұрақтандырудың негізгі факторы мұнай бағасының барреліне 26,5 %-ға, 51,8 долларға дейін өсуі болды.

Желтоқсан айында реттеуші өтімділікті басқару дәлізін +/-1,5 %-дан +/-1 %-ға дейін азайта отырып, базалық мөлшерлемені 9 % деңгейінде сақтап қалды. Базалық мөлшерлеменің негізгі параметрлері инфляция 5,3-5,4 % мөлшерінде болған дағдарысқа дейінгі деңгейге шықты. Ол кезде реттеуші ақша-несие шарттарын бейтарап деп белгіледі. Қазір инфляция 7,4-7,5 % деңгейінде қалыптасып, мөлшерлеме дағдарысқа дейінгі деңгейге сәйкес келген кезде, мұндай ақша-несие жағдайларын ынталандырушы деп сипаттауға болады (Halyk Finance дереккөзі).

Валюта бағамдарының өзгерісі:

	31.12.2019 жыл	31.12.2020 жыл	%
KZT/USD	381,18	420,71	110
KZT/EUR	426,85	516,13	121
KZT/RUB	6,17	5,65	92



ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғамның 2020 жылғы Электр энергетикасы және көмір салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы шоғырландырылған есепті жасау кезінде бірыңғай ұстанымды сақтау мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан басқа, қолданыстағы есепке алу саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құн бойынша, яғни қайта бағалау есепке алынбай жүргізіледі. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, шоғырландырылған теңгерімде үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Forum Muider B.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымдары алып тасталды, осы компаниялардағы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның иелену үлесі 50%-ды құрайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайданың үлесі «ұйымдардың үлестік қатысу және инвестициялардың құнсыздануы әдісі бойынша ескерілетін пайдасының/залалының үлесі» бабында көрсетіледі.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

№ п/п	Көрсеткіш, млн теңге	2018 (нақты)	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (болжам)	2022 (болжам)
1	**Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс**	**260 400**	**243 722**	**283 010**	**321 775**	**389 336**
1.1.	Электр энергиясын өндіру	185 355	169 369	207 917	235 138	294 007
1.2.	Энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясын сатуы	96 955	100 171	106 911	122 925	136 896
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	21 674	16 781	19 202	18 124	20 518
1.4.	Электр энергиясын жеткізу және тарату	40 020	38 028	40 685	45 339	49 035
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	1 824	1 515	1 626	1 744	1 797
1.6.	Жалға алулар	3 542	3 925	4 041	3 778	3 779
1.7.	Өзге	1 597	2 555	3 181	4 005	5 678
2	**Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны**	**(188 356)**	**(195 891)**	**(225 185)**	**(258 257)**	**(277 718)**
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	(129 110)	(130 934)	(156 182)	(179 822)	(197 127)
2.2.	Энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясын сатуының өзіндік құны	(95 938)	(101 280)	(111 195)	(124 062)	(135 831)
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	(20 023)	(16 338)	(18 804)	(19 558)	(20 337)
2.4.	Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны	(30 068)	(32 543)	(54 365)	(39 756)	(42 579)
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны	(1 736)	(1 356)	(1 679)	(1 917)	(1 913)
2.6.	Негізгі қызметтің басқа түрлерінің өзіндік құны	(640)	(832)	(946)	(1 124)	(1 065)
	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	*(52 364)*	*(54 223)*	*(57 331)*	*(60 354)*	*(65 898)*
3	**Жалпы пайда**	**72 044**	**47 832**	**57 826**	**63 518**	**111 618**

№ п/п	Көрсеткіш, млн теңге	2018 (нақты)	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (болжам)	2022 (болжам)
4	Қаржыландырудан түскен кірістер	2 333	2 377	2 916	534	421
5	Өзге кірістер (1) (4)	5 347	5 376	4 637	282	261
6	Өнімді сату мен қызмет көрсетуден түскен шығыстар	(14 340)	(7 999)	(10 202)	(12 467)	(10 458)
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар	(13 018)	(12 710)	(15 826)	(13 532)	(13 498)
8	**Операциялық пайда**	**44 686**	**27 123**	**31 798**	**37 518**	**87 662**
9	**Амортизация, пайыздар және КПН бойынша аударымдарға дейінгі пайда (EBITDA)**	**97 825**	**82 487**	**99 728**	**108 446**	**170 443**
10	Қаржыландыруға жұмсалған шығыстар (2) (3) (5)	(33 129)	(32 319)	(31 025)	(32 327)	(32 370)
11	Негізгі емес қызметке жұмсалған өзге шығыстар (6)	(16 549)	(1 920)	(4 061)	(95)	(98)
12	Ұйымның үлестік қатысу және инвестицияның құнсыздану әдісі есептелетін пайдасының/залалының үлесі	9 752	11 191	9 474	9 660	15 956
13	Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)	–1 584	0	0	0	0
	Еншілес ұйымдардың шығып кетуінен табыс (залал)	287	0	0	0	0
14	**Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)**	**11 143**	**11 829**	**13 739**	**15 572**	**71 834**
15	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(7 718)	(4 717)	(5 655)	(4 671)	(14 707)
16	**Азшылықтың үлесі алып тасталғанға дейінгі барлық пайда (залал)**	**3 425**	**7 111**	**8 083**	**10 901**	**57 127**
17	Азшылықтың үлесі	184	276	76	297	297
18	**Топ Акционерлеріне тиесілі барлық пайда**	**3 241**	**6 835**	**8 008**	**10 604**	**56 829**

(1) 2018 ж. бағам айырмасынан түскен кіріс ҚЕ-де «өзге кірістер» бөлімінде көрсетілді

(2) 2018 ж. бағам айырмасынан болған шығыс ҚЕ-де «қаржылық шығыстар» бөлімінде көрсетілді

(3) 2019 ж. бағам айырмасынан түскен кіріс ҚЕ-де «қаржылық кірістер» бөлімінде көрсетілді

(4) 2020 ж. бағам айырмасынан түскен кіріс ҚЕ-де «өзге кірістер» бөлімінде көрсетілді

(5) 2020 ж. бағам айырмасынан болған шығыс ҚЕ-де «қаржылық шығыстар» бөлімінде көрсетілді

(6) Құнсыздануданан түскен залал (НЕТТО) ҚЕ-де «қаржылық шығыстар» бабында көрсетілді

Ескертпе: Кірістер мен өзіндік құнның талдамасы қызмет түрлері бөлінісінде келтірілген (сегменттер бойынша емес) және элиминациялауды есепке алмай көрсетілген.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша **өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен түсім** 283 010 млн теңгені құрады:



Электр энергиясын өндіру сегменті бойынша шоғырландырылған түсімнің артуы электр энергиясын сату көлемінің және тарифтің өсуі есебінен жүзеге асты. Негізгі өсім «АлЭС» АҚ бойынша электр энергиясына белгіленген тарифтің ұлғаюы есебінен, сондай-ақ ішкі нарықта «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша электр энергиясын өткізу көлемінің 1 466 млн кВт*с артуы есебінен байқалады.

Электр энергиясын беру бойынша түсімнің ұлғаюы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын беру тарифінің 5,46 теңге/кВт*с-тан 5,95 теңге/кВт*с-қа дейін өсуімен байланысты болып отыр.

Сату (өткізу) сегменті бойынша түсімнің өсуі «Алматы-ЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын өткізу тарифінің 16,11 теңге/кВт*с-тан 17,66 теңге/кВт*с-қа дейін ұлғаюымен байланысты.

Алдағы кезеңге арналған болжам:

2021 жылға арналған болжамда сатудан түсетін кіріс 321 775 млн теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2020 жылғы фактіден 38 765 млн теңгеге немесе 14%-ға жоғары. Ұлғаю электр энергиясын өндіруге және жеткізуге арналған тарифтердің өсуіне, сондай-ақ электр энергиясын өткізу көлемінің өсуіне негізделіп отыр.

2021 жылға арналған болжамда негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС есебінен электр энергиясын өндіру бойынша кірістердің өсуіне байланысты 2020 жылға арналған болжамға кірістің ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ, электр энергиясын беру мен өткізуден түсетін кірістердің көлемі мен тарифтердің ұлғаюы есебінен өсуі күтілуде.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2020 жылғы табыстың құрылымы



Өндірушілер бойынша бөлгендегі өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс

Көрсеткіш, млн теңге	2018 (нақты)	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (болжам)	2022 (болжам)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	260 400	243 722	283 010	321 775	389 336
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	125 598	108 017	123 478	142 526	192 854
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	96 955	100 171	106 911	122 925	136 896
«Алматы электр станциялары» АҚ	65 542	64 047	74 481	79 768	86 198
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	40 258	38 167	40 819	45 440	49 139
«Мойнақ СЭС» АҚ	10 217	9 883	20 520	20 863	20 819
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	4 460	4 592	5 031	5 514	5 734
«Шардара СЭС» АҚ	3 318	2 279	6 761	8 405	9 657
«Бұқтырма СЭС» АҚ	3 541	3 924	4 040	3 778	3 779
«Ereymentau Wind Power» ЖШС					4 827
«Energy Solution center» ЖШС	937	1 105	1 287	1 457	1 407
«Green Energy» ЖШС	141	158	236	377	399
Топ ішілік айналымдар (алып тастау)	**–90 566**	**–88 621**	**–100 554**	**–109 278**	**–122 372**

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табыстардың негізгі үлесі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға тиесілі. Сонымен қатар, кіріс-терді шоғырландыру кезінде жалпы сомадан негізінен энергия өндіруші және таратушы компаниялар бойынша топішілік айналымдар алып тасталады.

Өнім мен қызмет көрсетудің өзіндік құны

Көрсеткіш, млн теңге	2018 (нақты)	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (болжам)	2022 (болжам)
Отын	56 768	52 340	59 109	61 957	69 252
Еңбекке ақы төлеу және оған байланысты шығыстар	25 231	26 775	29 394	31 040	32 326
Сатып алынған электр энергиясының құны	10 178	13 673	22 865	39 442	40 458
Электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер		7 692	10 094	9 725	10 003
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы	52 364	54 227	57 331	60 354	65 898
Жөндеу және ұстау	6 344	6 879	8 520	10 860	11 469
Электр энергиясын жеткізу және басқа қызметтер	10 019	10 331	11 494	11 664	12 099
Материалдар	1 773	1 844	1 713	2 071	2 311
Сумен қамтамасыз ету	4 664	3 962	4 847	5 799	6 436
Желілердегі шығын	193	193	2	4	4
Табыс салығынан басқа салықтар	4 876	4 586	4 589	5 717	6 431
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	4 036	4 338	4 731	5 208	5 413
Сыртқы ұйымдардың қызметі	8 219	5 383	6 003	10 984	12 066
Басқа	3 690	3 668	4 492	3 433	3 552
БАРЛЫҒЫ	**188 356**	**195 891**	**225 185**	**258 257**	**277 718**

(1) ҚЕ-де 2018–2020 жылдарға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем «табыс салығынан басқа салықтар» бабында көрсетілген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша **өзіндік құн** 225 185 млн теңгені құрады, бұл 2019 жылғы фактіден 15%-ға жоғары. Шығыстардың ұлғаюы негізінен көмір шығындарының (көмір бағасының және өндіру көлемінің ұлғаюы) және РФЦ ЖЭК ЖШС-нен сатып алынатын электр энергиясы шығындарының (тарифтер мен сатып алу көлемінің өсуі) өсуімен байланысты. Сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуіне байланысты шығыстардың ұлғаюы және амортизацияның ұлғаюы байқалады (негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС).

Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы



- Отын, ЖҒМ, энергия
- Шикізат пен материалдар, тех. қажеттіліктерге арналған суы, басқа жұмыстар, қызметтер және өндірістік жалға алу
- Жеткізумен байланысты қызмет шығындары
- НҚЖ және МЕА амортизациясы
- Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
- Өндірістік персоналға арналған ЕТҚ
- Жөндеулер
- Өзгелер

Болашақ кезеңге арналған болжам: 2021 жылға арналған болжамда өндіріс пен сату көлемінің өсуіне, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне байланысты шығындар артады. 2022 жылға арналған болжамдағы шығыстардың ұлғаюы тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне байланысты.

Алдағы кезеңге болжам: 2021 жылға арналған болжамда 2020 жыл фактісімен салыстырғанда сатуға арналған шығыстардың ұлғаюы электр энергиясын экспорттау көлемінің 859 млн кВт*с-тан 1 500 млн кВт*с-қа өсуіне байланысты 22 %-ды құрайды.

Сатуға арналған шығын, млн теңге



2020 жыл қорытындысы бойынша сатуға арналған шығындар 2019 жылға қарағанда 2 203 млн теңгеге көбейіп, 10 202 млн теңгені құрады. Аталған ауытқу «KEGOC» АҚ-ның көрсететін қызметіне бағаның өсуіне байланысты

Әкімшілік шығыстар, млн теңге



2020 жыл қорытындысы бойынша әкімшілік шығындар 15 826 млн теңгені құрады, бұл 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 3 116 млн теңгеге немесе 25%-ға көп. Ұлғаю негізінен 01.01.2014 ж. бастап 31.12.2018 ж. аралығындағы кезеңде ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің кешенді тексеруі нәтижесінде «БГЭС» АҚ бойынша ҚҚС салықтарын қосымша есептеуге және өсімпұлдарды есептеуге байланысты.

Бұл ретте БГЭС шығыстарын есепке алмағандағы ОАР шығыстарының төмендеуі 1%-ды (143 млн теңге) құрады.

Алдағы кезеңге болжам: 2021 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар 2020 жылғы деңгейден төмен және 13 532 млн теңгені құрайды. Азаю негізінен салық шығындарын азайту арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық шығыстар, млн теңге



2020 жыл қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 31 025 млн теңгені құрады, бұл 2019 жылғы нақты көрсеткіштен 1 294 млн теңгеге аз. Қаржыландыруға арналған шығыстардың азаюы негізінде қарыздарды ұзақ мерзімді өтеуге байланысты сыйақылар бойынша шығындарды қысқарту есебінен болған.

Алдағы кезеңге болжам: 2020–2021 жылдарға арналған болжамда қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар айналым қаражатын толықтыру мақсатында ЕТҮ бойынша қарыз қаражатын қосымша тартуға байланысты ұлғаяды.

Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес және инвестициялардың құнсыздануы, млн теңге



Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес



2020 жылғы үлестік табыс 9 474 млн теңгені құрады, азаю ұқсас кезеңге қарағанда 1 718 млн теңгені құрады.

Негізгі өзгерістер төмендегі активтер бойынша болды:

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – өткен жылмен салыстырғанда залалдың (788) млн теңгеге артуы мына факторларға байланысты:

- қаржыландыру шығындарының (795) млн теңгеге өсуі;
- бағам айырмашылығы бойынша шығыстардың (366) млн теңге сомасына өсуі.

Forum Muider – пайданың 738 млн теңгеге азаюы негізінен «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша көмірді сату көлемінің 1 249 мың тоннаға (3%) азаюы есебінен болды.

2020 жылға арналған жоспарда пайданың үлесі 9 670 млн теңгені, 2021 жылы – 15 956 млн теңгені құрайды.

ТАРИФ САЯСАТЫ

Табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілері мен бәсекелес нарықта басым сипатқа ие субъектілер болып табылатын Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңдарымен және ҚР Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Тарифтік реттеу энергетикалық компанияның қызметінің түріне байланысты ҚР Ұлттық экономика манистрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Электр энергиясының тарифтері 2016–2018 жылдар кезеңінде энергия өндіруші ұйымдар (бұдан әрі – ЭӨҰ) үшін бұрын станциялар үшін 2015 жылға бекітілген шекті тарифтер деңгейінде белгіленді.

2014 жылы қабылданған Қазақстанның отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының негізінде 2019 жылдан бастап саланы инвестициялардың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз етудің тиімді тетігі ретінде қуат нарығы енгізілді, бұл ұзақ мерзімді болашақта нарыққа жағымды әсер ететін болады.

2019 жылдан бастап энергия өндіруші ұйымдар үшін қуат нарығын іске қосуды ескере отырып, мыналар қалыптастырылды:

- инвестициялық жобаларға және негізгі борышты өтеуге арналған шығындарды қамтитын қуатқа арналған шекті тарифтер (инвестициялық жобаларды іске асыру үшін тартылатын несие қаражаты бойынша);
- операциялық шығындар мен тіркелген пайданы қамтитын электр энергиясына шекті тарифтер. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен жаңа «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесі» бекітілді.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын жеткізу тарифтері тіркелген болып табылады және ЖЭК технологиясына байланысты (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген және жыл сайын индекстеуге жатады. Бұл ретте қаржы-есеп айырысу орталығы сатып алушы ретінде әрекет етеді, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде әрекет етеді.

Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын беруге және бөлуге, жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтерді және энергиямен жабдықтауға арналған тарифтерді (ЭЖҰ) Экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитеттің реттеуі мен бақылауы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Тарифтер бойынша шешімдер әлеуметтік және саяси мәселелерге айтарлықтай әсер етеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты Топтың операциялық қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІН ТАРИФТІК МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВт*с	6,85	6,07	6,44	7,67	9,87
экспортқа арналған тариф, теңге/кВт*с	5,18	9,64	10,22	10,75	10,75
ҚР тарифі, теңге/кВт*с	7,28	5,87	5,86	7,39	9,84
о.і. эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВт*с		5,65	5,65	6,63	8,98
о.і. эл. қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына		590	590	590	614
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВт*с	7,53	8,70	9,64	9,91	9,95
электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт*с		7,42	8,55	9,13	9,13

Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына		590	590	590	614
«Алматы электр станциялары» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВт*с	8,60	9,66	11,41	12,54	13,40
электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт*с		8,43	9,45	10,66	11,65
қуатқа арналған орташа мөлшерленген тариф, мың теңге/МВт*айына			875	883	820
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына		590	590	590	614
қуатқа арналған жеке тариф, мың теңге/МВт*айына			4 169	4 169	3 139
«Шардара СЭС» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВт*с	9,50	4,86	12,95	13,81	15,87
электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт*с		4,23	8,49	9,15	11,21
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына		590	4 069	3 868	3 868
«Мойнақ СЭС» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВт*с	9,51	10,02	21,33	21,88	21,94
электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт*с		7,93	12,02	12,02	12,02
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына		590	2 564	2 564	2 564
«Samruk-Green Energy» ЖШС, теңге кВт*с	45,11	48,54	32,73	18,88	20,00
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, теңге кВт*с	28,31	30,03	31,62	33,20	34,53
«Ereymentau Wind Power» ЖШС					22,68
«Энергия Семиречья» ЖШС				22,68	23,59

Есепті кезеңде мынадай тарифтер қолданылды:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында электр қуаты нарығы жұмыс істей бастады. Электр энергиясын өндірушілер алатын кірістер екі құрамдас бөлікке бөлінді – электр энергиясын сатудан түскен кіріс (ағымдағы шығындарды жабуға бөлінеді) және электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметтерін көрсетуден түскен кіріс (негізгі қарызды және инвестицияларды өтеуге бөлінеді). Барлық ЭӨҮ үшін 590 мың теңге/МВт*айлық мөлшерде электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметіне бірыңғай шекті тариф бекітілді. 2020–2025 жылдарға электр энергиясына тарифтер бекітілді. Алайда, бекітілген тарифтер жылдар бойынша индекстеуді қарастырмайды. Мұның үстіне, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда электр энергиясына бекітілген тарифтер жыл сайын түзетіліп отырады.

Қуат нарығының іске қосылуымен станциялар үшін 2020 жылы электр энергиясына орташа өлшенген тарифтер 2020 жылғы 1 шілдеден бастап түзетілген шекті тарифтер мен қуатқа жеке тарифтердің енгізілуін ескере отырып өсті.

ҚР ЭМ-нің станциялар үшін тапшы тарифтерді бекітуіне байланысты, нормативтік актілерге сәйкес, ЭӨҮ ҚР ЭМ-ге электр энергиясына шекті тарифтерді түзетуге өтінімдер ұсынды. Нәтижесінде 2020 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР ЭМ электр энергиясына мынадай шекті тарифтерді бекітті.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС үшін тариф елеусіз ғана өсті – 5,80 теңге/кВт*с. «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ станциясы мен «Алматы электр станциялары» АҚ үшін тарифтердің айтарлықтай өсуі шығыстардың өсуіне байланысты сәйкесінше 18,4% және 18,4% мөлшерінде жүргізілді. Мойнақ СЭС үшін тариф қолданыстағы деңгейде сақталды. «Шардара СЭС» АҚ үшін тариф 7,1%-ға төмендеп, 8,10 теңге/кВт*с құрады. (бұрын бекітілген тариф бойынша 8,72 теңге/кВт*с).

ӘӨҮ атауы	ҚР ЭМ бекіткен		Ауытқу	
	2019 ж. 1 қазаннан	2020 ж. 1 шілдеден	(+,-)	%-да
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	5,76	5,80	0,04	0,7
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	7,73	9,13	1,4	18,1
«Алматы электр станциялары» АҚ	8,70	10,30	1,6	18,4
«Мойнақ СЭС» АҚ	12,02	12,02	0	0
«Шардара СЭС» АҚ	8,72	8,10	–0,62	–7,1

2020 жылға Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыратын станцияларға – «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ үшін инвестициялық тарифтерді бекіту бойынша жұмыс жүргізді.

ӘӨҮ атауы	Көлемі	Жеке тариф	Кезең
«Алматы электр станциялары» АҚ	69,5 МВт	4 168,60	2020–2024 жж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	298 МВт	2 563,67	2020–2026 жж.
«Шардара СЭС» АҚ	61 МВт	4 069,3	2020–2028 жж.

«ЕГРЭС-1» ЖШС 30.01.2020 ж. Нарық кеңесіне (ҚЭҚ) «Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, № 1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасын іске асыру бойынша жеке тарифті бекітуге өтінім берді.

28.02.2021 ж. ЕГРЭС-1 ҚР ЭМ-мен 2025–2031 жылдар кезеңінде 476,6 МВт қызмет көлеміне есептегенде айына 1 199 мың теңге/МВт*айына мөлшерінде тариф белгілей отырып, № 1 энергия блогын қалпына келтіру бойынша жаңғыртуға, қайта құруға, кеңейтуге және жаңартуға инвестициялық келісім жасады.

26.01.2021 ж. «ЕГРЭС-2» АҚ Нарық кеңесіне (ҚЭҚ) «№ 3 энергия блогын орната отырып, ЕГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру» жобасын іске асыру бойынша жеке тарифті бекітуге өтінім берді. Нарық кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін өтінім ҚР ЭМ қарауына жіберілетін болады.

2021 жылдан бастап және одан әрі қарай электр энергиясына және қуатқа тарифтер тұтынушылардың баға индексін ескере отырып болжанады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын жеткізу тарифтері тіркелген болып табылады және ЖЭК технологиясына байланысты (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген әрі ол жыл сайын индекстеуге жатады.

Жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтер, теңге/Гкал

Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
«Алматы электр станциялары» АҚ	3 917	3 354	3 441	3 467	3 929
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	816	809	697	867	902
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	446	572	367	496	496

Табиғи монополия субъектісі үшін заңнама инвестициялық құрамдасты және шығындарды жыл сайын индекстеуді қоса отырып жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін бекітуді қарастырады. Шекті тарифтерді Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті бекітеді. Алайда, тарифтерді көтеру жылына бір реттен артық жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станциялардың шығындары өскен жағдайда тарифтерді арттырмай-ақ сақтау тәуекелдері бар.

Электр энергиясын жеткізу қызметіне арналған тарифтер, теңге/кВт*с

Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	5,89	5,46	5,95	6,04	6,42

Табиғи монополиялар субъектісі болып табылатын «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ үшін өңірлік энергия жеткізуші компаниялар (АЭК-тер) үшін 2016–2020 жж. арналған инвестициялық құрамдасты қосу арқылы тарифтік сметалар негізінде ұзақ мерзімді шекті тарифтер бекітілді, мұны қажет болған жағдайда уәкілетті орган түзетеді.

2020 жылғы шілдеде АЖК өтінім берді және Алматы қаласы бойынша ТМРБҚД-ның 06.11.2020 ж. № 126-НҚ бұйрығымен 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңге шекті ұзақ мерзімді тарифтер бекітілді.

Кезең	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
Бекітілген тариф	6,04	6,42	6,69	7,10	7,36

Тарифтерді ұлғайту (түзету) объективті себептер бойынша АЭС шығындары өскен жағдайда (иесіз желілер мен жабдықтарды теңгерімге алу және т. б.) жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Сондай-ақ тарифтерді ұлғайтпай сақтау тәуекелдері де бар.

ЭҚҰ-ның электр энергиясын сатуға арналған тарифтері, теңге/кВт*с

Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	16,42	16,11	17,66	20,15	22,42

Энергиямен жабдықтаушы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС компаниясы әлеуметтік маңызы бар нарықтың субъектісі болып табылады, сонымен қатар оны уәкілетті орган реттеп отырады. Тарифтерді есептеу операциялық, қаржылық және инвестициялық компоненттерді қамтиды. Өңірлердегі халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мақсатында Реттеушінің тарифтің өсуін жасанды түрде ұстап қалу қаупі бар. ЭҚҰ үшін жеке тұлғаларға тұтыну нормаларына сәйкес саралану сақталады, заңды тұлғалар үшін электр энергиясы орташа босату тарифтері бойынша жеткізіледі.

Көмірді сату бағасы, теңге/тонна

Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
«Богатырь Көмір» ЖШС	2 013	2 120	2 311	2 348	2 587

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірін сату бағасы тұтынушылардың 3-тобы үшін ҚР тұтынушыларына арналған дербес прейскурантпен бекітіледі (ҚТЖ жанасу станциясындағы энергетика, көмір жинау станциясындағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер). Реттеу ҰЭМ СК ТМРК Кәсіпкерлік кодексінің негізінде жүзеге асырылады.

ӨТІМДІЛІК ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Сыртқы кредиторлардың ковенанттарының орындалуы:

Ковенант	Норматив	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	Ескертпе
Қарыз/EBITDA (ЕҚДБ, ҚХБ)	кемінде 3,5	3,31	2,96	Сақталады
EBITDA/Пайыздар (ЕҚДБ, ҚХБ)	кемінде 3,0	3,34	3,76	Сақталады
Қарыз/Меншікті капитал (ҚДБ)	кемінде 2,0	0,56	0,54	Сақталады

Атауы	2018 нақты	2019 нақты	2020 нақты	2021 болжам	2022 болжам
Қарыз/EBITDA	3,18	3,31	2,96	3,18	1,77
Қарыз/Меншікті капитал	0,65	0,56	0,54	0,58	0,50
Ағымдағы өтімділік	1,04	0,70	0,75	0,75	1,30

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ кредиторлардың жартыжылдық есепте көрсетілген қаржылық және қаржылық емес ковенанттарын сақтады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ акционер ұсынған қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізді.

Қарыздық жүктемені азайту

2020 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қоғамның шоғырландырылған қарызы 325,4 млрд теңгені құрады, 2019 жылдың қорытындыларымен (338 млрд теңге) салыстырғанда есепті кезеңдегі қарыздың төмендеуі – 12,6 млрд теңге.

2020 жылы қарыздың азаюы жоспарланған қарызды өтеумен және 17,8 млрд теңге көлеміндегі қарызды мерзімінен бұрын өтеумен байланысты.

Қоғам валюталық тәуекелдерді теңестіру аясында 2019–2020 жж. мынадай іс-шараларды жүзеге асырды:

Валюталық міндеттемелерді теңгемен қайта қаржыландыру – «Мойнақ СЭС» АҚ 148 млн АҚШ долларына, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ шамамен 100 млрд теңге сомаға айырбасталды. Нәтижесінде несиелік портфельдегі валюталық міндеттемелердің үлесі 1,5%-ға дейін төмендеді.

2017–2020 жылдар аралығындағы кезеңде қарызды басқару жөніндегі жоспарлы жұмыс есебінен «Самұрық-Энерго» АҚ борышты баланстық көрініс бағалау тұрғысынан 94,5 млрд теңгеге қысқартты, бұл акционер белгілеген қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Пайыздық шығыстарды оңтайландыру

Сонымен бірге, 2020 жылдың қорытындылары бойынша қарыздарды жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеу, валюталық міндеттемелерді қайта қаржыландыру және «Самұрық-Энерго» АҚ Топтың қолданыстағы несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендету есебінен сыйақыға жұсалатын шығыстарды 1,3 млрд теңгеге азайтуға қол жеткізілді.

Несиелік рейтинг (Fitch Ratings)

2020 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі берген ұзақ мерзімді рейтингтері «BB» деңгейінде сақталды, болжам «Тұрақты». Бұл ретте Fitch Ratings «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басым қамтамасыз етілмеген рейтингін «BB -» деңгейінен «BB» деңгейіне дейін көтерді, сондай-ақ несие төлеу қабілеттілігін бағалау дербес негізде «b» деңгейінен «b+» деңгейіне дейін көтерілді.

Мәмілелер

Маңызды, ірі мәмілелер бойынша ақпарат «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қаржылық есептілігінде көрсетіледі (2-том).

Айыппұлдар

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша елеулі айыппұлдардың жалпы мөлшері – 1 703,31 мың теңге.

Уәкілетті мемлекеттік органдар (еңбек инспекциясы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, энергетикалық қадағалау және бақылау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша) заңнама талаптарының сәйкестігіне тексеру жүргізіліп, қаржылық санкциялар салынбай 25 ұйғарым актісі берілді.

Есепті жыл ішінде бәсекелестікке кедергі келтіруге және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты орын алған жағдайлар тіркелген жоқ.

Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны «Экология» бөлімінде көрсетілген.

Бенчмаркинг нәтижелері:

Критерий	Өлшемі	Статусы	Min _____ Бенчмаркинг _____ Max
EBITDA margin	%		Drax Group (8,6%); Inter RAO (11,10%); CEZ Group (19,3%); СЭ (35,2%)
Қарыз / EBITDA	коэффициент		Inter RAO (0,85); СЭ (2,67); Drax Group (2,99); CEZ Group (3,72%)
Қарыз / МК	коэффициент		Inter RAO (0,15); СЭ (0,54); CEZ Group (0,64); Drax Group (0,82)
ROIC	%		CEZ Group (2,34%); СЭ (3,84%); Drax Group (8,61%); Inter RAO (8,75%)

- Ұқсас арасында орташасынан жақсы көрсеткіш
- Ұқсас арасында орташа көрсеткішке сәйкес
- Ұқсас арасында орташасынан төмен көрсеткіш

Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

Бенчмаркинг – «Самұрық-Энерго» АҚ-ны басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді салыстыру болып табылады. Салыстырмалы талдау үшін таңдалған компаниялар өз елдерінің жетекші электр энергетикалық холдингтері болып табылады, олардың қызмет саласына жылу және су электр станцияларын, ЖЭК объектілерін, электр және энергиямен жабдықтаушы компанияларды қоса алғанда, электр және жылу энергиясын өндіру мен өткізу кіреді. Капиталдандыру бөлігінде компаниялардың ауқымы «Самұрық-Энерго» АҚ-ға қарағанда жоғары, өйткені салыстырылатын компаниялар өз қызметін іске қосылған капитал көлемі мен ақша қаражатының ағындары бойынша электр энергетикасы нарығы айтарлықтай жоғары елдерде жүзеге асырады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:

- EBITDA margin (EBITDA маржасы);
- Қарыз/EBITDA
- қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті (Қарыз/Меншікті капитал)
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC).

2020 ж. EBITDA margin



Дереккөз: ru.investing.com

2020 ж. Return on Invested Capital (ROIC)



Бенчмаркинг үшін төмендегідей ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- Inter RAO UES PJSC (Ресей);
- CEZ Group (Чех Республикасы);
- Drax Group (Ұлыбритания).

Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері төмен.

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолжетімді қаржылық левереджді толықтай пайдаланатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, **EBITDA margin** көрсеткіші бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің ұқсас компанияларынан басым түседі. Бұл көрсеткіш сатудан түсетін кірістің жоғары екенін көрсетеді. **ROIC** көрсеткіші (салынған ұзақ мерзімді капиталдың рентабельділігі) бойынша «Самұрық-Энерго» өзге еуропалық ұқсас компаниялардың деңгейінде. Десек те, осы көрсеткіш бойынша «Самұрық-Энерго» қызметінің экономикалық талаптары ұқсас келетін ресейдің холдингінен едәуір төмен деңгейде, бұл инвестициялардың тиімділігін (рентабельділігін, қайтарымдылығын) арттыру қажеттігін көрсетеді.

Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұқсас жария компанияларға қарағанда ҚР Үкіметіне тиесілі екенін атап өту қажет, осыған байланысты Қоғам мемлекеттік саясаттың электр энергетикасы саласындағы жолсерігі болып табылады. Осыған орай, сондай-ақ энергетикалық сектордың мейлінше тозуына байланысты 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар (Қазақстан Республикасы энергетикалық жүйесінің сенімділігі мен үздіксіз жұмыс істеуіне бағытталған) іске асырылды, бұл инвестицияланған капиталдың едәуір өсуіне әкеліп соқты, сәйкесінше инвестициялардың рентабельділік көрсеткішін төмендетті.

Қазақстан Республикасында ұқсас компаниялар елдерімен салыстырғанда электр энергиясына тариф деңгейінің төмен болуы инвестициялардың рентабельділік көрсеткіштеріне әсер ететін қосымша фактор болып табылады.

2020 ж. электр энергия орташа тарифі, теңге/кВт*с



Ел	кВт*с үшін орташа тариф	Теңгемен/кВт*с	2020 жылғы жағдай бойынша орташа бағам
Қазақстан	17,66 теңге	17,66 теңге/кВт*с	
Ресей	4,15 рубль	23,84 теңге/кВт*с	5,74 теңге/рубль
Чех Республикасы	0,18 еуро	86,86 теңге/кВт*с	471,81 теңге/еуро
Ұлыбритания	0,22 еуро	103,94 теңге/кВт*с	

Дереккөз: Еуростат, Росстат

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ **СЕНІМДІЛІК**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ

Компания жобалар мен активтерді таңдау, бағалау және басқару кезінде портфельдік тәсілді қолданады, бұл тәуекел деңгейі қолайлы болған жағдайда инвестицияларға салынатын қаржылық, техникалық, технологиялық, адами және басқа ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық жобалардың портфелін басқару жекелеген бағдарламалар мен жобаларды жоспарлау, инвестициялауға болатын капитал көлемін анықтау, қол жетімді ресурстардың көлеміне байланысты жобаларға басымдық беру, тәуекелді, қайтарым мен уақытша мүмкіншіліктi теңгерімдеу, сондай-ақ жоба көрсеткіштерін қайта қарау сияқты іс-шаралар жиынтығынан тұрады.

Қоғамның Инвестициялық жобалар портфелін басқаруға арналған негізгі құралы:

1) «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Даму стратегиясы мен Даму жоспары, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша мақсатты НҚК-ны белгілеу.

Операциялық энергетикалық компания ретінде Қоғам өзінің Даму стратегиясын іске асыру шеңберінде әзірленген НҚК негізінде инвестициялық жобалар портфелін басқарады. НҚК жүйесі Қоғамның, оның ЕТҰ-ларының стратегиялық мақсаттары, операциялық және инвестициялық қызметі мен басқару жүйесі арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

2) Сыртқы орта мен мегатрендтердің инвестициялық жобалар портфелінің құнына әсерін бағалау.

Компания инвестициялық жобалар портфелінің жағдайына сыртқы факторлардың әсерін шикізат тауарларының бағасы, шетелдік валютаның айырбас бағамы, инфляция деңгейі және т.с.с. секілді макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерісін имитациялау арқылы бағалайды. Сценарийлік талдау сыртқы жағдайларға байланысты инвестициялық жобалар портфелінің құны қалай өзгеретінін көруге мүмкіндік береді.

3) Инвестициялық шешімдерді модельдеу және олардың әсерін бағалау.

Компания өзінің инвестициялық жобалары мен активтері портфелінің жалпы құнын және инвестициялық жобаға кірген әрбір инвестициялардың жеке мәндерін объективті түрде бағалайды, сондай-ақ жеке жобалардың «Самұрық-Энерго» АҚ-ның портфеліне тигізетін әсерін бағалайды.

Инвестициялардың негізгі көрсеткіштерін мұқият және үнемі бақылау ұсыным жасаушы органның ұсынымдар әзірлеуі және Компания басшылығының уақытылы шешім қабылдауы үшін өте маңызды. Түзету шараларын жедел қабылдау мақсатында инвестициялық жобалар Компанияның тиісті бақылауынан өтеді.

Өз міндеттемелерін орындау және ұзақ мерзімді перспективада активтерінің құнын арттыру мақсатында Компания жауапты инвестиция тартуды дамытуға ықпал етеді. Даму стратегиясы мен Корпоративті басқару кодексі шеңберінде Компания орнықты даму қағидаттарын Компания қызметіне енгізу және кіріктіру бастамасын өз міндетіне алды.

ESG-ді бағалау кезінде Қоғам Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін және халықаралық қоғамдастық мойындаған БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары, ХҚК мен ЕҚДБ-ның Экологиялық және Әлеуметтік Стандарттары бойынша жаһандық есеп беру бастамасы, БҰҰ-ның жауапты инвестициялау принциптері және т. б. секілді ең үздік халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Қоғам инвестициялармен тікелей байланысты мынадай негізгі принциптерді ұстанады:

- инвестициялық талдау және шешім қабылдау процесіне ESG параметрлерін қосу;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау және құпия ақпаратты тиісінше пайдалану;
- жалпыға танылған халықаралық немесе ұлттық аудит стандарттарына сәйкес жылдық есептерді, оның ішінде қаржылық есептерді, ESG факторларын қоса алғанда, орнықты даму туралы есептерді дайындау;
- сәйкестендіру, бағалау және тәуекелдерді басқарудың нысандандырылған жүйесінің болуы.

Инвестицияға жұмсалған шығыстар, млн теңге





Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру өз қаражаты, халықаралық қаржы ұйымдары мен ҚР екінші деңгейдегі банктерінің қарыздық қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылады.

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру, млн теңге

	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты
БАРЛЫҒЫ	**41 689**	**50 364**	**73 232**
меншікті	35 342	42 836	35 129
қарыздық	6 211	7 528	35 122
мембюджеттің қаражаты	137	–	2 982

Күрделі шығындарды талдау (игеру әдісі бойынша), млн теңге

№	ЕТҰ	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
	БАРЛЫҒЫ	**41 689**	**50 364**	**73 232**	**127 393**	**126 110**
1	**Инвестициялық жобалар, оның ішінде**	**8 075**	**14 985**	**40 718**	**78 233**	**89 590**
1.1	Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 1-блокты қалпына келтіру	2 156	4 953	1 890	22 384	35 009
1.2	Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру	0	0	8 322	14 527	43 955
1.3	Екібастұз кен орнының «Богатырь» кенішінде көмір өндіру, тасымалдау, біркелкілеу және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу	113	553	25 504	14 553	6 665
1.4	«Көкөзек» ҚС салу	0	0	20	1 000	1 911
1.5	АММК 220/110/10 кВ № 7 ҚС қайта құру	0	0	0	261	500
1.6	Шардара СЭС-ін жаңғырту	4 482	5 059	1 134	0	0
1.7	Алматы ЖЭО-2 – ЗТК жылу магистралін қайта құру	0	0	35	116	233
1.8	Қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайта отырып, ЖЭО-3-ті жаңғырту. ТЭН әдірлеу және сараптамадан өту	0	0	0	358	0
1.9	Алматы облысы Шелек к. ауданында қуаты 5 МВт ЖЭС салу	45	1	2 254	0	0
1.10	Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жел электр станциясын келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, салу	0	3 917	11	4 898	0
1.11	Қуаты 50 МВт болатын Ерейментау ЖЭС-ін салу	21	200	913	18 890	0
1.12	Придорожное газды кен орны базасында ГЖЭС салу	758	91	52	976	659
1.13	Өзге жобалар	500	209	583	271	659
2	**Өндірістік активтерді жұмыс жағдайында ұстап тұру**	**31 534**	**34 596**	**31 787**	**45 012**	**36 017**
2.1	«Богатырь Көмір» ЖШС (50%)	4 242	7 658	5 547	7 982	6 767
2.2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (50%)	439	798	1 050	2 074	1 183
2.3	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	10 238	7 711	6 187	15 868	13 754
2.4	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	11 501	11 124	12 646	10 386	8 187
2.5	«Алматы электр станциялары» АҚ	4 411	6 991	5 616	7 682	3 726
2.6	«Мойнақ СЭС» АҚ	369	168	307	500	2 134
2.7	«Шардара СЭС» АҚ	251	38	6	10	10
2.8	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	75	75	94	89	64
2.9	«Samruk-Green Energy» ЖШС	1	0	3	28	15
2.10	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	8	33	332	391	133
2.11	«Erementau Wind Power» ЖШС	0	0	0	0	45
3	**Әкімшілік активтерді жұмыс жағдайында ұстап тұру**	**1 307**	**592**	**690**	**2 241**	**503**
4	**Өзге**	**773**	**191**	**38**	**1 907**	**0**

Өндірістік активтер мен басқа да негізгі құралдарды жұмыс күйінде ұстап тұруға жұмсалатын күрделі шығындардың негізгі үлесі «Богатырь Көмір» ЖШС, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ-ға тиесілі. 2020 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік активтерді ұстауға арналған шығындар «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС энергия блоктарының күрделі және ағымдағы кеңейтілген жөндеулеріне, сондай-ақ «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр тарату желілерін қайта құруға, ЭЖЖ мен ҚС-ларды салу мен қайта құруға және өндірістік активтері мен басқа да негізгі құралдарын жөндеуге берілді. «Богатырь Көмір» ЖШС мен «Алматы электр станциялары» АҚ-ның өндірістік сипаттағы күрделі шығындары өндіріс процесіне тікелей қатысатын негізгі құралдарды сатып алуға және күрделі жөндеу жүргізуге жұмсалды.

Әкімшілік сипаттағы күрделі шығындар мен басқа инвестициялар өндірістік қызметке тікелей әсер етпейтін негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алуға, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ Трансформация бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шараларға жоспарланды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы аяқталды.

Жоба станция жұмысының өнімділігі мен пайдаланылу қауіпсіздігін арттыру үшін моральдық және табиғи тұрғыдан тозған жабдықтарды ауыстыруды көздеді, бұл станцияның белгіленген қуатын 126 МВт-ға арттырып, жылына қосымша 57 млн кВт*с электр энергиясын өндіруге мүмкіндік берді.

Энергетикалық объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге 2020 жылдың тамызында қол қойылды.

Компанияның инвестициялық жобалар портфеліне келер болсақ, 7 инвестициялық жобаны іске асыру жалғасуда, олар жұмыс істеп тұрған станциялардың белгіленген қуатын арттыру және жаңа қуаттарды салу арқылы Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуатына тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

Екібастұз көмір кен орнының «Богатырь» кесігінде көмірді өндіру, тасымалдау, сапасын тұрақтандыру және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу» жобасы

ЦАТ жобасы «Богатырь» кесігін көмір өндірудің циклды-ағынды технологиясына кезең-кезеңмен көшіруді және конвейерлік көлікте біркелкілеу қоймаларына кейіннен беткі тиеу кешендеріне тиеу арқылы жеткізуді көздейді. Жобаны іске асыру қажеттілігі темір жол көлігін пайдалану тиімді болмайтын тау-кен жұмыстарының тереңдігіне қол жеткізумен байланысты. Жобаны іске асыру «Богатырь» кесігінің өндірістік қуатын жылына 32 миллионнан 40 миллион тоннаға дейін арттыруға, кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттыруға, көмір өндірудің өзіндік құнын төмендетуге және көмір тасымалдау мен тиеу жабдықтарын жаңартуға мүмкіндік береді.

2020 жылы жабдықтардың 80%-дан астамы жеткізіліп, құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда.

«Придорожное» газ кен орнын игеру» жобасы

Жоба ішкі және сыртқы нарыққа сату мақсатында табиғи газ өндіру үшін инфрақұрылым жүйесін салуды көздейді. Жоба аясында сондай-ақ «Придорожное» кен орнынан «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральды газ құбырына дейін жоғары қысымды газ құбырының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Жобаның мақсаты ҚР Оңтүстік Қазақстан облысының газға тапшылығын жабу болып табылады, бұл ретте газ өндірудің жылдық жоғары мөлшері 290 млн м^3 құрайды.

«Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын сала отырып кеңейту және қайта жаңарту» жобасы

Жоба № 3 энергия блогын сала отырып, станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-ға ұлғайтуды және жылына қосымша 4,8 млрд кВт*с электр энергиясын өндіруді көздейді.

2020 жылы «ЕГРЭС-2» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен жобаны одан әрі іске асыру мақұлданды. Сондай-ақ, 2020 жылы қоймада сақталған жабдықты қабылдау аяқталды және жобалық-сметалық құжаттамаға түзету енгізу басталды.

«Екібастұз ГРЭС-1 қуатын қайта жаңарту және кеңейту (№ 1 блокты қалпына келтіру)» жобасы

Жоба электр энергиясына деген өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру мақсатында Екібастұз ГРЭС-1-дегі қуаты 500 МВт № 1 энергия блогын қалпына келтіруді көздейді.

2020 жылы жобаның сметалық құнын нақтылау мақсатында ЖСҚ түзетілді. Жобаның өтелуі үшін Нарықтық кеңеске инвестициялық келісім жасасу үшін инвестициялық өтінім жіберілді.

«Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны жүзеге асыру жылына 215 млн кВт*с электр қуатын қосымша өндіруге мүмкіндік береді. Жоба мақсаты электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

2020 жылы жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

«Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны жүзеге асыру жылына 225,7 млн кВт*с электр қуатын қосымша өндіруге мүмкіндік береді. Жобаның мақсаты электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

2019 жылы жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді, 2020 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, жабдықтар жеткізілуде.

«Қоршаған ортаға тигізетін әсерін мейлінше азайту арқылы Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасы

Жоба Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тапсырмасына сәйкес іске асырылуда. Жобаны іске асырудағы басты мақсат – ЖЭО-2-ні газбен жағуға ауыстыру арқылы Алматы қаласы мен Алматы өңірінің экологиясына теріс әсерін азайту. Жобаны іске асыру ЖЭО-2-ден атмосфераға тарайтын зиянды заттардың шығарындыларын жылына 38,3-тен 6,8 мың тоннаға дейін төмендетуді қамтамасыз етеді.

2020 жылдың мамырынан шілдесіне дейінгі аралықта, COVID-19 пандемиясы жағдайында, жұртшылықтың және мүдделі тараптардың талқылауына салу мақсатында Facebook әлеуметтік желісі арқылы «ҚазҒЗЖИЭнергоөнеркәсіп институты» АҚ әзірлеген Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің (бұдан әрі – ТЭН) алдын-ала нәтижелері жарияланды.

2020 жылдың 30 қазанында Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне арналған «Қоршаған ортаға әсерді алдын-ала бағалау» жобасын талқылау бойынша бейнеконференция режимінде қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

2020 жылдың желтоқсанында жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі «Жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына сараптамаға жіберілді.

«Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру» жобасы

Жобаны іске асыру шеңберінде Жобаның алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстар аяқталды. Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу бойынша қызметтерді сатып алуға тендерлік рәсімдер жүргізілуде.

Жобаның ТЭН-іне қуатты реттейтін мүмкіндігі бар, белгіленген қуаты 450 МВт-ға дейінгі газ турбиналық технологияларды (ГТҚ және БГҚ) қолдануды қарастыру жоспарлануда.

Жобаның ТЭН-ін әзірлеу бойынша жұмыстарды Мемлекеттік сараптама РМК-нің қорытындысын алуын ескере отырып, 2021 жылдың желтоқсан айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

2021 жылы аяқталады деп жоспарланған жобалар

Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясының құрылысы бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Жобаны іске асыру жылына қосымша 215 миллион кВт*с артық электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

«Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасы бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда.

САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ **СЕНІМДІЛІК**

САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ

Сатып алу қызметінің әдіснамасы

2018 жылғы 26 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 202-VI Заңына қол қойылды, сатып алу жүйесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Сатып алудың жаңа моделіне көшудің негізгі мақсаты ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі мен нарықтық құнын арттыруға бағытталған Қор компаниялары тобында сатып алу қызметін басқарудың кешенді жүйесін енгізу болып табылады.

Жаңа тәртіп пен стандарт сатып алуды жоспарлау және өткізу, сатып алу стратегиясын әзірлеу, жеткізушілерді басқару және дамыту, жеткізілім мен қорларды басқару сияқты процестерді қамтиды.

Сатып алудың жаңа моделіне көшу аясында «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару қағидаларын бекітті.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту мен жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасы (импортты алмастыру)

Мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ұлттық экономиканы дамытуды ынталандыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді орындау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өнеркәсіптің қайта өңдеу салалары саласында бәсекеге қабілетті жаңа отандық өндірістерді құру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қор тұрақты негізде Қор тобы сатып алатын тауарлардың импортын алмастыруға бағытталған жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту мен жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасын (импортты алмастыру) (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыруда.

Бағдарлама тауарларды сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар (оффтэйк-шарт) жасасуды көздейді. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы сомасы 97,6 млн теңгеге 16 оффтэйк-шарт жасалды.

САТЫП АЛУДЫ САНАТТЫҚ БАСҚАРУ

Сатып алу санаттарын басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді.

Сатып алуды санаттық басқару тұжырымдамасы меншіктің жалпы құнының индикаторын төмендетуге, яғни сатып алудың тікелей шығындарын ғана емес, оны иеленудің бүкіл өмірлік циклі бойында ТЖҚ категориясының шығындарын азайтуға негізделген, бұл сізге ең заманауи және экономикалық тиімді шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді. Сатып алу қызметіне енгізілетін өзгерістер Сатып алу бағаларын төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, отандық тауар өндірушілерді дамытуға ықпал етеді.

2020 жылы «Құбырлар», «Электр жарықтандыру жабдығы» санаттары бойынша сатып алу санаттық стратегиялары әзірленді, Өткен кезеңдердің «Металл прокаты», «Шиналар», «Көмірді тасымалдау» сияқты санаттары өзектендірілді. Қазіргі уақыттағы енгізу кезеңінде сатып алудың санаттық тобы 11 сатып алу категориялық стратегиясын әзірледі, ал іске асырудың нақты экономикалық тиімділігі 3,78 млрд теңгені құрады.

2022 жылға қарай сатып алудың 24 категориялық стратегиясын әзірлеу және бекіту міндеті қойылды. Сатып алудың санаттық стратегияларын іске асырудың экономикалық тиімділік әлеуеті 2022 жылдың соңына дейін 5,8 млрд теңгеге жетеді деп бағаланып отыр.

2018–2020 жж. сатып алуда жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн теңгемен*

	нақты 2018 ж.		нақты 2019 ж.		нақты 2020 ж.	
	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %
тауарлар	152 323,77	83	159 847,19	80	168 776,88	79
Ж/Қ	153 420,06	88	159 365,72	87	104 660,70	79

**Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері*

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару құрылымы	83
Акционер	87
Директорлар кеңесі	88
Атқарушы орган	94
Комплаенс	99
Омбудсмен	101
Қызмет аудиті	101
Тәуекелдерді басқару	103

ISO 9001

2020 ЖЫЛЫ ҚАЙТА СЕРТИФИКАТТАУ
АУДИТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Рейтингі - BB

2018 ЖЫЛЫ ӨТКІЗІЛГЕН ТӘУЕЛСІЗ
ДИАГНОСТИКА ҚОРЫТЫНДЫСЫНЫҢ
НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ **СЕНІМДІЛІК**

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Компания тиімді корпоративтік басқарудың маңыздылығын толық сезінеді, сондықтан тиісті корпоративтік басқару «Самұрық-Энерго» АҚ-ның стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін ескере отырып, Компанияның ішкі нормативтік құжаттары негізінде құрылады. Компанияның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Компанияның басқару органдары, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды, мәселелерді қарау мен шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды, сондай-ақ заңнамалар мен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің тиімділігі ашықтықты, бақылауды арттыру мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуды қамтамасыз ететін және уақтылы ден қою арқылы түрлі тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретін деңгейлердің әрқайсысында дұрыс құрылған корпоративтік басқару процестері есебінен жүзеге асырылады.

Компанияда корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру мақсатында сыртқы тәуелсіз бағалау ұсынымдарына негізделген Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – КБЖ жоспары) жұмыс істейді.

КБЖ жоспарына мониторинг жүргізу тоқсан сайын жүзеге асырылады, оған қол жеткізу деңгейі НҚК ағашына енгізілген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша КБЖ жоспарының орындалуы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 86%-ды құрады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

- **БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АППАРАТЫ**
- **«АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ» ДЕПАРТАМЕНТІ**
- **«ҚАУІПСІЗДІК» ДЕПАРТАМЕНТІ**
- **«ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ» ДЕПАРТАМЕНТІ**

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директор
- «Стратегиялық жоспарлау және экономикалық талдау» департаменті
- «Бухгалтерлік және салық есебі» департаменті
- «Қазынашылық және Корпоративтік қаржы» департаменті
- «Активтерді қайта құру және сату» департаменті

ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- «Генерация және Отын» департаменті
- «ЖЭК және Тарату» департаменті
- «Өндірістік тиімділік» департаменті
- «Күрделі құрылыс және жөндеулерді басқару» департаменті



ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫНЫҢ ОФИСІ

«КОМПЛАЕНС» ҚЫЗМЕТІ

ОМБУДСМЕН

ДАМЫТУ ЖӘНЕ САТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- Сауда Үйі
- «Нарықты дамыту» департаменті
- «Жобаларды портфельмен басқару» офисі
- «Инвестициялық талдау» департаменті

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- «Тәуекел менеджменті және ішкі бақылау» департаменті
- «Құқықтық қамтамасыз ету» департамент
- «Корпоративтік басқару және Орнықты даму» департаменті

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- «Цифрлық Трансформация» офисі
- «Ақпараттық технологиялар» департаменті

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- «Сатып алуды және қорларды басқару» департаменті
- «Бағаны бақылау және санаттарды басқару» департаменті
- Әкімшілік департаменті

2020 жылы Компанияның ұйымдық құрылымына төмендегідей өзгерістер енгізілді:

Мемлекет басшысының компаниялардағы қызметкерлер санын қысқартуға қатысты тапсырмасын орындау аясында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының компаниялардың ұйымдық құрылымдарын қайта қарау қажеттігі туралы 2020 жылғы 15 мамырдағы № 39-ө тапсырмасын орындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№ 12/20 хаттама) жаңа ұйымдық құрылым бекітіліп, **2021 жылғы 1 сәуірден бастап** қолданысқа енгізілді:

- Қоғамның жалпы штат саны 19 бірлікке қысқарды (194-тен 175 бірлікке дейін);
- Құрылымдық бөлімшелердің саны 4 бірлікке қысқарды (31-ден 27 бірлікке дейін);
- CEO-2 деңгейіндегі қызметкерлердің саны (директорлар, басшылар, кеңесшілер) 37-ден 29-ға дейін қысқарды.
- CEO-3 деңгейіндегі қызметкерлердің саны (бөлім басшылары) 13-тен 0-ге дейін толық қысқарды.

2021 жылы төмендегідей өзгерістер енгізілді:

Сонымен қатар, корпоративтік басқару тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 4 мамырдағы шешімімен (№ 05/21 хаттама) Басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымы енгізілді.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестік

Компания 2020 жылы Компанияның ағымдағы қызметінің Кодекс қағидаттары мен ережелеріне нақты сәйкестігін бағалап, талдау жасады, оның нәтижелері компанияның Кодекстің негізгі қағидаттары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз еткенін көрсетеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Кодекстің 64 ережесінің 59-ы сәйкес келсе, 5-еуі ішінара сәйкес келді. Сәйкессіздіктер «Үкімет Қордың акционері ретінде» және «Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі» бөлімдерінде көрсетілді:

«Үкімет Қордың акционері ретінде» деген 1-тараудың 2-тармағы, оған сәйкес ұйымдар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша оңайлатуға ұмтылуы тиіс. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына түрлі ұйымдық – құқықтық нысандағы еншілес ұйымдар: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кіреді.

1. «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысын, сондай-ақ осыған байланысты Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен «Самұрық-Қазына» АҚ уәкілетті органдарының «Самұрық-Энерго» АҚ-ны сату тәсілі мен стратегиясын, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ тобына кіретін компаниялардың периметрін бекіту мәселесі бойынша қабылдаған шешімдерін орындау шеңберінде компанияны сату жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру себепті, қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық-құқықтық нысандарының құрылымын өзгерту/оңайлату болжанбайды.

2. «Үкімет Қордың акционері ретінде» деген 1-тараудың 15-тармағы, оған сәйкес іскерлік этика қағидаттарын сақтау және ұйымда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалады, ол жылына кемінде бір рет өзінің қызметінің нәтижелерін бағалайтын ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетіне және Аудит комитетіне жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы есеп береді. Осылайша, Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және Компанияда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында 2019 жылғы 23 тамызда Компанияның Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго жергілікті кәсіподағы» ҚБ Төрағасы О.Т. Бекбасты өкілеттілік мерзімін 2020 жылғы 23 тамызға дейін белгілей отырып, Омбудсмен етіп сайлады және тағайындады (№ 07/17 хаттама). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам Омбудсменінің өкілеттік мерзімі аяқталды, Жаңа Омбудсменнің кандидатурасын сайлау туралы шешім қабылданған жоқ. Сондай-ақ, 2020 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің және Аудит комитетінің қарауына Омбудсменнің есептері енгізілмеген.

3. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 5-тармағы, оған сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы қажетті дағдылар, білім және құзыреттер бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етеді, бірақ гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етпейді.

4. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 13-тармағы, оған сәйкес Директорлар кеңесі, ұйымның Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Компанияда Директорлар кеңесінің 2019 жылғы қызметін бағалау «Самұрық-Қазына» АҚ жоспарлаған корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасына байланысты жүзеге асырылған жоқ. Алайда, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2020 жылғы 17 қыркүйектегі хатына сәйкес (№ 20-07-50.8/5050) корпоративтік басқару диагностикасы 2021 жылға ауыстырылды. Осыған байланысты, 2019–2020 жылдардағы қызметтің өзін-өзі бағалауы 2021 жылғы 1-2 тоқсанда жүргізілетін болады.

5. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 18-тармағы, оған сәйкес Директорлар кеңесі Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды, сондай-ақ атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтатады. Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, Басқарма мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады (Басқарма Төрағасын қоспағанда).

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған. Корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, соған сәйкес оны Жалғыз акционер реттейді.

Компания корпоративтік басқарудың ұлттық және әлемдік стандарттарын ұстанудың маңыздылығын мойындай отырып, алдағы уақытта да барлық мүдделі тараптар тарапынан сенімнің жоғары деңгейін қолдау және бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару жүйесін жоспарлы түрде дамытуға ниетті.

Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы толық есеппен мына сілтеме бойынша толық көлемде таныса аласыз: *https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/other-statements*

АКЦИОНЕР

«Самұрық-Энерго» АҚ акцияларының 100%-ы Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі (www.sk.kz).

Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жасау оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілей отырып, Компанияны басқарады.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Акционерлердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Компанияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның мүшелерін сайлауды, олардың өкілеттіктерін тоқтатуды, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауды; айқын және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер алуға қатысуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілеу арқылы Компанияны басқаруды қамтамасыз етеді.

Акционерлік капиталдың құрылымы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 09.06.2020 ж. шешімін орындау мақсатында 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционері белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру арқылы 125 дана акция орналастырылды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздар саны 8 602 187 данаға жетті, орналастырылған бағалы қағаздар саны – 5 601 812 дана. Бір жай акцияның номиналдық құны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10 000 теңгені құрады.

Бір жай акцияның баланстық құны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 86 937 теңгені құрады.

Бір акцияның пайдасы 1 429 теңгені құрады.

Дивидендтік саясат

Компанияда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 2 қазандағы шешімімен бекітілген (№ 39/12 хаттама) еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дивидендтік саясаты жұмыс істейді.

Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:
- 1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;
- 2) Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру;
- 3) Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) Компания қызметін қаржыландыруды, оның ішінде Компания есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 5) дивидендтер мөлшерін анықтау тетіктерінің ашықтығы;
- 6) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (Компанияның дамуы) мүдделерінің теңгерімділігі.

Дивидендтер мөлшері Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған жылдық аудит жүргізілген қаржылық есептілігінде көрсетілген ұйымның таза кірісінің сомасына сүйеніп есептеледі.

Жалғыз акционердің Шешімдеріне сәйкес төленген дивидендтердің мөлшері

Кезең	Сома
2020 ж. (2019 ж. нәтижелері бойынша)	3 066 231 000
2019 ж. (2018 ж. нәтижелері бойынша)	2 041 000 000
2018 ж. (2017 ж. нәтижелері бойынша)	2 041 000 000

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылық жасайды және атқарушы органның қызметіне бақылау жүргізеді.

Кеңес заңнамаға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өзінің Компания алдындағы міндеттерін, атап айтқанда, оның пікірінше, акционерлердің ең жақсы мүдделеріне және Компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуына сәйкес келетін шешімдерді қабылдау кезінде бизнестің табысты болуына жәрдемдесу міндетін әрқашан назарға алады.

Жоғары сапалы Директорлар кеңесі – біздің Стратегиямызды табысты іске асырудың кепілі, сондықтан теңгерім директорлар саны тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, дағдылардың, білімнің және ойлау стилінің әртүрлілігі тұрғысынан да Кеңес құрамына қойылатын маңызды талап болып табылады.

Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе мен жеке басының мінездемелері бойынша әртүрлілік қамтамасыз етілген, алайда Директорлар кеңесінің құрамында әйелдердің болмауына байланысты Кеңестің гендерлік құрамы әркелкі емес.

2020 жылы Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 адамнан, оның ішінде 2 тәуелсіз директордан тұрды, бұл қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық мүдделі тараптар мен Компанияның мүдделеріне сәйкес әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Тәуелсіз директорларды сайлаудың негізгі критерийі қандай да бір Тараптың ықпалынан тәуелсіз объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті деңгейде кәсібилік пен тәуелсіздікке ие болу болып табылады. Тәуелсіз директорлар Компанияда үздік әлемдік тәжірибе стандарттарын қолдану үшін тәжірибелері мен білімдерімен белсенді түрде бөліседі. Тәуелсіз директорлар-Директорлар кеңесінің комитеттерін басқарады және халықаралық басқару тәжірибесін енгізеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсенді қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу). «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тәуелсіз директоры тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалайды.

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



АҚШОЛАҚОВ Болат Оралұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Акционердің мүддесін білдіретін өкіл

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Туған жылы:
1971 жылғы 9 сәуір

Бірінші сайланған күні:
2021 жылғы 26 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

«Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры

Стратегиялық және корпоративтік басқару, экономика, қаржы, заңтану және аудит саласындағы сарапшы

ЕСІМХАНОВ Сұңғат Қуатұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Туған жылы:
1973 жылғы 30 қараша

Бірінші сайланған күні:
2021 жылғы 12 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Энергетика, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және құқықтану саласындағы сарапшы

Кеңестің әрбір мүшесінің түйіндемесінің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz.

КРАВЧЕНКО Андрей Николаевич

Директорлар кеңесінің мүшесі

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Туған жылы:
1966 жылғы 19 шілде

Бірінші сайланған күні:
2021 жылғы 26 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

«Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі

Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және заңтану саласындағы сарапшы

Андреас СТОРЗЕЛ

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы:
Германия Федеративтік Республикасы

Туған жылы: 1963 жылғы 12 қазан

Сайланған күні:
2019 жылғы 24 маусым

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің төрағасы; Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі, Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі

Корпоративтік басқару, стратегия, қаржы, инвестициялар, бірігу және қосып алу саласындағы сарапшы

Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- NEOM атқарушы директоры, Сауд Арабия.
- 2019 жылдан бастап – Grid & Infrastructure, innogy SE Бизнесті дамыту жөніндегі вице-президенті, Германия
- 2014–2018 жж. – innogy Middle East&North Africa бас директоры, Дубай, БАӘ

Хоакин Галиндо ВЕЛЕЗ

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы:
Испания Королдігі

Туған жылы:
1957 жылғы 27 тамыз

Сайланған уақыты:
2019 жылғы 24 маусым

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі

Стратегия, бизнесті басқару, өндіру, инжиниринг және құрылыс салалары бойынша сарапшы

2020 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның тәуелсіз директорлары тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен (№ 13/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Есімханов Сұңғат Қуатұлы сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және оның төрағасы болып Ақшолақов Болат Оралұлы сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Кравченко Андрей Николаевич сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Алмат Күнжолұлы Жәмиевтің өкілеттігі тоқтатылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 24 маусымдағы шешімімен (№ 20/19 хаттама) 2020 жылғы маусымда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Лука Сутераның өкілеттік мерзімі аяқталды.

2021 жылы корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Компанияда Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілді. Өзін-өзі бағалау Компанияның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің күшімен Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы жетекші практика негізінде әзірленген Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау әдістемесі негізінде өткізілді.

Әдістемеге сәйкес, бағалау технологиясы Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі Комитеттерінің барлық мүшелері арасында сауалнама жүргізуді қамтыды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды көрсетті. Атап айтқанда, персоналды дамыту, еншілес компанияларды басқару, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту сияқты негізгі бағыттар айқындалды.

Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Компанияның Директорлар кеңесі мен корпоративтік басқару қызметінің деңгейін арттыру мақсатында әлсіз жақтарды жоюға бағытталған практикалық іс-шаралар жоспары ұсынылды.

Бағалаудың жалпы рейтингі ықтимал 7 (AAA) ішінен 6 (AA) құрады, бұл дегеніміз:

Компанияның Директорлар кеңесі барлық маңызды аспектілерде барлық белгіленген критерийлерге сәйкес келетінін және Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істейтіндігін жеткілікті деңгейде растап отыр.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды көрсетті. Атап айтқанда, персоналды дамыту, еншілес компанияларды басқару, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту сияқты негізгі бағыттар айқындалды.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесін дамыту бойынша 2021–2022 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қызметтің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту мақсатында Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің Сабақтастық жоспары жұмыс істейді, оның ішінде жоспарды орындау бойынша Іс-шаралар жоспары да бар.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі, сондай-ақ тәуелсіздікті, кәсіби біліктілік пен тәжірибені қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, әралуандық факторларын ескере отырып, ұсыну мен іріктеу кезінде пайдаланылатын критерийлер Директорлар кеңесі туралы Ережеге, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттар мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды басқару үшін Директорлар кеңесі пайдаланатын рәсімдерді регламенттейді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Кеңестің жаңадан сайланған мүшесіне өзінің құқықтарымен, міндеттерімен, компанияның қызметінің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен, оның ішінде ең жоғары тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысуға мүмкіндік беретін лауазымға бағыттау бағдарламасы бекітілді.

Директорлар кеңесінің отырыстары



Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Жалпы статистика	**95%**	**100%**	**100%**
Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы	–	100%	100%
Лука Сутера*	100%	100%	–
Андреас Сторзел	100%	100%	100%
Хоакин Галиндо Велез	100%	100%	100%
Жәмиев Алмат Күнжолұлы	–	100%	100%
Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы	100%	100%	100%

** 2020 жылғы 24 маусымға дейін (өкілеттіктерінің аяқталу мерзімі)*

2020 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 162 мәселені қарады. Директорлар кеңесін аса маңызды қаржылық және қаржылық емес проблемалар туралы хабардар ету рәсімі қолданыстағы заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес реттеледі. 2020 жылдың нәтижелері бойынша мұндай жағдайлар болған жоқ.

Директорлар кеңесі шешім қабылдаған мәселелер



Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін Тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және директорлар кеңесі комитеттерінің тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі. Тәуелсіз директорларға төленген 2020 жылғы барлық сыйақы 187 707 АҚШ долларын немесе 76 937 592 теңгені құрады.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Кеңес өз атынан белгілі бір міндеттерді орындау үшін мәселелер мен қабылданатын шешімдерді неғұрлым терең зерделеу және сапалы пысықтау мақсатында тиімді жұмыс істеуі және тиісті назар аударуы үшін өз комитеттеріне өкілеттік береді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер жұмыс істейді: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау комитеті, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

Комитеттер бойынша отырыстарда қаралған мәселелер саны



Аудит комитеті

Комитет қызметінің мақсаты Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеуге қатысты мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне жәрдем көрсету, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылау жасау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – Аға тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Аудит комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыстар саны	12	8	8
Тікелей нысанда	12	8	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			66

Негізгі қаралған мәселелер

Қаржылық есептілікті әзірлеу мәселелері бойынша атқарушы органмен, сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізілді. Ішкі аудит қызметі, «Комплаенс» қызметі және «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаменті жұмыстарының мәселелері қаралды.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ол Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тағайындау және оларға сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыстар саны	12	8	9
Тікелей нысанда	12	8	9
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			45

Негізгі қаралған мәселелер

Есептік мерзім ішінде **Директорлар кеңесіне** «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Байқаушы кеңес/Директорлар кеңесі мүшелерін **сайлау мәселелеріне қатысты ұсыныстар берілді.** Компанияның Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директорын қызметке тағайындау туралы, Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директордың лауазымдық сипаттамасы мен оны бағалауды (Job description) бекіту туралы, Компанияның жаңа редакциядағы ұйымдық құрылымын бекіту туралы ұсыныстар берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәні, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен Корпоративтік хатшысының мотивациялық НҚК-сі қаралды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаты Компания қызметінің басым (даму) бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) әзірлеу, Компанияның инвестициялық жобаларын, шеберлік жоспарларын және Компанияның ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды іске асыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамуды басқару жүйесін ендіру мәселелері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыстар саны	10	8	8
Тікелей нысанда	10	8	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			43

Негізгі қаралған мәселелер

Тоқсан сайын мынадай: «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқаруды жетілдіру және Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы, Компанияның Даму жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестициялардың игерілуі туралы, Компанияның Цифрлық трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы **есептер қаралды.**

Компанияның Маңыздылық матрицасын, құны 1 млрд теңгеден асатын Екібастұз ГРЭС-1 № 4 Энергия блогын күрделі жөндеу жобасын, Қоғам деңгейінде шығаруға жататын стратегиялық емес активтердің (дивестициялардың) тізбесін, 2019 жылғы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және кері байланыс тетігі жөніндегі есепті **қарау.**

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитеттің мақсаты Директорлар кеңесіне қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау, бағалау, талдау және тиімді жұмыс жүргізу арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо– Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыс саны	4	4	4
Тікелей нысанда	4	4	4
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			7

Негізгі қаралған мәселелер

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы есепті тоқсан сайын қарау.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқыс оқиғалар мен бұзушылықтарды тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің тұжырымдамасын қарау.

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма нысанындағы алқалы атқарушы орган жүзеге асырады.

Басқарма Директорлар кеңесімен ынтымақтастық, барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау рухында өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания қызметінің, даму стратегиясының, даму жоспарының және Жалғыз акционер мен Басқарушы орган қабылдаған шешімдердің сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Атқарушы органның төрағасы мен мүшелері өз функцияларын орындау үшін қажетті жеткілікті білімге, дағдыларға және тәжірибеге, сондай-ақ мінсіз іскерлік пен жеке беделге ие.

Басқарма құрамы:

- Есімханов С.Қ.
- Жатқанбай Р.Қ.
- Түйтебаев С.С.
- Рысқұлов А.Қ.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 02/20 хаттама) Басқарма мүшесі М.А. Әмірханов өз өкілеттігін тоқтатты.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 наурыздағы шешімімен (№ 03/20 хаттама) Р.Қ. Жатқанбай «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№ 12/21 хаттама) Басқарма Төрағасы Б.Т. Жоламанов өкілеттігін тоқтатты.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 5 мамырдағы шешімімен (№ 05/21 хаттама) Басқарма мүшесі М.А. Ұлданов өкілеттігін тоқтатты.

«Самұрық-Қазына» АҚ Акционерлік қоғамы басқармасының 2021 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен (№ 13/21 хаттама) С.Қ. Есімханов Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

ЕСІМХАНОВ
Сұңғат Қуатұлы

Басқарма Төрағасы

1973 жылы 30 қарашада дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның атқарушы органына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Басқарма әр мүшесінің түйіндемесінің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz

ЖАТҚАНБАЙ Руслан Қазбекұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

1978 жылы 30 сәуірде дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның бекітілген стратегиялық басымдықтары шеңберінде Қазақстанның электр энергиясы нарығының моделін жетілдіру, сатып алу, маркетинг және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету процестерін басқару бойынша жұмысты жүзеге асырады, «Самұрық-Энерго» АҚ ақша қаражатын тиімді пайдалануды және кірістілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ҚР заңнамасына, Компанияның Жарғысы мен Даму стратегиясына сәйкес құқықтық қолдауды үйлестіреді.

ТҮЙТЕБАЕВ Серік Сүйінбекұлы

Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1958 жылы 27 мамырда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: компаниялар тобының өндірістік-техникалық қызметін үйлестіру және республикалық бюджет қаражатын компаниялар тобының жұмыс көлемінің уақытылы және сапалы орындалуына қатысты мақсатты игеруі бойынша жұмыстарды бақылау бойынша үйлестіреді және оған бақылау жасайды; қолданыстағы Өндірісті және күрделі құрылысты жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасының мәселелерін қарайды; «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында тарифтік науқанның уақтылы жүргізілуін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті бақылайды.

РЫСҚҰЛОВ Айдар Қайратұлы

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1981 жылы 20 қыркүйекте дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның қаржылық-экономикалық мәселелері, активтер мен пассивтерді басқару, қаржы тарту, бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелері саласындағы қызметін үйлестіреді, Даму стратегиясының орындалуын бақылайды.

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыс саны	30	39	35
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қатысуы	84%	99,74%	92,3%
Қаралған мәселелер саны	381	418	504

Негізгі қаралған мәселелер

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: ЕТҰ ішкі нормативтік құжаттары, ЕТҰ қызметкерлерінің жалпы саны, ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі, лауазымдық жалақыларының сызбалары, Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалақылары бекітіліп, ЕТҰ инвестициялық жобалары, ЕТҰ жарғылық капиталдары мөлшерлерінің өзгеруіне қатысты мәселелер, ЕТҰ жарғыларына өзгерістер енгізу, «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің ЕТҰ органдарында дауыс беруіне қатысты ұстанымдарын анықтау және басқаларына қатысты мәселелер қаралды.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компания Басқармасының қызметін бағалау және сыйақы беру шарттары мен тәртібін белгілеу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидалары жұмыс істейді.

Қағида мынадай қағидаттарға сүйенеді:

- сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланыстылығы;
- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНК-ге қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан теңгесімен, мың

	2019 ж.	2020 ж.
Негізгі басшы персоналға берілген барлық сыйақы	210 832	139 906

Негізгі басшы персоналдың сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйақысын және өзге де қысқа мерзімді сыйақыларын білдіреді. Негізгі басшы персонал 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5 адамнан тұрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5 адам).

Басқарма комитеттері

Басқарма жанында сарапшыларға мейлінше күрделі мәселелерді шешуде көмек көрсету үшін құрылған консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет шегінде әрекет етеді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Басқармаға Компанияның тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдауына көмектеседі, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, ішкі бақылауды ұйымдастыру, жүргізу, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, бақылауға және басқаруға арналған процестерді дамыту бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар дайындайды. Комитет сонымен бірге осы салалардағы жұмыстардың үйлестірілуін бақылау бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Қаржы контролері; «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз).

2020 жылғы есеп

Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	10
Негізгі мәселелер	• Негізгі тәуекелдер туралы сипаттама мен талдауы берілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019 жылғы IV-тоқсандағы, 2020 жылғы I, II және III-тоқсандағы тәуекелдерді азайту жоспарлары мен бағдарламалары бойынша мәліметтерді туралы ақпаратты алдын ала мақұлдау туралы; • «Самұрық-Энерго» АҚ Шоғырландырылған тәуекелдер тізілімін, Шоғырландырылған тәуекелдер картасын, әр негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтайтын Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылға арналған Негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспорттарын алдын ала мақұлдау туралы; • «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылға арналған тәуекелге тәбетін алдын ала мақұлдау туралы; • Департаменттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау туралы; • Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы; • Департаменттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру, ҚНК-ге мониторинг жүргізу, Даму жоспарларын, қаржылық есептілікті қарау.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қаржылық бақылау» департаментінің директоры; «Баға мониторингі және санаттарды басқару» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

2020 жылғы есеп

Отырыс саны	10
Қаралған мәселелер саны	11
Негізгі мәселелер	• Бірінші күнтізбелік жылға арналған Жылдық бюджеттің бекітілген көрсеткіштері шегінде Корпоративтік орталық пен ЕТҮ бюджетіне енгізілген түзетулерді келісу.

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттар үшін Кеңес инвестициялық және инновациялық қызмет, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыру, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлейді, Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Басқарма Төрағасы;
- **Комитет төрағасының орынбасары –** Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; Жобалау Офисінің басшысы; «Комплаенс» қызметінің басшысы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде; «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит Қызметінің бас аудиторы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде.

2020 жылғы есеп

Отырыс саны	8
Қаралған мәселелер саны	10
Негізгі мәселелер	• «Алматы энергетикалық кешенін газға көшіру. Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру» инвестициялық жобасының инвестиция алды кезеңін іске асырудың кейбір мәселелері туралы
	• «Іле өзенінде кері реттеуші Кербұлақ СЭС-ін салу» жобасы және жерге орналастыру жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша түзетулердің орындалуын мақұлдау туралы.

Кредит комитеті

Кредит комитетінің негізгі міндеттері «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен пассивтерінің құрылымын тиімді басқару жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, кредиттерді (қарыздарды) тартуға, беруге, қаржылық көмек көрсетуге және кепілдіктер беруге, тәуекелдерді барынша азайтуға байланысты мәселелер бойынша уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаментінің директоры; Жобалау Офисінің басшысы; Қаржы контролері.
- **Тәуелсіз сарапшы** – «Комплаенс» қызметінің басшысы

2020 жылғы есеп

Отырыс саны	6
Қаралған мәселелер саны	7
Негізгі мәселелер	• «Самұрық-Энерго» АҚ-ның екінші деңгейлі банктердегі депозиттерге қарыздар мен қаржылық көмек тарту/ұсыну, бос ақша қаражатын орналастыру бойынша мәселелері қаралды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет қызметінің мақсаты еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару саясаттары мен жүйелердің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар беру арқылы Компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешуде тиімді жұмысын қамтамасыз ету; өлімге әкеп соқтыратын барлық жаза-

тайым оқиғаларды, сондай-ақ маңызды инциденттерді және мұндай оқиғалар мен инциденттер нәтижесінде жасалатын шараларды талдау; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде кез келген тәуеліз аудиторлық тексерістердің нәтижелерін зерттеу, қозғалатын мәселелерге жауап ретінде әзірленген кез келген стратегияларға және іс-қимыл жоспарларына шолу және мүмкін болған жағдайда Директорлар кеңесіне аталған мәселелерге қатысты ұсыныстар беру болып табылады.

Комитет құрамы:

- **Комитет Төрағасы** – Басқарма Төрағасы:
- **Комитет Төрағасының орынбасары** – «Еңбекті және Қоршаған ортаны Қорғау» департаментінің директоры;
- **Комитет мүшелері** – «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және тарату» департаментінің директоры; «Корпоративтік басқару және орнықты даму» департаментінің директоры; «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау» департаментінің бас менеджері.

2020 жылғы есеп

Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	5
Негізгі мәселелер	• Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептерді қарау.
	• Комитеттің жұмысы туралы Жылдық есепті қарау.

КОМПЛАЕНС

Жедел желі:
Телефон: 800 080 47 47
Сайт: www.sk-hotline.kz
e-mail: mail@sk-hotline.kz

Компания іскери әдет-ғұрыптан және белгілі бір юрисдикциядағы бизнесті жүргізудің басқа жағдайларынан тәуелсіз іскерлік этика, ашықтық және заңдылықтың жоғары стандарттарын ұстанады.

Комплаенс бағытының негізгі міндеті «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді анықтау, бағалау, болдырмау және бақылау іс-шараларын жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құру және комплаенс тәуекелдерінің алдын алу болып табылады.

Компанияда бүкіл Қазақстан бойынша барлық еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлеріне қол жетімді көп арналы call-орталығы қызмет көрсететін бірыңғай «Жедел желі» жұмыс істейді.

Сауалнама нәтижелері бойынша сұралғандардың 86%-ы «Жедел желі» жұмысына сенетіні анықталды, сондай-ақ жұмысқа қанағаттану 70%-ды құрады.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын, әрі сақталуы Компанияда жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін талаптарды анықтау мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

2018 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-да Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты қолданылады, оның аясында басшы қызметкерлер, бөлім басшылары және одан жоғары басшылар мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы декларация толтырады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-дағы бос лауазымдар мен еншілес және тәуелді ұйымдардағы басқарушы лауазымдарға үміткерлерді (лауазымдар тізбесіне сәйкес) іріктеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығыстарын болдырмау мақсатында оларды алдын ала біліктілік талаптарына сәйкестігіне және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен үлестестігіне тексереді.

«Комплаенс» қызметі мүдделер қақтығысының орын алу жағдайларын үнемі қадағалап отырады, 2020 жылы 1 ықтимал мүдделер қақтығысы реттелді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Компания мынадай қағидаттарға негізделген өз ұстанымын қалыптастырды:

- Комплаенс жүйесін дамытуға басшылық тарапынан белсенді қызығушылық таныту және қолдау көрсету. Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді кезеңдік негізде қарайды.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және одан әрі өзектендіру бойынша іс-шараларды тұрақты түрде жүргізеді.
- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына жауап беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша рәсімдерді әзірлейді және енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіреді және өзектендіреді.
- Компания қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттарын оқыту бағдарламасын іске асырады және қолдайды.
- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
- Компанияны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты да адалдықты (Due diligence) тексеру рәсімдері әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері үшін комплаенс саясат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қабылдаған талаптарды түсіндіру бойынша тұрақты түрде оқыту іс-шаралары жүргізіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының барлық қызметкерлері Мінез-құлық кодексінің, Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарымен 100% танысты, сондай-ақ қызметкерлер тестілеуден өтті.

2020 жылы сыбайлас жемқорлық қызметі аясында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

2020 жылы 6 қазанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 365-VI Заңға қол қойды.

Осы заңнаманың талаптарына сәйкестендіру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да корпоративтік комплаенс мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2020 жылдың 12 қарашасында Корпоративтік орталық (офлайн) пен еншілес және тәуелді ұйымдардың (онлайн) басшы құрамы мен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдерімен кеңес өткізілді. Кеңесте заңнаманың сыйлықтар бойынша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерін кеңейтуге қатысты жаңа талаптары түсіндірілді.

Оқыту

Атауы	Барлығы	Әкімшілік-басқару персоналы	Өндірістік персонал	Оқыту нақты
«Самұрық-Энерго» АҚ	195	195	0	100%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	565	57	508	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	116	19	97	100%
«Шардара СЭС» АҚ	137	18	119	100%
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	1 504	107	1 340	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	3 922	168	3 754	100%
«АлЭС» АҚ	3 158	220	2 938	100%
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	1 422	142	1 280	100%
«Богатырь Көмір» ЖШС	6 584	490	5 993	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	24	10	14	100%
«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС	22	11	11	100%
«БЖЭС» ЖШС	26	11	15	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	21	21	0	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	10	10	0	100%
«Тегіс Мұнай» ЖШС	3	3		
«Ereymentau Wind Power» ЖШС	16	15	0	100%
«Казгидротехэнерго» ЖШС	1	1	0	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	57	21	36	100%
БАРЛЫҒЫ	**17 783**	**1 520**	**16 105**	**100%**

Жыл сайын Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын білу бойынша тексерулер жүргізіледі.

2020 жылы Компанияның «Комплаенс» қызметі «Жедел желіге» түскен өтініштер бойынша 10 комплаенс-тексеру жүргізіп, еншілес және тәуелді ұйымдарда ішкі нормативтік құжаттар мен заңнама талаптарының бұзылғанын анықтады.

Еншілес және тәуелді ұйымдардағы тексерулер мен тергеулердің нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ басшылар мен жауапты қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша Компаниялар тобында еншілес ұйым басшысының іс-әрекетінде орын алған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелген жоқ.

ОМБУДСМЕН

Пошталық мекенжайы: o.bekbas@samruk-energy.kz
Телефон: +7 (7172) 69-23-56

Омбудсмен тәуелсіз тарап ретінде әрекет ете отырып, Компанияда корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнықтыруға және дамытуға ықпал етеді.

Омбудсменнің міндеттері:
- еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу;
- қадағалайтын Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға, қақтығыстар мен даулардың алдын алуға, оларды реттеуге жәрдемдесу;
- Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасында бейресми қарым-қатынасты қамтамасыз ету, осы негізде проблемалар мен жетілдіруге арналған бағыттарды, Компанияның саясаты мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды уақытылы анықтау;
- Омбудсмен Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестің, ал болған жағдайда Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестің жанындағы Аудит комитетінің қарауына өздері анықтаған жүйелі сипаттағы және тиісті (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстарды ұсынады.

2020 жылдың нәтижесі бойынша Омбудсменге түрлі сипаттағы ауызша өтініштер, барлығы 20 өтініш келіп түсті. Барлық өтініш білдірушілер өз сауалдары бойынша толық, тиянақты жауап алды. Өтініштер мен оларға берілген жауаптар тұтастай алғанда Компанияның әлеуметтік тұрақтылығына жағымсыз әсерін тигізбеді. Омбудсменге нәсілдік, діни ұстаным, ұлттық, жыныстық, жас ерекшелік, саяси және басқа да кемсітушілікке қатысты ешбір өтініш жасалған жоқ. Осыған орай жазбаша өтініштер де жасалмады.

ҚЫЗМЕТ АУДИТІ

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру арқылы Компанияның стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне көмектеседі.

Қызметтің миссиясы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде өз міндеттерін орындауда Директорлар кеңесі мен атқарушы органға қажетті көмек көрсету болып табылады.

2020 жылдың наурыз айында ІАҚ жаңа басшысы болып Бекжан Бейсенұлы Қасымбеков тағайындалды. ІАҚ басшысы Алматы энергетика және байланыс университетінің бакалавр дәрежесіне ие. Ланкастер университетінің магистрлік дәрежесін бітірген (Ұлыбритания, «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының стипендиаты). Түрлі халықаралық кәсіби сертификаттарға ие, соның ішінде Ұлыбританияның Dip ICFM халықаралық қаржы менеджерлері институтының (DipCPIA), EXIN халықаралық институтының (ITIL) сертификаттарына ие. Түрлі жылдары халықаралық аудиторлық компанияларда (Ernst & Young, PricewaterhouseCoopers), «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Ішкі аудит қызметінде және т. б. жұмыс істеді.

2020 жылы Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) тобы бойынша 20 жоспарлы аудиторлық тапсырма орындалды:
- Компания тобы бойынша сатып алу процесі тиімділігінің аудиті;
- Компания тобы бойынша Цифрлық трансформация бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау;
- Компания тобы бойынша басшы қызметкерлердің ҚНК-ні орындау дәрежесін бағалау;
- IT-аудит, адам ресурстарын басқару процестерін бағалау және т. б.

Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес орындалды. Жүргізілген аудиторлық тексерулердің қорытындысы бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар берілді.

Аудиторлық тапсырмалардың басымдылығы өзіне тән тәуекелдері неғұрлым жоғары процестерді таңдау арқылы, сондай-ақ Жалғыз акционер мен «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аудиторлық тексерулерді жүргізуге басым сұраныс жасауы арқылы анықталды.

Компанияда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде 2020 жылы ІАҚ төмендегідей іс-шаралар жоспарларын орындау бойынша жұмыстарды жалғастырды:

- ІАҚ стратегиялық даму жоспары;
- Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы;
- Ішкі бақылауды тестілеуге негізделген аудиторлық тексерулерге көшудің үш жылдық жоспары.

Бұған қоса, ІАҚ тоқсан сайын сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізіп, ІАҚ ұсынымдарының орындалуы бойынша өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалайды.

2020 жылдың IV-тоқсанында «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз компаниясы тарапынан ІАҚ қызметіне сыртқы бағалау жүргізілді. ІАҚ нәтижелері бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ қызметін Директорлар кеңесі «ТИІМДІ» деп бағалады.

Сапа менеджменті жүйесінің аудиті

Компанияда ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкес корпоративтік менеджмент жүйесі енгізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын ескере отырып, Компанияны тиімді және нәтижелі басқаруды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растау үшін Компания жыл сайын сыртқы аудиттен өтеді. Бұл TÜV NORD CERT рәсімдеріне сәйкес, энергетикалық активтерді корпоративтік басқару қызметі тұрғысынан менеджмент жүйесін қолдануды растау арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылы сыртқы қайта сертификаттау аудиті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ISO 9001 халықаралық стандартына сәйкестігін растады. Рәсімді «TUV Nord» халықаралық тәуелсіз компаниясының мамандары жүргізді.

Сыртқы аудит

Компанияның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер қызметтің сапасы мен құны болып табылады.

2012 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудиторы PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) әлемдік фирмалар желісі болып табылады.

PwC аудиторлық және кеңес беру қызметін ұсынуда жетекші орынға ие: аудит бойынша клиенттер қатарына FTSE 100 және Fortune 500 рейтингтеріне енген компаниялардың жартысына жуығы кіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде отын-энергетикалық кешен кәсіпорындарына көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту мақсатында PwC фирмасы аясында Дүниежүзілік энергетикалық қызмет құрылды, онда 4 000-нан астам маман жұмыс істейді.

*Неғұрлым толық ақпаратты **www.pwc.kz** сайтынан алуға болады.*

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясатына сәйкес, Компания әр бес жыл сайын аудит үшін негізгі жауапкершілік арқалайтын серіктесті ауыстыру принципін қолданады. 2016–2017 жылдары аудит үшін Бауыржан Бұрханбеков негізгі жауапты серіктес болды. 2018 жылдан бастап негізгі серіктес – Дана Іңкәрбекова болды.

Бұған қоса «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ерекше. Сонымен, Компанияның міндетті аудитіне Компанияның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас аудиторы лауазымына тағайындалған (сайланған) күнінің алдындағы екі жылда аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде екі жыл бойына қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін тағайындау мүмкін болған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

PwC Компанияның мына ЕТҮ-ларында аудит жүргізеді:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания	2008–2010, 2012-қазірге дейін
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Павлодар облысында орналасқан электр станцияларында көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2013 – қазірге дейін
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желілердегі электр энергиясын техникалық тарату қызметі	2010, 2012- қазірге дейін
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр- және жылу энергиясын өндіру	2010, 2012- қазірге дейін
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қ. мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады	2008–2010, 2012-қазірге дейін
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру	2007 ж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу	2008, 2012- қазірге дейін
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2005–2009 жж.
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру	2008–2010, 2012-қазірге дейін.

Аудиторлық ұйымға 2020 жылы көрсетілген аудиторлық қызметі үшін төленген сыйлықақы

Қызметтер	«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы
2020 жылғы аудит үшін	32 364 000 теңге	168 200 597 теңге

2020 жыл ішінде PWC қаржылық есептілік аудитіне қатысы жоқ қызметтерді ұсынбады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі тиімді жұмыс істейді және тұрақты түрде жетілдіріліп отырады.

Жыл сайын Директорлар кеңесі Қоғамның тәуекелге тәбетін сандық және сапалық тұрғыдан анықтайды, тәуекел-тәбет негізгі қызмет түрлеріне қойылатын шектеулерді қамтиды және тоқсан сайын оның сақталуына бақылау жасалады.

Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, НТК (негізгі тәуекел көрсеткіштері) және Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, Компанияның Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынылады. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының 2020 жылға арналған тәуекелдерін сәйкестендіру бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметіне тән 33 тәуекел сәйкестендіріліп, бағаланды, НТК-нің шекті мәні жаңартылды, тәуекел иелері тәуекел факторлары мен оларды азайту шараларын өзектендірді.

Осы қайта бағалау нәтижелері бойынша 2020 жылға арналған Тәуекелдер картасының негізгі аймағына 10 тәуекел кірді (2019 жылы – 13 негізгі тәуекел):

Тәуекелдер картасы



№	Тәуекел атауы
1	Қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зақым келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі
2	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының іске асырылатын/перспективалық инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері
3	Өндірістегі авариялар және апаттар тәуекелі
4	Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі
5	Тарифті белгілеу тәуекелі
6	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының адам ресурстары тәуекелі
7	Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел
8	Валюталық тәуекел
9	Кредиттік тәуекел
10	Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптардын бұзу тәуекелі

Тәжірибе көрсеткендей, тәуекелдер бағалау және алдын алу қажет болатын бизнес-процестер қызметінің кез келген түрінде туындайды.

Бүгінгі күні тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша түрлі шешімдер бар, олардың бірі «Самұрық-Энерго» АҚ-да қабылданды.

2018 жылғы қарашадан бастап корпоративтік басқарудың маңызды бөлігі болып табылатын және мынадай өзгерістерге жататын үш кіріктірілген кіші жүйеден тұратын «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар басталды, олар:

- тәуекелдерді басқару жүйесі (жүйені жетілдіру);
- ішкі бақылау жүйесі (бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау және операциялық тиімділігін тестілеу бойынша жүйені пысықтау);
- қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (жүйені енгізу).

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру шеңберінде мынадай бірқатар іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалды:

- Жобаны іске асыру процесінде шешуші болып табылатын ЕТҰ-лар анықталды;
- Жобаны іске асыру жоспары анықталды, онда «Самұрық-Энерго» АҚ және оның негізгі ЕТҰ-лары үшін іс-шаралар белгіленді;
- Жобаны іске асыру үшін тартылған процестер анықталды (өндірістік және IT-процестері);
- «Самұрық-Энерго» АҚ-да және оның ЕТҰ-ларында Жоба шеңберінде 2020 жылға белгіленген қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар тағайындалды («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ);
- ЕТҰ-ларға белгіленген 2020 жылға есептелген процестер шекті топтарға бөлінді («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ);
- ЕТҰ-ларда («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ) 2020 жылға белгіленген ішкі нормативтік құжаттар (Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге

2020 жылғы негізгі өзгерістер (негізгі тәуекелдерді митигациялау)

Компанияның Даму стратегиясының орындалмау тәуекелі (ықтималдық бойынша ұлғаю - негізгі аймаққа өту)

- Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін пандемияның және басқа аурулардың салдарынан Қазақстандағы ТО/ТЖ режимінің әсері
- шаралар: белгіленген карантин талаптарына сәйкес

ЕТҮ-лардың іске асырылатын/перспективті инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері (өзгеріссіз)

- инвестициялық жобалардың жете игерілмеуі бойынша негізгі ауытқушылық «Богатырь Көмір» ЖШС-да ағынды кешен бойынша ҚМЖ-ны сатып алуға тендерлік рәсімдердің созылып кетуі салдарынан туындады
- шаралар: келісім жасалды, жұмыстар жүргізілуде

Қызметтік міндеттерін атқару процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне залал келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі (ықтималдық бойынша ұлғаю)

- жылдың басынан бастап еңбек қызметіне байланысты 8 жазатайым оқиға тіркелді
- шаралар: «Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің Жұмыс жоспарына сәйкес

Валюталық тәуекел (ықтималдылық бойынша төмендеу)

- валюталық міндеттемелерді төмендету
- шаралар: валюталық баға белгілеулердің өзгеру мониторингі, ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру жөніндегі іс-шаралар

Кредиттік тәуекел (өзгеріссіз)

- екінші деңгейлі банктердегі тұрақсыз жағдай
- шаралар: контрагент-банктерге арналған лимиттерді сақтау мониторингі, сондай-ақ ЕДБ тұрақтылығын тұрақты бағалау

Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптарды бұзу тәуекелі (өзгеріссіз)

- шаралар: ковенанттарды, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін сақтау мониторингі, борыштық жүктеме мен пайыздық төлемдер деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар

Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі (өзгеріссіз)

- шаралар: көтерме сауда нарығына электр энергиясын жеткізудің тәуліктік кестесін қалыптастыруға күнделікті қатысу және орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысу, ҚР көтерме сауда нарығының тұтынушыларын тарту

Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (әсер ету және ықтималдық бойынша төмендеу)

- Жобалар портфелін реформалау
- шаралар: Жол картасының орындалуына мониторинг жүргізу

Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі (өзгеріссіз)

- шаралар: күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындау, жабдықтардың техникалық жай-күйін мерзімді куәландыру, кәсіпорындардың жедел персоналына нұсқамалар мен авариясға қарсы жаттығулар жүргізу

Тариф белгілеу тәуекелі (өзгеріссіз)

- еншілес ұйымдардың қуатқа жеке тарифтерді алуы
- шаралар: ЕТҮ тариф саясатының мониторингі, уәкілетті органдарда тарифтердің қажетті деңгейлерін алу бойынша жұмыс, заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтарына қатысу

Компанияның адам ресурстары тәуекелдері (өзгеріссіз)

- шаралар: кадр резервімен жұмыс, электр энергетикасы және көмір саласы үшін басым мамандықтар бойынша мамандар даярлау мәселелерімен білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, қоғам қызметкерлері үшін оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастыру, меритократия қағидаттарын енгізу, ынталандыру жүйесін дамыту

асыру қағидалары, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидалары) әзірленді;

- «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕТҮ-ларында 2020 жылға белгіленген қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары мен Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары әзірленді («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ);
- Жобаны іске асыру аясында негізгі ЕТҮ-лар үшін қолданыстағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде Ішкі бақылау жүйесін тестілеу әдістемесінің жобасы әзірленді;
- Жобаны іске асыру барысында негізгі ЕТҮ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету Ережелеріне сәйкес қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесін тестілеу Методикасының жобасы әзірленген;
- «Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелеріне сынама тестілеу өткізілді;
- есептік кезең ішінде Жоба қызметі аясында мерзімді түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- Жобаның іске асырылу барысына тексеру жүргізілді (барып көру арқылы).

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Орнықты дамуды басқару 108
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 113
«Экономикалық» санат 115
«Экологиялық» санат 122
«Әлеуметтік» санат 132

79%

2020 ЖЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ РЕЙТИНГІ

5 904 747

2020 ЖЫЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМСАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (МЫҢ ТЕНГЕ)

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ **СЕНІМДІЛІК**

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ, БҰҰ ОДМ, МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ТАЛАПТАР, БАСТАМАЛАР

СТРАТЕГИЯ	МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	БИЗНЕС-ПРОЦЕССТЕР	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ
Үш құрамдас бөлік бойынша (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) ішкі және сыртқы жағдайды талдау, тұрақты даму саласындағы қауіп-терді анықтау, миссия мен көзқарастардағы қағидаттарды іске асыру	Мүдделі тараптарды картасын салу және оларды тарту әдістері / арналары	Тұрақты даму жөніндегі нұсқаулық, тұрақты даму саласындағы тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру	Директорлар Кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарын ұстану. Шешімдер қабылдаудың негізгі және шешуші процестеріне тұрақты дамудың интеграциялау	Даму бойынша тұрақты бастамалар, саясат, жоспарлар және мүдделі тараптардың қатысуымен жобалар

Үнемі есеп беру, көрсеткіштердің орындалуын бақылау, мақсаттарға қол жеткізу және KPI бағалау, түзету шараларын қабылдау, мүдделі тараптар үшін тиімді кері байланыс. Үздіксіз жетілдіру мәдениетін енгізу. Шенеуніктер мен қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы үздіксіз білімі.

Орнықты даму қағидаттары үш деңгей тұрғысында ендірілді.

1. Стратегиялық интеграция – орнықты даму қағидаттары Стратегияға енгізілді (толығырақ «Стратегия» бөлімінде);

2. Операциялық интеграция – Компания басшылығы барлық корпоративтік шешімдерді орнықты даму саласындағы қағидаттар мен мақсаттарға сәйкестік критерийлеріне сүйене отырып қабылдайды;

3. Мәдени интеграция Компаниядағы қызметкерлерді оқыту, Компанияның корпоративтік порталына мақалаларды орналастыру шеңберінде, сондай-ақ Мінез-құлық кодексі шеңберінде іске асырылады (толығырақ «Әлеуметтік аспект» бөлімінде).

Компанияның орнықты даму саласындағы негізгі трендтерімен және тәуекелдерімен мына сілтеме бойынша танысуға болады: *https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholders-and-investors/annual-reports-on-the-results-of-the-company-s-activities.*

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын біріктіре отырып, орнықты дамудың 17 мақсатын ұстанады. Компания ОДМ-ның әрқайсысын көрсететін экологиялық және әлеуметтік мәселелердің өзектілігін және кез келген ұйымға әсер ететінін біледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде БҰҰ-ның мынадай орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосуға ұмтылады:

1-мақсат: Кедейліктің барлық түрлерін кеңінен жою

2-мақсат: Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақты жақсарту және ауыл шаруашылығының орнықты дамуына жәрдемдесу

БҰҰ мәліметтері бойынша, бүкіл әлемде кедейлік жағдайында өмір сүретін адамдардың саны 1990 жылғы 36%-дан 2015 жылы 10%-ға дейін азайды, COVID-19-дың салдарынан дағдарыс ондаған жылдар бойы кедейшілікпен күресте қол жеткізген прогресті жоққа шығару қаупін туғызып тұр. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы жұмыс орындарын сақтауға және жалақыны индекстеуге ұмтылады (2020 жылдың нәтижелері бойынша индекстеу орташа есеппен 7,5%-ды құрады). 2020 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы ұқсас көрсеткішке қатысты 12%-ға өсті (толығырақ «Әлеуметтік аспект» бөлімінде).

Компания жергілікті халықтың шаруашылықтарын тұрақты жүргізу мүмкіндігі үшін өзіне қарасты барлық өңірлерін, оның ішінде шалғай аудандар мен елді мекендерді үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ әлеуметтік-жауапты компания бола отырып, еншілес ұйымдар орналасқан өңірлердің әлеуметтік әл-ауқатына назар аударуға ұмтылады. 2019 жылы еншілес және тәуелді ұйымдар орналасқан өңірлерде қайырымдылық бағдарламаларын іске асыру және оларға қолдау алу мүмкіндігі мәселелері бойынша «SK-Trust» КҚ-мен белсенді өзара іс-қимыл басталды.

2020 жылы Компания әлеуметтік сипаттағы өзекті орын алып отырған мәселелерді анықтау бойынша жұмыс жасады, жұмыс нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек алу үшін «SK-Trust» КҚ-ға өтінімдер жіберілді. Атап айтқанда, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымдары («АлЭС» АҚ, «Samruk-Green Energy» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «БЖЭС» ЖШС) жергілікті атқарушы органдармен белсенді жұмыс жүргізу нәтижесінде қатысу өңірлеріндегі өткір әлеуметтік проблемалардың тізімін, сондай-ақ осы проблемаларды шешу шеңберінде жобаларға бастамашылық жасауға және оларды іске асыруға қабілетті коммерциялық емес ұйымдардың тізімін анықтады.

Жыл сайын Компания мүгедектерге, тұрмысы төмен азаматтарға, зейнеткерлерге, онкологиялық науқастарға көмек көрсету бойынша бірқатар әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырады (толығырақ «Әлеуметтік аспект» бөлімінде).

4-мақсат: Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу

Электр энергетикасының ерекшелігі жұмысқа жіберу және кәсіпқойлықтың жоғары деңгейін қолдау үшін кадрларды үнемі үздіксіз даярлауды және қайта даярлауды талап етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қызметкерлерді орнықты дамытуға және оқытуға ұмтылады. Қызметкерлерді оқыту және дамыту жабдықтардың және тұтастай алғанда, компанияның үнемді, апатсыз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі табыстың негізгі факторы болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ жетекші отандық жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істейді, оқытудағы басым бағыттардың бірі персоналға халықаралық танылған оқыту бағдарламалары бойынша сертификат беру болып қала береді (толығырақ «Әлеуметтік аспект» бөлімінде).

5-мақсат: Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

10-мақсат: Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту

«Самұрық-Энерго» АҚ «БҰҰ-Әйелдер» серіктестігі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты шеңберінде әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдайды. Бұл құжат орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарына бейілділікті, сондай-ақ әйелдер мен еркектерге тең мүмкіндіктер беретін компаниялардың неғұрлым табысты және үздік нәтижелерге қол жеткізетініне сенімділікті болжайды. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Компанияда іс-шаралар жоспары қабылданды, ол жұмыс күшінің және кадр резервінің құрамында әйелдердің санын арттыру, энергетикаға қатысы бар мамандықтарға түсуге қыздар мен әйелдердің санының көбірек болуын көтермелеу және осы сектордағы әйелдердің мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы хабардар болуын арттыру мақсатында білім беру ұйымдарымен әріптестік қатынастар орнату жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Сонымен қатар, Covid-19 пандемиясы және карантиндік шараларды енгізу «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының әдеттегі өмір салты мен жұмысын өзгертті. Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің және «Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» МКҚК студенттерімен тең мүмкіндіктерді ілгерілету бойынша жоспарланған дөңгелек үстелдер жалпы алғанда

елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарғаннан кейін өткізілетін болады.

Сонымен бірге Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) қолдауымен 2020 жылдың тамызында Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері және гендерді теңдікті насихаттау бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама мақсаты Қазақстанның жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК), Қазақстан Республикасының Үкіметімен тығыз байланыста, жаңартылатын энергия секторындағы кәсіпорындарда әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін насихаттау болып келеді. ЕҚДБ қолдау бағдарламасы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының еншілес ұйымдардағы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) және Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері секторларына гендерлік теңдікті көздеу мақсатымен әйелдерді тарту үшін жиналысқа қатысу, кездесу жүргізілді. 2021 жылғы есеп негізінде гендерлік теңдікті енгізу бойынша Қазақстандағы жаңартылатын энергетика саласындағы әйелдердің қатысуын кеңейту жол картасы жасалады.

Теңсіздікті қысқарту және ешкімді де назардан тыс қалдырмауды қамтамасыз ету орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады (Толығырақ «Әлеуметтік аспект» бөлімінде).

7-мақсат: Барлығы үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жаппай қол жетімділікті қамтамасыз ету

Компания «таза» энергияны (ЖЭК) дамытуға баса назар аудара отырып, энергияны тұрақты және кеңінен қолжетімді ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2020 жылы 31,385 млрд кВт*с құрады. «Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК нысандарының (КЭС, ЖЭС, шағын СЭС) электр энергиясын өндіруі 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 335,8 млн кВт*с құрады.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында жаңартылатын энергия көздері саласындағы екі жаңа жоба – Алматы және Ақмола облыстарындағы жел электр станцияларын салу іске асырыла бастады: Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында болашақта 300 МВт-ға дейін кеңейту мүмкіндігімен Шелек дәлізіндегі 60 МВт жел электр станциясының және Ақмола облысының Ерейментау қаласы ауданында орналасқан, белгіленген жиынтық қуаты 50 МВт жел электр станциясының құрылысы басталды.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ Шардара су электр станциясын толық жаңғырту бағдарламасын аяқтады. Барлық төрт гидроагрегатты ауыстыру бойынша ауқымды қайта құру СЭС қуатын 100-ден 126 МВт-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Жаңа жабдықтар су электр станциясының қызмет ету мерзімін 35-40 жылға дейін ұлғайтады, СЭС-ті пайдалану сенімділігін арттырады және апаттылық деңгейін азайтады.

2020 жылы Алматы облысында ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім аясында жүзеге асырылған 5 МВт Шелек жел электр станциясы пайдалануға берілді. Станцияның жобалық қуаты 5 МВт-ны құрайды, орташа жылдық өндіру шамамен 15 млн кВт*с электр энергиясын құрайды.

8-мақсат: Үдемелі, жан-жақты әрі тұрақты экономикалық өсуге, барлық адамдарды толық және өндірістік жұмыспен қамтуға, олардың лайықты жұмыс істеуіне жәрдемдесу

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының ірі жұмыс берушілерінің қатарына кіреді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы персоналының тізімдік саны 17 783 адамды құрады.

Есепті кезеңде толық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады. Әйелдердің ең төменгі жалақысының ерлердің ең төменгі жалақысына арақатынасы 100%-ды құрайды (бұл туралы «Қаржы-экономикалық есептілік» және «Әлеуметтік аспект» бөлімдерінде толығырақ).

9-мақсат: Тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

Барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру инновациялармен қатар жаңа технологияларды енгізу мен ілгерілетуде, халықаралық саудаға жәрдемдесуде және ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде басты рөл атқарады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да мынадай бірқатар жобалар жүзеге асырылуда:

- SKE.03.01P «Жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеуді енгізу» жобасы;
- «Деректерді талдау арқылы коммерциялық шығындарды талдау» жобасы;
- «Медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесін сынауды енгізу» жобасы.

«Екібастұз кен орнының № 3 қабатының күлі көп көмірін және құнарынан айырылған көмірді/көмірді байыту қалдықтарын жағуға арналған қазандық агрегаттарының от жағу құрылғыларының технологиясын әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысы орындалды.

«Назарбаев Университетінің ғылыми-инновациялық жүйесі» ЖМ аумағында «Таза көмір технологиялары» бірлескен ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды.

16-мақсат. Орнықты даму мүддесінде бейбіт сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру

Компания бизнес-этиканың, ашықтық пен заңдылықтың, іскерлік әдет-ғұрыптардан және белгілі бір юрисдикцияда бизнесті жүргізудің басқа шарттарынан тәуелсіз жоғары стандарттарын ұстанады. (Толығырақ «Комплаенс» және «Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл» бөлімінде).

17-мақсат: Орнықты даму мүддесін көздей отырып, Жаһандық әріптестік шеңберінде жұмысты жүзеге асыру құралдарын нығайту және жандандыру

Компания өз қызметі аясында мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға/ұйымдарға мүше болып табылады:

ТМД Электр энергетикалық кеңесі (бұдан әрі – ТМД ЭЭК).
Қадағалаушы ретінде қатысуды 2012 жылдан бастады. ТМД ЭЭК-ге мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін шоғырландыру процесіне қатысуға, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; энергия жүйелерінің параллель жұмыс істеуін камтамасыз етуге; ортақ электр энергетикасы нарығын құруға, энергетика саласында халықаралық шарттарды әзірлеуге; электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, техникалық ережелерді біріздендіру мен үйлестіруге және т. б. процестерге қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы (бұдан әрі – ҚЭҚ).
2011 жылдан бастап мүше болып табылады. ҚЭҚ-қа мүше болу ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ конференцияларға, семинарлар мен өзге де шараларға қатысуға мүмкіндік береді.

«KAZENERGY» қауымдастығы.
2009 жылдан бастап Қауымдастықтың мүшесі болып табылады. KAZENERGY қауымдастығына мүшелік ҚР-ның инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен іс-шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру шараларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық мәселелер бойынша көмек алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ҚР ҰКП).
2013 жылдан бастап ҚР ҰКП-ның мүшесі болып табылады. ҚР ҰКП-ға мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты нығайтуға, электр энергетикасы бизнесін тиімді дамытуға, оның ішінде ҚР заңнамалық базасын жетілдіру аясында дамытуға ықпал етеді.

БҰҰ Жаһандық шарты.
2011 жылдан бастап мүшелік етеді. БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылу аясында Компания өз стратегиясында және күнделікті қызметінде Жаһандық шарттың он қағидатын ұстанатыны туралы хабарлайды.

Орнықты дамудың көрсетілген мақсаттары аясында Компания бірқатар бастамаларды мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- жоғары этикалық стандарттарды ендіру және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру;
- орнықты даму қағидаттарын ендіру және барлық инвестициялық кезеңдерде жобалық басқару тәжірибесіне тәуекелге негізделген тәсілді қолдану: Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығына сәйкес, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға ықпал етуін бағалау және басқару (мәжбүрлі жер аудару, биоәртүрлілік, мәдени мұра және т. б.);
- қаржылық тұрақтылықты арттыру;
- адал және еркін бәсекелестік, өзара тиімділік, ашықтық және өзіне алған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарына негізделген жауапты сатып алуларға жәрдемдесу, сондай-ақ өнім берушілердің Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығында бекітілген Компанияның өнім берушілері үшін этикалық нормаларды және Басқарушылық қағидаттарды сақтау жөніндегі талаптарды енгізу;
- қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қатыстыру және халықаралық стандарттарды қолдана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тиімді бақылау жасауды көтеру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру;
- әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану, адам капиталына инвестициялар салу;
- экологиялық тұрақтылықты, оның ішінде экологиялық және экономикалық тұрғыдан ең үздік технологияларды іздеуді мен енгізуді, өндіріс процестерін оңтайландыруды, жаңартылатын энергия көздері жобаларын іске асыруды, ықтимал төтенше жағдайларды анықтау мен алдын-алуды қамтамасыз ету.

2020 жылғы Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын орындау бойынша есеп Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған: *https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability*

2011 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ БҰҰ Жаһандық шартының белсенді қатысушысы болып табылады және өзінің стратегиясы мен күнделікті қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидатын ұстанады.

БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылу шеңберінде Компания жыл сайын қол жеткізілген прогресс туралы хабарламаларды жариялап, оларды *https://www.unglobalcompact.org/* сайтында және Компанияның *https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability/soobshchenie-o-dostignutom progresse-v-2019-godu-ao-samruk-energo* корпоративтік сайтында жариялап отырады.

Компанияның қағидаттары, бағдарламалары, есептері, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы жаңа жобалары туралы барлық ақпарат пайда болуына қарай *https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability* корпоративтік сайтының «Орнықты даму» бөлімінде орналастырылады.

Компанияда мүдделі тараптардың толық тізімі анықталған және олармен өзара әрекеттесу барлық қызмет түрлерінің процесінде қолданылады. Мүдделі тараптарды анықтау кезінде олардың үлесі, мүдделері және оларды бағалау Митчел, Агл және Вуд моделі бойынша жүргізілді (толығырақ ақпаратты *https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainable-development#tab11* қараңыз). Мүдделі тараптардың картасына сәйкес, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жүзеге асады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Құндылық	Мүдделер салалары	Өзара іс-қимыл жасау платформасы
АКЦИОНЕРЛЕР		
Акционерлік капитал Стратегиялық бағыт пен бағдар Ақпаратты ашудың ашықтығын, стандарттары мен тәжірибесін арттыру	Өнімділігі Даму стратегиясын ендіру Дивидендтер Ақпаратты ашу ашықтығы	Басқару есебі Кездесулер және келіссөздер Жылдық есеп Веб-сайт Хат алмасу және сұраулар Көрмелер, форумдар және таныстырылымдар
ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР		
Стратегиялық ресурстар және мүмкіндіктер Болашақ даму үшін мүмкіндіктер	Озық әдістер мен стандарттарды енгізу Даму бағыттары бойынша әдістемелік қамтамасыз ету	Кездесулер, отырыстар Форумдар, дөңгелек үстелдер және жоғары деңгейдегі кездесулер Веб-сайт Жұмыс топтары Мәдени корпоративтік шараларды қалыптастыру
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР		
Адам капиталын дамыту Ынтымақтастыққа негізделген еңбек қатынастары Компанияға адалдық	Еңбекақы Әлеуметтік топтама Жұмыстың қауіпсіз шарттары Кәсіби өсу	Ішкі кездесулер Веб-сайт Тренингтер мен семинарлар Корпоративтік шаралар Корпоративтік БАҚ Сұраулар және сауалнамалар Басқарма және Директорлар кеңесінің отырыстары
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР, ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ		
Макроэкономикалық және әлеуметтік саясат Лоббилендіру мүмкіндігі	Салық және әлеуметтік аударымдар Жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуы Халыққа әсерін тигізетін жобаларға инвестициялар Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	Үкіметтік жұмыс органдарының қызметіне қатысу Хат-хабарлар және сұраулар Есептілік Заңнамалық және нормативтік реттеуге қатысты мемлекеттік органдармен үнқатысу
ХАЛЫҚ, ТҰТЫНУШЫЛАР		
Жұмыс күшінің тұрақтылығы және қақтығыстарды шешу Өзара қолдау және бейімделу	Қоғамдастықтың мақұлдауы Бедел және адалдық Өңірлерді дамыту Жылу мен энергиямен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету Қызметтерді сапалы ұсыну	Жылдық есеп БАҚ-тардағы жарияланымдар Жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен кездесулер Қоғамдық тыңдау Веб-сайт Әлеуметтік жобаларды дамыту Мүдделі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау жоспары
СЕРІКТЕСТЕР, ӨНІМ БЕРУШІЛЕР		
Жеткізілімдердің тиімді тізбегі және құнды жасау тізбегі Проблемаларды бірлесіп пысықтау, дамыту және шешу Стандарттарды өз еркімен қолдану	Сатып алудың ашықтығы Бизнес жүргізудің этикалық нормалары	Веб-сайт Жылдық есеп Конференциялар, кездесулер және келіссөздер Өтінім берушінің талап-арыздарын қарастыру Серіктестік туралы келісімдерге қол қою
БАҚ		
Ақпараттың айқындығы және ашықтығы Конструктивтік ынтымақтастық	Ақпараттың айқындығы және ашықтығы Беделдің рейтингі	Баспасөз хабарламалары, Баспасөз конференциялары, брифингтер, дөңгелек үстелдер Жылдық есеп Веб-сайт
КӘСІПОДАҚТАР		
Ішкі стейкхолдерлермен тиімді байланыс Әлеуметтік кепілдіктер	Ынтымақтастыққа негізделген еңбек қатынастары Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	Ұжымдық шарт Жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер беру

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында Компания жыл сайын Өзара іс-қимыл жоспарын әзірлейді. Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жоспары және мүдделі тараптармен кері байланыс механизмдерінің жұмысы бойынша жұмысты жақсарту жөніндегі ұсыныстары қоса берілетін есеп жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

2020 жылдың нәтижелері бойынша Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары бойынша іс-шаралар толық көлемде орындалды.

Стейкхолдерлермен Кері байланыс механизмі

Компания үшін сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің барлығының тыңдалуы өте маңызды. «Самұрық-Энерго» АҚда шынайы хабарлама қалдырған кез келген адамды құдалаудан және жауапқа тартудан қорғауға кепілдік беретін стейкхолддерлер үшін мынадай Кері байланыс құралдары жұмыс істейді:

- Жедел желі 24/7
  Телефон: 8 800 080 30 30, Сайт: nysana.cscc.kz, e-mail: nysana@cscc.kz
- «Кері байланыс» нысаны *https://www.samruk-energy.kz/ru/feedback-all* корпоративтік сайтында орналастырылған.
- Жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлердің қызметкерлері не жобаға қатысы бар тұлғалар *https://www.samruk-energy.kz/ru/obrat* сайтында өз пікірін білдіре алатын, енгізілетін инвестициялық жобаларға байланысты тұлғалар санаты үшін «Кері байланыс» нысаны.
- Акционерлер мен инвесторлар үшін Кері байланыс. Инвестордың сауалнамасы: *https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/ independent-registrar*
- Байланыс деректерін көрсете отырып, туындайтын мәселелер бойынша өтініштер мына сайтта: *https://www.samruk-energy.kz/ru/company/contac*t
- Омбудсмен
  o.bekbas@samruk-energy.kz электрондық поштасы арқылы
  8/7172/69-23-56 телефон нөмірі арқылы.

Компания жыл сайын келіп түсетін өтініштердің мониторингін жүзеге асырады, бұл Компанияның барлық мүдделі тараптардың алаңдаушылығын зерттеуіне, жүйелі проблемалық мәселелерді анықтауына, кейіннен ден қою үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бойынша қолданыстағы тетіктердің тиімділігін анықтауына мүмкіндік береді.

Өтініштердің статистикасы *

№ р/с	Дереккөз	Саны		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
1	Жедел желі	33	29	**46**
2	«Самұрық-Энерго» АҚ кеңсесі, оның ішінде:	9 773	10 297	**9 741**
	мемлекеттік органдардан	456	445	**298**
	Акционерден	537	617	**596**
	Өтініштер мен шағымдар	45	38	**72**
3	Тікелей Қауіпсіздік қызметіне	6	6	**2**
4	Сайттағы «Кері байланыс» нысаны	1	4	**6**
5	Омбудсмендер	39	28	**36**
6	Кәсіподақтар	26	28	**29**
7	Соттар мен қадағалаушы органдар	25	10	**10**
8	Басшыға келіп түскен жазбаша өтініштер	–	5	**2**
БАРЛЫҒЫ		**175**	**148**	**203**

** «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының ағымдағы қызметіне жатпайтын өтініштер шоғырландырылды*

Көрсетілген өтініштер қозғайтын аспектілер, ең көп өтініш берілген өңірлерді анықтау, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына жүгінген тұлғалар санаты, өтініштердің мәні бойынша статистика және шағымдарды талдау бойынша талданды. Әрбір шағымға белгілі бір санат берілді.

2020 жылы стейкхолдерлерді сыйақы төлеу, жұмыстан босату және жұмысқа орналастыру мәселелері қызықтырды.

Компанияға келіп түскен барлық өтініштерге жауаптар уақтылы берілді. Жауаптар мүдделі тараптар үшін қолайлы тәсілдермен берілді. Өтініштердің құпиялығы мен жасырындығы сақталды. Құдалау фактілері тіркелген жоқ.

Мүдделі тараптардың өтініштері бойынша қорытындылар Компанияның Директорлар кеңесіне жіберілді, онда ұсыныстар жасалып, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау сапасын жақсарту бойынша шаралар әзірленді.

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ» САНАТ

«ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҮЛЕСТІРІЛГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН» АСПЕКТІСІ

Қоғам қызметінің экономикалық тиімділігі құрылған және бөлінген экономикалық құн кестесінде көрсетілген.

Құрылған экономикалық құн Қоғамның кірісін қалыптастырудың негізгі көздерін, атап айтқанда, электр энергиясын өндіруден, жеткізуден және сатудан, сондай-ақ көмір сатудан түскен кіріс пен алынған сыйақыны көрсетеді.

Құрылған құн өнім берушілер мен мердігерлер, Компанияның қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар арасында бөлінеді.

Үлестірілген экономикалық құн	
Өнім берушілер мен мердігерлерге төлемдер	Операциялық шығындар – материалдар, өнім компоненттері, жабдықтар мен қызметтер үшін төлемдер және жалдау төлемдері және т. б. бойынша контрагенттерге төленетін ақша
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар және аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа да нысандары
Капитал өнім берушілеріне төленетін төлемдер	Барлық санаттағы акционерлерге төленетін дивидендтер мен кредиторларға төленетін пайыздар
Мемлекетке төленетін төлемдер	Салық аударымдары
Жергілікті қауымдастыққа инвестициялар	Қайырымдылық пен мемлекеттік емес ұйымдарға және зерттеу мекемелеріне қайырымдылық, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға жұмсалған шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру шараларын тікелей қаржыландыру

2020 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құн 382 млрд теңгені және бөлінген экономикалық құн 313 млрд теңгені құрады, нәтижесінде бөлінбеген экономикалық құн 69 млрд теңгені құрады.

Бекітілген 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, 2021 және 2022 жылдары құрылған және бөлінген экономикалық құнды ұлғайту жоспарлануда.

Экономикалық құн, млн теңге

Көрсеткіш*	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
	Нақты	Нақты	Нақты	Болжал	Болжал
Құралынған экономикалық құн	**352 681**	**337 794**	**382 199**	**447 167**	**523 658**
Сатудан түскен түсім	351 100	336 233	380 990	446 568	523 369
Алынған сыйақылар (пайыздар)	1 581	1 561	1 209	599	289
Үлестірілген экономикалық құн	**272 860**	**275 649**	**312 894**	**361 369**	**374 656**
Операциялық шығындар	161 571	161 556	194 357	239 696	252 203
Еңбекақы және әлеуметтік аударымдар	37 210	39 589	43 700	44 554	46 452
Капитал өнім беушілеріне төленетін төлемдер	34 047	32 369	32 571	33 984	30 645
Мемлекетке төленетін төлемдер	39 617	41 882	42 152	42 994	45 221
Үлестірілмеген экономикалық құн	**79 822**	**62 145**	**69 305**	**85 798**	**149 002**

** Бұрын көрсеткіштер есептеу әдісі бойынша есептелген. Ақшалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны болдырмау мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп деректеріне есептелген. Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындардағы иелену үлесін ескере отырып алынды.*

ҚЫЗМЕТІ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Климаттағы өзгерістер проблемасын әлемде соңғы онжылдықтарда үзбей айтып келеді. 1992 жылы 180-нен астам ел қол қойған БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік конвенциясы (БҰҰ КӨНК) әлемдік қоғамдастықтың осы мәселеге қатысты алаңдаушылығын растап отыр.

Сарапшылар пікірін негізге ала отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ климаттық тәуекелді ұйымның мәнмәтінін анықтауда және энергиялық ауысу стратегиясын әзірлеу кезіндегі SWOT-талдауда ескереді. Әділдігін айтар болсақ, дамыған елдер үшін мүмкіндік деп қабылданатын декарбонизацияға қатысты жаһандық тенденциялар дамушы елдер үшін үлкен тәуекелдер мен қиындықтар тудырып отыр.

Бір жағынан, жаһандық даму трендтерінен қалыс қалу қоршаған ортаға антропогендік әсер етумен байланысты әлеуметтік шығындарға және заманауи технологиялар мен қаржылық ресурстарға қол жетімділікті шектеуге әкеледі, ал екінші жағынан, ауысуды жеделдету экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуға, индустриясыздандыруға, электр энергиясы бағасының өсуіне, энергиямен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты проблемаларды айтпағанда, дәстүрлі салалардағы жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін.

Орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, электр энергиясының экономикалық қолжетімділігі, жабдықтау сенімділігі және экологиялық және әлеуметтік орнықтылық арасындағы оңтайлы теңгерімді сақтау үшін Самұрық-Энерго мөлшерлі және энергиялық ауысуға кезең-кезеңмен көшуге басымдық береді, әрі осы бағыт Қазақстан ОЭК-ін дамытудың неғұрлым ұтымды векторы болып табылатыны ескеріле отырып, жаңартылатын энергия көздері дәстүрлі энергия көздерімен қатар пайдаланылатын болады.

Сонымен қатар, баламалы энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру тәжірибесі мемлекеттік деңгейде шешілуі қажет бірқатар мәселелердің бар екенін көрсетіп отыр.

Компания процестері мен өнімдерінің көміртекті сыйымдылығын төмендету жөніндегі негізгі бағыттар мен мақсаттар компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясында және Экологиялық саясатында көрсетілген. Осылайша, Компанияда ЖЭК және СЭС-ті дамытуға үлкен көңіл бөлінеді, барлық жерде энергия менеджменті жүйелері енгізілген, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бағытында ауқымды бағдарламалар әзірленген, Алматы электр станцияларын газдандыру бойынша маңызды жоба жоспарланып отыр. Қоғамның қоршаған ортаға көміртекті әсері жоғары еншілес компанияларын ҚОҚ саласындағы уәкілетті орган Париж келісімінде мәлімделгендей, 2030 жылға қарай 1990 деңгейіне қарағанда ұлттық үлесті-15%-ке жеткізу үшін арнайы құрылған парниктік газдар шығарындыларына квоталар саудасының ұлттық жүйесі арқылы реттейді.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ МӘСЕЛЕСІ ТҰРҒЫСЫНАН «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЖАҒДАЙЫНА SWOT ТАЛДАУ

SWOT

S — КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- Компания активтерінде ЖЭК және СЭС нысандарының болуы
- ЖЭК жобаларын іске асыру тәжірибесі
- Мемлекет пен Қордың қолдауы

W — ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- Компания активтерінде отын электр станцияларының болуы
- Өндірістік шығындары төмен энергетикалық көмірдің үлкен қорларының болуы
- Тарифтердің мемлекет тарапынан реттелуі
- Жабдыққа оңтайлы жүктемені қолдай алмау (жүктемені KEGOC анықтайды)

T — МҮМКІНДІКТЕР

- Парниктік газдарды төмендету саласындағы ЖЭК және ҮҚТ жобаларына инвестицияларды тарту
- ПГ-ны тұту/сіңіру бағытында технологияларды дамыту
- «Таза» көмір бағытындағы технологияларды дамыту

O — ҚАУІПТЕР

- Жаңа трансшекаралық көміртегі механизмдері
- Инвестициялардың көміртекті қажет ететін технологияларға жұмсалуы
- Тарифтің төмендігіне байланысты инвестициялардың қайтарылмауы
- ПГ шығарындыларын азайту талаптарын күшейту
- СЭС ағынының өзгеруі және климат өзгерістерінің басқа да салдары (ұзақ мерзімді келешекте)

«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ ДАМЫТУ» АСПЕКТІСІ

Инновациялық даму

Компанияның Даму стратегиясы көмір генерациясы көздерінің тиімділігі мен экологиялылығын арттыратын инновациялық технологияларды енгізу есебінен қатысу нарығына энергия ресурстарының бәсекеге қабілетті әрі сенімді жеткізілуін қамтамасыз етуді көздейді.

«Назарбаев Университетімен» ынтымақтаса отырып «Екібастұз кен орнының № 3 қабатындағы күлі жоғары көмір мен таусылған көмірді/көмірді байыту қалдықтарын жағуға арналған қазандық агрегаттарының от жағу құрылғыларының технологиясын әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысы орындалды. Жұмыстың орындалған мерзімі – 2018–2020 жылдар.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында «Nazarbayev University Research and Innovation System» ЖМ аумағында «Таза көмір технологиялары» бірлескен ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды.

2020 жылы мынадай жұмыстар орындалды:
- ПГСАГ қондырғысында жоғарыдиабатикалық жану (САГ) режимінде күлі көп Екібастұз көмірін, көмір жынысын және көмір байыту қалдықтарын жағу, ауа және бу-ауа газдандыру бойынша баптау жұмыстарын және эксперименттік зерттеулер жүргізу;
- КУ-КС-ЦКС қондырғысында Екібастұз көмірін байытудың күлі көп қалдықтарын жағу бойынша эксперименттік зерттеулерді жалғастыру;
- Күлі көп Екібастұз көмірін және оны байыту барысындағы қалдықтарды КС және ҚҚТ-дағы атмосфералық қысым кезінде әуеде, бу-ауа және бу-оттекті газдандыру бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізу;
- Күлі көп Екібастұз көмірін бу-оттекті газдандырудың математикалық моделін әзірлеу және есептерін орындау;
- Күлі көп Екібастұз көмірі мен оны байыту барысындағы қалдықтарын жағуға арналған КС және ҚҚЖ бар өнеркәсіптік және энергетикалық қазандықтардың тұжырымдамасы бойынша техникалық ұсыныстар әзірлеу.

Алынған нәтижелер:

- КС және ҚКО-да күлі көп көмірді байыту барысындағы қалдықтарды тиімді жағу мүмкіндігін растайтын деректер алынды;
- КС және ҚҚТ көмір байытудың күлі көп қалдықтарын жағу кезінде ең жақсы экологиялық көрсеткіштерді (күкірт және азот оксидтерінің эмиссиясын азайту) қамтамасыз ететін қазандық жұмысының режимдік параметрлерінің әсері және оңтайландыру бойынша деректер алынды;
- Екібастұз көмірінің күлділігінің газдандыру процесіне әсеріне қатысты деректер алынды;
- Ауа, бу-ауа және бу-оттекті газдандыру процесіне режимдік факторлардың әсеріне қатысты деректер алынды;
- Көмір қалдықтарының күлділігіне байланысты күлі көп Екібастұз көмірін және оны байыту қалдықтарын жағудың оңтайлы технологиясын таңдау мақсатында КС және ОКЖ оттықтары бар қазандықтарға салыстырмалы талдау жүргізілді;
- Күлі көп Екібастұз көмірін және оны байыту қалдықтарын энергетикалық пайдалану жөнінде ұсыныстар көрсетілген қорытынды есеп.

Компанияның жылу электр станцияларында күлі көп көмірді жағу кезінде техникалық-экономикалық көрсеткіштерді арттыру мақсатында қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу технологиясын (плазмалық-отын жүйесі) енгізу мүмкіндігі мәселесі пысықталды.

Жобаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- қазандық агрегаттарының жүктемесі төмен болған кезде шаң-көмір жалынының жануын тұрақтандыру;
- күлі көп көмірді жалындатып жағу кезінде мазут шығынын болдырмау;
- қазандық агрегаттарының үнемділігі мен сенімділігінің төмендеуіне әкелетін көмір мен мазутты бірге жағудың жағымсыз салдарын жою.

Бұл технология Қытай Халық Республикасында, Ресей Федерациясында, Индонезияда және т. б. 200-ден 1 000 МВт-қа дейінгі энергия блоктарында сәтті қолданылады.

Жобаны іске асыру «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы отырысында мақұлданған.

Цифрландыру

Цифрлық технологиялардың әлеуетін пайдалану Компанияның өнімділігін, өндіріс қауіпсіздігін арттыруға және өнім өндіру мен қызмет көрсетудің өзіндік құнын азайтуға мүмкіндік береді, бұл «Қызмет тиімділігін арттыру» стратегиялық бастамасын іске асыруға ықпал етеді.

Компания цифрлық қағидаттарды корпоративтік стратегияға, бизнес-модельге, қызмет пен мәдениетке ендіру арқылы цифрландыруды қамтамасыз етуге ниетті:
- Бизнеске бағдар ұстау
- Бизнеспен әріптестік қарым-қатынас
- Үздік тәжірибелерді іздеу
- Жобаларды мерзімінде және бюджетпен келісіп іске асыру
- Процестерді автоматтандыру
- Цифрлық нысанға көшіру

SKE.03.01P «Жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеуді ендіру» жобасы

Жоба тұңғыш рет БЭЖ бойынша ендірілуде және «KEGOC» АҚ-мен «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын жоба болып табылады. ЖҚАР-дың арқасында «KEGOC» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы станциясының қуатын берілген шекте

реттеп, басқаратын болады, яғни, энергетикалық жүйеде сызба-режимдік жағдай өзгерген кезде нақты уақыт режимінде энергия блоктарына/гидроагрегаттарға (қуатты азайту немесе көтеру) тікелей әсер ететін болады.

2020 жылы 1 – «Тұжырымдамалық жобалау» кезеңі аяқталды. Ағымдағы сәтте «Іске асыру» деп аталатын 2 – фазаны іске асыру басталды. 2 – «Іске асыру» фазасы аясында жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді.

«Деректерді талдау арқылы коммерциялық шығындарды талдау» жобасы

Бұл жоба «АЖК» АҚ-да іске асырылады және электр энергиясын тұтынушылар туралы мол деректер көлемін сақтау, басқаруға, сондай-ақ ықтимал коммерциялық шығындарды анықтау мақсатында аномалияларды іздеуге мүмкіндік береді.

2020 жылы жобаға бастамашылық ету шеңберінде техникалық ерекшелік әзірленді, сондай-ақ баға маркетингі жүргізілді. Деректерді талдау жүйесінің көмегімен «АЖК» АҚ электр энергиясының 28 мыңнан астам тұтынушысына көшпелі тексеру, сондай-ақ талдау жүргізілді.

«Медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесінің пилотын ендіру» жобасы

Жұмыс персоналының және жалпы бүкіл кәсіпорынның қауіпсіздік деңгейін арттыру, сондай-ақ медициналық тексеру рәсімінің тиімділігін арттыру мақсатында «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да және «АлЭС» АҚ ЖЭО-3-те «медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесінің пилотын ендіру» іс-шарасы ұйымдастырылды.

Аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етудің екі кешені орнатылып, тестілеу өткізілді.

«ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ» АСПЕКТІСІ

Энергия

Компанияның энергетикалық саясатының басымдығы энергия ресурстарын тұтынуды азайтуға және қоршаған ортаға әсер ету деңгейін қысқартуға ықпал ететін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағыты болып табылады.

Компанияның корпоративтік орталығы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша энергия тұтыну және энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің деректерін жинақтап, талдайды, өткен кезеңдермен салыстырады, жақсарту үшін мүмкіндіктерді айқындайды.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының әдістемесіне негізделеді.

Компанияда 2015–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жоспарлау және жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

Аталған бағдарламаның мақсаты отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды және экономикалық тұрғыдан орынды пайдалану бойынша шаралар әзірлеу болып табылады.

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтиже ЕТҰ-лардың жалпы тауарлық өнімінің энергия сыйымдылығын 2014 жылғы негізгі көрсеткішке қарағанда 2025 жылы 10,5%-ға төмендету болып табылады.

Бағдарламаның негізгі құралдары:
- ЕТҰ үшін энергия үнемдеудің және энергетикалық тиімділікті арттырудың мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштерін анықтау;
- энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін есептеудің әзірленген әдістемесіне сәйкес энергия-экономикалық талдау жүргізу арқылы берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге тұрақты мониторинг және бақылау жүргізу;
- ЕТҰ-да энергия менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу, сондай-ақ жетілдіру;
- ЕТҰ-ларда энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды іске асыру;
- ЕТҰ-да энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша типтік іс-шараларды іске асыру;
- энергетикалық ресурстарды тұтынуды автоматтандырылған есепке алудың интеграцияланған жүйесін қалыптастыру.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізілетін жұмыс шеңберінде өткен жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды төмендетуге бағытталған 62 іс-шара орындалды, бұл «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша 406 мың тонна шартты отынды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Ұйым ішінде энергия тұтыну

Қаралып отырған 2018–2020 жылдар кезеңінде энергияны жалпы тұтынудың 2014 жылғы базалық көлемге қарағанда (17,7 млн ГДж) тұрақты төмендеу серпіні бар.

Есепті жылы 13,9 млн ГДж энергия тұтынылды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерінен 2,6 млн ГДж. Тұтастай алғанда жылдар бойынша ЖЭК-тен энергия тұтынудың ұлғаюының оң серпіні байқалады, бұл елдегі электр энергиясы өндірісіндегі ЖЭК үлесінің ұлғаюына байланысты.

2020 жылдың қорытындысы бойынша отын (көмір және газ) тұтыну көлемінің өсуі ЕГРЭС-1-де электр энергиясын өндірудің ұлғаюына және АлЭС-те жылу өндірудің ұлғаюына байланысты болды.

Үйым ішінде отынды тұтыну (көмір мен газ)

Үйым ішінде тұтыну	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отынды жалпы тұтыну, млн ГДж, о.і.:	310,5	291,2	**306,3**
көмір	298,1	279,9	**291,8**
газ	10,0	9,2	**12,0**
мазут	1,2	0,8	**0,9**
бензин	0,2	0,2	**0,2**
дизель	1,2	1,2	**1,2**
Электр энергиясын жалпы тұтыну, млн ГДж	11,8	11,3	**11,5**
о.і. ЖЭК-тен	1,0	1,3	**2,6**
Жылу энергиясын жалпы тұтыну, млн ГДж	2,7	2,6	**2,4**
о.і. ЖЭК-тен	–	–	**–**
Энергияны жалпы тұтыну, млн ГДж	14,5	14,0	**13,9**
о.і. ЖЭК-тен	1,0	1,3	**2,6**

Энергия сыйымдылық

Осы көрсеткіште ұйым ішіндегі отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемі, сондай-ақ өндірілген электр және жылу энергиясының, жеткізілген электр энергиясының, өндірілген көмірдің көлемі пайдаланылды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша жалпы тауарлық өнімнің энергия сыйымдылығы 29,2 ш.о.т./млн теңгені құрады және өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда төмендеді.

Энергия сыйымдылық, млн теңге



Энергия тұтынуды азайту

Электр энергиясын тұтыну базалық жылға қарағанда төмендеді (14,0 млн ГДж), өткен жылға қарағанда аздап өсті және 11,5 млн ГДж құрады.

Жылу энергиясын тұтыну базалық жылға қарағанда да (3,7 млн ГДж), сондай-ақ өткен жылға қарағанда да төмендеді және 2,4 млн ГДж құрады.

Тұтастай алғанда жылдар бойынша 2014 жылғы базалық (17,7 млн ГДж) көлемге қарағанда энергияны жалпы тұтынудың төмендеу үрдісі байқалады.

Энергияны жалпы тұтынудың төмендеуі оның өз қажеттіліктеріне арналған шығындарын оңтайландыруға байланысты.

Энергияны жалпы тұтыну, млн ГДж



«ПАЙДАЛАНЫЛҒАН МАТЕРИАЛДАР» АСПЕКТІСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ өнімі – бұл жылу және электр энергиясы, сондай-ақ энергетикалық көмір.

Осы саланы реттеуді мемлекеттік орган атынан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті жүзеге асырады.

Электр және жылу энергиясы отынның қазбалы түрлерін қолдану арқылы өндірілді. Көмірді, газды және мазутты жағу кезінде пайда болатын химиялық реакциялар тиісті бақылау болмаған жағдайда қоршаған табиғи ортаның қажетті сапасының жоғалуына әкелуі мүмкін бірқатар заттардың табиғи түзілуіне әкеледі. Мұндай бақылау үшін Қазақстанда табиғатты қорғау және табиғи ресурстар құқығы түріндегі мемлекеттік реттеу жүйесі жұмыс істейді (толығырақ «Экологиялық санат» бөлімінде).

Компания шығарылатын өнімге қатысты жарнама мен ілгерілетуді қоса алғанда, ешқандай маркетингтік коммуникацияларды жүзеге асырмайды.

Өнім өндіру кезінде біздің кәсіпорындарда қолданылатын материалдар тізбесі

Электр энергиясын өндірген кезде:	Өлшем бірлігі	Жұмсалған материалдар		
		Көлемі		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Көмір	тонна	17 619 007	16 565 570	16 652 949
Мазут	тонна	15 010	15 746	19 925
Газ	мың м³	35 928	38 472	46 370

Жылу энегиясын өндірген кезде:	Өлшем бірлігі	Жұмсалған материалдар		
		Көлемі		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Көмір	тонна	839 883	764 291	1 446 269
Мазут	тонна	14 031	2 358	1740
Газ	мың м³	251 620	226 580	284 914

Өнімнің екі түрін өндіру кезінде қосалқы қажеттіліктерге:	Өлшем бірлігі	Жұмсалған материалдар		
		Көлемі		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Бензин	тонна	3 588	3 570	3 656
ДО	тонна	25 210	28 586	34 662

«Самұрық-Энерго» АҚ өнімі – бұл жылу және электр энергиясы, сондай-ақ энергетикалық көмір, тиісінше, экологиялық таңбалау және буып-түю туралы талаптар шығарылатын өнім түрлеріне қолданылмайды.

«КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» АСПЕКТІСІ

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-да корпоративтік коммуникацияларға бірыңғай тәсілдемені көздейтін, мақсатты аудиторияны, коммуникациялар қағидаттарын, медиа-жоспарлауды, дағдарысқа қарсы ден қоюды, компанияның ішкі және сыртқы PR құралдарын және сыртқы жайғастыруды айқындайтын Коммуникациялық стратегия жұмыс істейді.

Коммуникациялық стратегияның миссиясы:

Мақсатты аудиторияларға қызмет нәтижелері туралы толық, барынша ашық және жедел ақпаратты ұсына отырып, Компанияның оң имиджін қамтамасыз ету.

Коммуникациялық стратегияның пайымы:

Компанияны Қазақстанның энергетикалық саласын дамыту мәселелері бойынша қоғамдық пікір мен ықпалдың көшбасшылары қатарына шығаруға қабілетті тиімді құрылған коммуникация арналары.

Бұдан басқа, Компанияда ақпаратты ашу қағидаттарын, тәртібін, мерзімдерін, тізбесі мен тәсілдерін, ақпарат түрлерін, мүдделі тараптармен, оның ішінде акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимылды, ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды, ашылатын ақпараттың мониторингі мен сапасын бақылауды айқындайтын Ақпараттық саясат қолданылады.

Ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның деректері мен ақпаратын, сондай-ақ оны қолдайтын инфрақұрылымды кез келген кездейсоқ немесе зиянды әсерлерден қорғау. Кез келген хакерлік шабуыл деректер мен ақпаратқа, оның иелеріне немесе қолдау инфрақұрылымына зиян келтіреді. Компанияның ақпараттық қауіпсіздік саясатында, мониторинг пен бақылауда, осындай әсерлерді болжау мен алдын алуда, сондай-ақ оларды іске асырудан болатын зиянды азайтуда анықталған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері.

2020 жылы құпия ақпараттың жария болуына жол берілген жоқ. Дербес компьютерлерде пайдаланушылардың іс-қимылдарының мониторингі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ішкі нормативтік құжаттамасының бұзушылықтарының өткен жылдармен салыстырғанда едәуір төмендегенін көрсетті.

2017 жылы трансформациялау бағдарламасы шеңберінде «Басқару жүйесін енгізу және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» жобасы басталды.

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ» САНАТ

«ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК» АСПЕКТІСІ

Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру

Қазақстандағы ең ірі электр энергетикалық холдинг бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ компанияның тұрақты дамуындағы экологиялық аспектінің маңыздылығын түсінеді. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды ұтымды пайдалану Компания мен оның еншілес және бағынысты ұйымдарының қызметінде маңызды рөл атқарады.

ҚР Экологиялық кодексі негізінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компанияларының негізгі өндірістік қызметі арнайы табиғат пайдалану ретінде жіктеледі және тиісті талаптар мен нормативтермен реттеледі. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әрбір еншілес және бағынысты компаниясы алынған экологиялық рұқсат пен табиғатты пайдаланудың басқа да арнайы шарттары шеңберінде қоршаған табиғи ортаға өзінің әсері үшін жауапты болады.

ҚР экологиялық заңнамасы табиғат пайдаланушыларды экономикалық ынталандырушы тетіктерді пайдалана отырып, қоршаған ортаға әсерін төмендетуге ынталандырады. Мәселен, 02.01.2021 жылы Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі бекітілді, онда «ластаушы төлейді» қағидаты қайта қаралды және айтарлықтай күшейтілді.

Әрине, қоршаған ортаны қорғау бағытында біз бірінші кезекте Қазақстанда қолданылатын заңнамалық талаптар мен нормаларды ұстанамыз, бірақ бұл ретте бірқатар энергия үнемдеу, материал үнемдеу және табиғат қорғау іс-шараларын дәйекті іске асыра отырып, дамыған елдердің неғұрлым қатаң нормативтеріне сәйкес келуге ұмтыламыз.

Басқарушылық тәсіл

Қолда бар тәжірибені және қолданылатын технологиялардың ерекшелігін, отынның қолжетімді түрлерін, климатымыздың ерекшеліктерін, сондай-ақ орнықты даму тұжырымдамасына тән бірқатар басқа да ынталандырушы, кейде тежеуші факторларды ескере отырып, біз Компанияның Даму стратегиясының бір бөлігі болып табылатын кешенді ұзақ мерзімді бағдарлама ретінде экологиялық саясатты әзірледік.

Кешенді өндірістік қауіпсіздіктің бір бөлігі саналатын экологиялық қауіпсіздікті басқару үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды. «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы ЭМЖ тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, үздік әлемдік практикаларға сәйкестік деңгейіне қарай тұрақты түрде бағаланып отырады және біртіндеп жетілдірілу үстінде. Қоғамның өндірістік қызметті жүзеге асыратын барлық ЕТҰ-ларында ISO 14001 «Экологиялық менеджмент» стандарты енгізілді.

Бекітілген Ұзақ мерзімді стратегияға сәйкес Компания қолданыстағы технологияларды жаңғырту және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсерін қысқартуға қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Профилактикалық шаралар ретінде өндірістік экологиялық бақылау арқылы өндірістік процестердің тиімділігіне тұрақты экологиялық бағалау жүргізіледі. Бақылау қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейін, зиянды өндірістік факторларды өлшеуге және есептеуге негізделген. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханаларды тарта отырып жүргізіледі. Атмосфералық ауа, жерүсті және жерасты сулары, топырақ өндірістік мониторинг нысаны болып табылады.

Сонымен қатар, апатты жағдайларда ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру және жою қорларының болуы қарастырылған.

Басқарушылық тәсілді бағалау

Жаңа технологияларға ерекше көңіл бөлінеді: ЖЭК дамыту, мазутсыз тұтану және басқа да энергия тиімді технологиялар.

2013 жылдан бастап Қоғам ЖЭК және СЭС секторында бірнеше инвестициялық жобаларды табысты іске асырды: қуаты 300 МВт «Мойнақ СЭС» АҚ, қуаты 45 МВт Бірінші жел электр станциясы, 2 МВт күн электр станциясы, қуаты 126 МВт дейін ұлғайтылған «Шардара СЭС» АҚ-ны жаңғырту.

Қазақстандағы көмірдің ауқымды қорын және оның баға түріндегі тартымдылығын ескере отырып, оның экологиялық сипаттамаларын жақсарту бағытындағы инновациялық технологияларды дамытуды қолдау орынды. Осы мақсатта қоғам «Назарбаев Университеті» ДБҰ-мен ынтымақтастықта «Таза көмір технологиялары» ғылыми зертханасын құрды.

Бұдан басқа, Компания табиғатты қорғау іс-шараларының кешенді бағдарламасын іске асыруда, бұл бағдарлама 2020 жылдың қорытындысы бойынша мынадай нәтижелерді көрсетті:

- қоршаған ортаға зиян келтіретін авариялық жағдайлардың болмауы;
- ЖЭК және СЭС-те «таза энергия» өндіру үлесі – компаниялар тобының жалпы өндіру көлемінің 8,7%;
- компаниялар тобы бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 1 кВт*с өнімге ластаушы заттардың меншікті шығарындысы 3,8%-ға қысқарды. 3 жыл ішінде (2018–2020) азот тотығының меншікті шығарындыларының 4%-ға және шаңның 1,5%-ға төмендеуінің оң динамикасы байқалады.
- Отын генерациясы секторы бойынша 3 жыл ішінде (2018–2020) КҚТ түзілуінің үлестік көрсеткіші шамамен 10%-ға қысқарды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Энерго» тобының кәсіпорындарына міндетті экологиялық аудит заңнамада қоршаған ортаға едәуір залал келтіретін белгіленген негіздердің болмауына, шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғатты пайдаланушы заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы немесе банкроттығы болуына байланысты жүргізілмеген.

Қоршаған ортаға келтірілетін залалдың алдын алу үшін заңнамада инспекторлық экологиялық тексерулер көзделген, олардың нәтижелері бойынша заңнама талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар қойылуы мүмкін. 2020 жылы 5 инспекторлық тексеру жүргізілді – «ГРЭС-1» ЖШС-да 2 рет, «ГРЭС-2» АҚ, «АлЭС» АҚ және «Богатырь Көмір» ЖШС нысандарында бір реттен. Кейбір заңнамалық актілер талаптарын бұзушылықтар анықталды, айыппұлдар сомасы 14,45 млн теңгені құрады. Барлық айыппұлдар толық төленді. Түзету шаралары орындалды.

Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны

	Өлшем бірлігі	Сомасы		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
елеулі айыппұлдардың ақшалай сомасы	мың теңге	721,5	4 751	**14 448**
қаржылық емес санкцияларды қолдану жағдайларының саны	–	0	0	**20**
дауларды шешу тетіктері арқылы қозғалған істер	–	–	–	**3**

Тексеру материалдарын талдау заңнаманың бұзылуына негізгі жабдықтарда емес, көмекші процестерде, мысалы, ТТЦ-да, көмір қоймаларында, сондай-ақ шағын құрылыс операциялары кезінде жер қазу жұмыстары және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде желілік персонал мәдениетінің төмендігінен жол берілетінін көрсетті.

2020 жылы қоршаған ортаны қорғау тақырыбында жеке және заңды тұлғалардың 3 өтініші тіркелді. Барлық жағдайлар шағымдармен жұмыс істеудің ішкі механизміне сәйкес қаралып, пысықталды.

Қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығыстар мен инвестициялар, түрлеріне қарай бөлінген

Компания табиғатты қорғау іс-шараларының мынадай аспектілерді қамтитын кешенді бағдарламасын іске асырады:

- атмосфералық ауаны қорғау;
- парниктік газдарды азайту;
- күл үйінділерін қалпына келтіру;
- қалдықтарды басқару;
- су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;
- басқару жүйелері мен озық қауіпсіз технологияларды енгізу;
- ғылыми-зерттеу, іздестіру және басқа да жұмыстар;
- экологиялық оқыту және насихаттау.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, оны орындау арнайы табиғатты пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.

	Өлшем бірлігі	Сомасы		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
қалдықтарды өңдеуге және шығарындыларды, төгінділерді тазартуға, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды жоюға байланысты шығындар	мың теңге	6 556 645	4 242 256	**5 604 706**
қоршаған ортаға және экологиялық менеджмент жүйесіне тигізетін әсерді болдырмаумен байланысты шығындар		72 616	373 908	**286 567**

«СУ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАР» АСПЕКТІСІ

Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру

Су – бірегей зат және жер бетіндегі барлық тіршіліктің ажырамас бөлігі. Сонымен қатар, су адам өміріне қажетті өнімдерді өндіруде көптеген технологиялық процестерде қолданылады.

Энергетика саласында да судың зор маңызы бар: «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында су гидро- және бу турбиналары үшін қозғаушы күш ретінде ғана емес, сонымен қатар су қоймаларын толықтыру және басқа технологиялық процестердегі шығындарды өтеу үшін, күл жағажайларын суару үшін, күл үйінділеріндегі су деңгейін ұстап тұру үшін, сондай-ақ қызметкерлердің коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтары үшін де қолданылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның су ресурстарын қорғау саласындағы негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- тұщы суды тұтыну көлемінің төмендеуі;
- бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су үлесінің ұлғаюы;
- сарқынды суларды ағызу көлемін және сарқынды сулардағы зиянды заттардың шоғырлануын азайту.

«Самұрық-Энерго» АҚ портфелінде су электр станциялары мен жылу электр станцияларының бар екенін ескере отырып, сумен өзара іс-қимылды тиісінше суды пайдалану және суды тұтыну деп жіктейміз. Бұл ретте алынатын су көлемінің 98% СЭС-терде суды пайдалану санатына, ал 2% суды тұтынуға жатады. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы су ресурстары тапшы өңірлерде суды тұтыну қызметін жүзеге асырмайды.

Басқарушылық тәсілмен суды табиғи ресурс ретінде пайдалану

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобында суды пайдалану және суды тұтыну Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және бақылауға алынады. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компаниялары су жинауды уәкілетті мемлекеттік органдармен келісіліп әзірленген жобалар мен нормативтерге сәйкес өндірістік мұқтаждарға негізделген көлемде жүзеге асырады.

Осылайша, технологиялық қажеттіліктерге арналған судың негізгі көздері: Шарын өзені және Бестөбе су қоймасы (Мойнақ СЭС), Сырдария өзені мен Шардара су қоймасы (Шардара СЭС), Қ. Сәтпаев атындағы арна (Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ), Шідерті арнасы («Екібастұз ГРЭС-2» АҚ) Үлкен Алматы көлі және Үлкен Алматы өзені бассейні (Каскад СЭС), Қапшағай су қоймасы (Қапшағай СЭС) болып табылады.

Суды үнемдеу мақсатында Екібастұз станцияларында толтырылатын салқындатқыш су қоймалары және тура ағынды гидравликалық күл шығару жүйесі бар техникалық сумен жабдықтаудың айналымдық жүйелері, сондай-ақ Алматы станцияларындағы күл үйінділерінен сарқынды суларды қайтадан пайдалану және градирнялары бар айналымдық салқындату жүйелері қолданылады.

Суды ағызып жіберумен байланысты әсерді басқару

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының өндірістік кәсіпорындарының ағынды суы өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардан тұрады. Ағынды сулардың негізгі көлемі өнеркәсіптік ағынды сулар болып табылады, олар табиғи объектілерге тасталмайды. Олар күл және қож қалдықтарын күл үйінділеріне шығару үшін гидрокөлік ретінде қолданылады.

Ағынды суларда ластаушы заттар құрамының рұқсат етілген нормативтері және олардың көлемі заңнамаменен белгіленеді. Ағызылғанға дейін ағынды сулар бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тиісті тазартудан өткізіледі.

Сонымен қатар, жер үсті сулары ортасына, сарқынды суларға бақылау, бақылау ұңғымаларының желісі арқылы судың және жер асты суларының температуралық режимінің өзгеру процестеріне мониторинг, ТӨҚ жүйесінің жабдықтары мен құбырларына жөндеу тұрақты жүргізіледі.

Есепті кезеңде қоршаған табиғи ортаға залал келтірген майлардың, отынның, қалдықтардың, химиялық реагенттердің, өзге де заттардың авариялық төгінділері мен төгілуі тіркелген жоқ.

Суды жинау



БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТӘСІЛДІ БАҒАЛАУ

Тақырыптық ашу:

	Барлық аудандар, мегалитрлер			Су тапшылығы бар аудандар
	2018	2019	2020	
СУ ЖИНАУ				
Су көздерінен жиналатын су көлемі				
жерүсті су объектілерінен (барлығы)	10 498 150	11 924 598	10 473 288	жоқ
тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	10 498 150	11 924 598	10 473 288	жоқ
басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
жерасты көздерінен (барлығы)	7 341	6 630	6 061	жоқ
тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	7 341	6 630	6 061	жоқ
теңіз суы (барлығы)	0	0	0	жоқ
тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
жер қабатының суы (барлығы)	0	0	0	жоқ
тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен	40 577	44 917	36 227	жоқ
тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	40 577	44 917	36 227	жоқ
басқа су (>1,000 мг/л жалпы еріген қатты заттардың)	0	0	0	жоқ
Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен жиналған судың жалпы көлемі:				
Жерүсті	40 577	44 917	36 227	жоқ
Жерасты	0	0	0	жоқ
Теңіз	0	0	0	жоқ
Жер қабатынан	0	0	0	жоқ
Жиналатын судың жалпы көлемі	**10 546 314**	**11 976 439**	**10 515 575**	**жоқ**
ТӨГІНДІ				
Түрлері бойынша төгінділер				
Жерүсті	77 001,4	73 751,3	75 313	жоқ
Жерасты	0	0	0	жоқ
Теңіз	0	0	0	жоқ
Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелері (барлығы)	0	0	0	жоқ
Басқа ұйымдарға пайдалануға берілген ағынды сулардың көлемі	0	0	0	жоқ
Жалпы төгінді	**77 001,4**	**73 751,3**	**75 313**	**жоқ**
Тазарту деңгейі бойынша ағынды сулар				
Тазартылмаған				жоқ
р/х талап етілгенге дейін Тазалау қажетті деңгей				жоқ
к/б талап етілгенге дейін Тазалау қажетті деңгей				жоқ
басқа ПДС нормативтері	77 001,4	73 751,3	75 313	жоқ

	Барлық аудандар, мегалитрлер			Су тапшылығы бар аудандар
	2018	2019	2020	
СУДЫ ТҰТЫНУ				
Суды тұтынудың жалпы көлемі	**201 229**	**198 438**	**197 838**	**жоқ**
СУДЫ ПАЙДАЛАНУ				
Суды пайдаланудың жалпы көлемі	**10 345 085**	**11 778 000**	**10 317 737**	**жоқ**
ӨНДІРІСТІҢ СУ ТИІМДІЛІГІ				
	Барлық аудандар, м³/кВт*с			
Шығарылатын өнімнің бір бірлігіне жұмсалатын су көлемі	**0,333**	**0,396**	**0,335**	**жоқ**

Есепті кезеңдегі бірнеше рет пайдаланылатын және қайта пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі:

Жалпы жинап алынатын су көлемі, мың м³



Бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су көлемі, мың м³



«БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК» АСПЕКТІСІ

Маңызды тақырыпты және оның шектерін түсіндіру

«Самұрық-Энерго» АҚ өз портфелінде СЭС, ЖЭС және АЭК нысандарының болуына байланысты «Биоалуантүрлілік» аспектісін маңызды деп бағалайды. Алайда, біз «Самұрық-Энерго» АҚ-ның отын станциялары мен «Богатырь Көмір» ЖШС-ның көмір кесіктері жабайы өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне тікелей жағымсыз әсер етпейді деп санаймыз, өйткені олар елді мекендердің шетінде немесе өнеркәсіптік аумақтарда орналасқан, сондай-ақ осы өндірістік нысандарды жобалау кезінде табиғат қорғау шешімдері ретінде құрылыс аудандарында биоалуантүрлілік жұтаңдығы ескерілгенін назарға аламыз.

Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компанияларының қызметі орнитофаунаға, ихтиофаунаға және басқа да тұщы су экожүйелеріне, сондай-ақ «Шардара СЭС» АҚ, «Мойнақ СЭС» АҚ, СЭС каскады, Қапшағай СЭС, сондай-ақ «БЖЭС» ЖШС және «АЖК» АҚ ықпал ету аймақтары шегіндегі жағалау аймақтарының флорасы мен фаунасына теріс әсер етуі мүмкін.

Басқарушылық тәсіл

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында биоалуантүрлілікке тиер әсерді азайту мақсатында қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсер етуді бағалау жүргізіледі. ҚОӘБ рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Кәсіпорындарды одан әрі пайдалану процесінде өсімдік және жануарлар дүниесіне әсер ету мониторингі де регламенттелген.

Басқарушылық тәсілді бағалау

«БЖЭС» ЖШС жел паркін жобалау кезеңінде жел энергетикалық қондырғылардың қоршаған ортаға әсерін азайту қарастырылған – жарықтық ластану тірі тіршілік биоритмдерінің бұзылуына әкеп соқтыратынын ескере отырып, түнгі уақытта тек габариттік оттарды пайдалану көзделіп, ЖЭҚ-ты жарықтандыру барынша азайтылады.

«АЖК» АҚ-ның ӘЖ-де құстардың электр тоғымен зақымдануынан қаза болуы жағдайларын азайту үшін

оқшауланған сымдармен (ОСЖ) жабдықталған желілерді қайта жаңарту жүргізілуде.

Гидротурбиналардағы балықтардың өлімін азайту мақсатында барлық СЭС балық қорғау құрылғыларымен жабдықталған. Сондай-ақ, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсынысы бойынша, балықты қорғау шарасы ретінде турбиналық су таратқыштар алдындағы су жинағышқа жақын жерде тәуліктің қараңғы уақытында су бетін прожекторлармен жарықтандыру жүзеге асырылады – осылайша жарық сәулелері балықтарды үркітеді. Балықтардың еркін қозғалуы үшін бос су төгуге арналған құрылғылармен (БСТ) жабдықталған. Су және жер үсті (жағалау маңындағы) экожүйелерге әсерін төмендету үшін су электр станцияларының жұмыс режимі ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетімен, әкімдіктермен, сондай-ақ ЕҚТА басшылығымен (мәселен, Мойнақ СЭС жағдайында) келісіледі.

Өсімдік және жануарлар әлеміне келетін әсерді мониторингілеу үшін СЭС пен ЖЭС-терде визуалды далалық бақылау жүргізіледі.

Қорғалатын немесе қалпына келтірілген мекендер

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ қандай да бір арнайы санитарлық немесе экологиялық режим сақталған немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесі бар өңірлерде өндірістік қызметін жүргізбеді.

Қорғалатын аймаққа немесе қорғалатын аймақтың шекарасынан тыс биологиялық әртүрлілік құндылығы жоғары ауданға қатысты ереже	Операция түрі	Қорғалатын аумақтың немесе қорғалатын аумақтан тыс биологиялық әртүрліліктің құндылығы жоғары аймақтың белгісімен сипатталатын биоәртүрлілік мәні	Аумақты басқару мәртебесі/санаты
«БЖЭС» ЖШС (Ақмола обл., Ерейментау қ.)			
45 км қашықтықта Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан	Электр энергиясын өндіру	Ерейментау тауларында Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген құстардың 2 түрі (ақиық және дала қыраны) мекендейді. Алайда, құстардың жиналуы жолдар мен темір жол бойындағы төменгі және ағаш отырғызуларда байқалды, олар өз кезегінде ЖЭС-те орнатылған ЖЭҚ-дан тыс орналасқан. Нысанды пайдалануға берген сәттен бастап құстардың ЖЭҚ қалақтарымен соқтығысу жағдайлары тіркелген жоқ.	Табиғи парк
«Мойнақ СЭС» АҚ (Алматы облысы)			
Мойнақ СЭС-тен шамамен 55 км қашықтықта Шарын өзенінің ағысымен төмен қарай Шарын ұлттық паркі орналасқан	Электр энергиясын өндіру	«Мойнақ СЭС» АҚ Қазақстандағы БҰҰДБ сарапшыларымен Шарын өзенінің ағысынан төмен орналасқан ежелгі шаған тоғайын сақтау жобасы бойынша бірлесе жұмыс істейді	Табиғи парк

«ШЫҒАРЫНДЫЛАР» АСПЕКТІСІ

Маңызды тақырыпты және оның шектерін түсіндіру

«Самұрық-Энерго» АҚ үшін өзінің ЖЭС нысандарының өндірістік қызметінен атмосфералық ауаға әсер ету аспектісі басқа экологиялық аспектілермен салыстырғанда анағұрлым маңызды болып табылады. Бұл қисынды да, өйткені Қоғамның компаниялар тобында электр энергиясының басым бөлігі (2020 жылы – 91,3%) қазбалы отын түрлерін пайдалану арқылы өндіріледі, соның нәтижесінде атмосфералық ауаны ластайтын түтін газдары түзіледі. Сонымен қатар, отынды жағу кезінде пайда болатын химиялық реакциялар нәтижесінде климаттың өзгеруіне әсер ететін парниктік газдар ауаға енеді.

Парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қатысты басқарушылық тәсіл

Қазақстан 2015 жылы Париж келісімін ратификациялады, сол арқылы климаттың өзгеруіне қарсы жалпы әлемдік күреске өзінің бейілділігін растады. «Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық проблемаға да байыпты қарайды: процестер мен өнімдердің көміртекті сыйымдылығын төмендету жөніндегі негізгі бағыттар мен мақсаттар қоғамның ұзақ мерзімді Даму Стратегиясында және экологиялық саясатында көрсетілген. Компанияның стратегиялық мақсаттарына ЖЭК пен СЭС-ті дамыту жатады, барлық жерде энергия менеджмент жүйелері енгізілген, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бойынша ауқымды бағдарламалар әзірленген.

ЖЭК-ті қолдау аясында «Самұрық-Энерго» АҚ тобының шартты тұтынушылары 2020 жылы 765 млн кВт*с «жасыл» энергияны сатып алды. Топ бойынша ЖЭК электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығыстар шамамен 28 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылдың көлемінен екі есе артық (378 млн кВт*с).

Бұдан басқа, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ және «Богатырь Көмір» ЖШС сияқты ЕТҰ-лары квоталанатын қондырғылар болып табылады және ПГ шығарындыларына квоталар саудасының ұлттық жүйесі шеңберінде ПГ шығарындыларын азайтуға қатысты міндеттемелері бар.

Маңызды ластаушы заттардың шығарындыларына қатысты басқарушылық тәсіл

I санаттағы отын станциялары Қоғамдағы ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері болып табылады. Азот тотықтары, күкірт тотықтары, көміртегі тотығы, шаң (күл) ЖЭС-ке тән маркерлік ластаушы заттар болып табылады.

Станцияларды жобалау кезінде қабылданған экологиялық шешімдердің тиімділігі мен дұрыстығын оларды пайдаланған жылдар нәтижесі растап отыр. Ұлттық маңызы бар Екібастұз станцияларының орнын таңдау кездейсоқ болған жоқ – отын көзіне жақындық қамтамасыз етілді, әрі көмір тасымалдауынан болатын жағымсыз әсерді азайтады, түтін құбырларының биіктігіне, желдің рельефі мен бағытын ескере отырып орналасуына, тұрғын аудандардан қашық орналасуына байланысты ластаушы заттардың таралуының оңтайлы жағдайлары қамтамасыз етілді.

Қалалық агломерацияда орналасқан Алматы станцияларында жұртшылық пен уәкілетті органдардың пікірін ескере отырып, қазірдің өзінде газға ауыстырылған ЖЭО-

1 және БЖК-ға қосымша ЖЭО-2, 3 нысандарын газдандыру жоспарлануда.

Атмосфералық ауаға эмиссия экологиялық заңнамамен қатаң реттеледі. ЛЗ шығарындылары уәкілетті мемлекеттік органдармен келісіліп әзірленген және арнайы рұқсат беру құжаттарында регламенттелген жобалар мен нормативтерге сәйкес өндірістік процестермен негізделген көлемде жүргізіледі.

Күл шығарындыларын барынша азайту үшін күлтұтқыш технологиялар қолданылады – Екібастұз ГРЭС-інде – бұл электр сүзгіштер, ал Алматы ЖЭО-да-жаңа буынның эмульгаторлары. Азот тотықтарының түзілуін басу үшін төмен эмиссиялық қыздырғыштар қолданылады, Жоғары қысымды жылытқыштар мен турбина буының 4-ші іріктеуінен қуат алатын турбо-қоректік сорғыларды қолдану арқасында режимдер реттеледі.

Шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерінің сақталуына тұрақты өндірістік экологиялық бақылау және бақылаушы орган алдында тұрақты есептілік жүргізіледі.

Басқарушылық тәсілді бағалау

2020 жылдың қорытындысы бойынша топтың жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК, ЖЭС, КЭС, шағын СЭС) объектілеріндегі электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 336 млн кВт*с құрады, осылайша ЖЭК нарығындағы «Самұрық-Энерго» АҚ үлесі шамамен 10%-ды құрады.

2020 жылы Шардара СЭС-ін толық жаңғырту бағдарламасы аяқталды – қайта жаңарту СЭС қуатын 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін арттырды, бұл «таза» энергия үлесінің қосымша өсуіне алып келеді.

2020 жылы Алматы ЖЭО-2 нысанын газдандыру туралы шешім қабылданды, бұл Оңтүстік мегаполистегі экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, белгіленген қуатты 450 МВт-қа дейін ұлғайта отырып, Алматы ЖЭО-3 Қайта құру жобасын іске асыру жоспарлануда.

2020 жылдың қорытындысы бойынша компаниялар тобы бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- қоршаған ортаға зиян келтіретін авариялық жағдайлардың болмауы;
- ЖЭК және СЭС-те «таза энергия» өндіру үлесі – компаниялар тобының жалпы өндіру көлемінің 8,7%;
- ШОҮШ-ты төмендету есебінен 2019 жылмен салыстырғанда CO_2 меншікті шығарындысының төмендеуі;
- экологиялық көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» тобының басқа көмір станцияларына қарағанда жақсы болатын ЖЭК және СЭС, газ ЖЭО-1, сондай-ақ ГРЭС-1 өндіру үлесінің ұлғаюына байланысты компаниялар тобы бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттардың үлестік шығарылымы (г/кВт*с) 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3,5%-ға қысқарды;
- компаниялар тобы бойынша SO_2 меншікті шығарындыларын (г/кВт*с) 6%-ға, NO – меншікті шығарындыларын 2019 жылғы ұқсас көрсеткіштермен салыстырғанда 3%-ға қысқарту.

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары

	Өлшем бірлігі	көлемі		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
көміртегінің қос тотығы	мың тонна	33 744	31 593	27 373,5
метан		351,98	353,850	341,6
азот тотығы		0,293	0,275	0,296

Әдістемелер: парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басшылық қағидаттары, МГЭИК, 2006; жылу электр станциялары мен қазандықтардан парниктік газдардың шығарындыларын есептеу жөніндегі ТМ, Астана, 2010, ҚР ҚОҚМ 05.11.2010 ж № 280-ө бұйрығына 9-қосымша.

Қазақстан Республикасының заңнамасы парниктік газдардың жанама шығарындыларын міндетті бағалауды талап етпейді, алайда парниктік газдар шығарындыларының көрсетілген көлемдері парниктік газдардың жалпы шығарындыларының 95%-ын, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының жанама (Scope 1 және 2) қамтиды деп пайымдаймыз, өйткені тікелей шығарындыларды есептеу кезінде ЕТҮ-ның меншікті энергетикалық мұқтаждары ескеріледі.

ОБЗ шығарындылары және өзге де шығарындылар

	Өлшем бірлігі	көлемі		
		2018	2019	2020
ОБЗ өндіру көлемі	–	–	–	–
ОБЗ импортының көлемі		–	–	–
ОБЗ экспортының көлемі		–	–	–
Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ)		–	–	–
ЖТҚ	тонна	297,2	261,6	261,4

Компанияның жиынтық шығарындыларындағы ЕТҮ үлесі «Генерация» секторы 2020 жыл



Ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша жалпы шығарындылар көлемі



NOx



SO_2



Күл



«ҚАЛДЫҚТАР» АСПЕКТІСІ

Маңызды тақырыпты және оның шектерін түсіндіру

Өнім өндіру процесі қалдықтардың пайда болуымен байланысты болатындығы күмәнсіз, қалдықтармен жұмыс істеу кезінде «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен қалдықтардың жекелеген түрлерімен жұмыс істеу саласындағы стандарттардың талаптарын сақтауға тырысады.

«Самұрық-Энерго» АҚ ірі кәсіпорындарының қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, ауқымды өндіріс қалдықтарына ЖЭС-тегі күл-қож қалдықтары және «Богатырь Көмір» ЖШС-дағы көмір кесігіндегі аршу жыныстары жатады. Қалдықтардың бұл түрлері қауіпті емес және қалдықтардың жалпы көлемінің қомақты үлесін құрайды.

Қалдықтардың басқа түрлері тұтыну қалдықтары ретінде жіктеледі. Ол қалдықтарға қатысты бөлек жинау және одан әрі қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға беру жөніндегі шаралар көзделген.

Басқарушылық тәсіл

Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстанда қалдықтарды орналастыру көлемі нормаланады. Тұтыну қалдықтарына қатысты арнайы жабдықталған орындарда бөлек жинау және уақытша сақтау жөніндегі талаптар қолданылады, сондай-ақ полигондарда көму үшін қолайсыз қалдықтардың түрлері айқындалған.

Осылайша, қайта пайдалануға және кейіннен заңды және жеке тұлғаларға беру арқылы қайталама шикізатқа жатқызуға жарамды қалдықтардың түрлері айқындалады. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында мұндай қалдықтарға макулатура, картон және қағаз қалдықтары, пластик және пластмасса қалдықтары, құрамында сынабы бар шамдар, түсті және қара металл сынықтары, электрондық және электр жабдығы, аккумуляторлар, шиналар және олардың фрагменттері және басқа да қауіпті қалдықтар жатады.

Айналым түрлері мен әдістері бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы салмағы

		Өлшем бірлігі	Масса		
			2018	2019	2020
1	Барлық пайда болған қалдықтар, олардың ішінде	мың тонна	79 435,9	75 476	97 513,5
2	қауіпті		18,8	20	21,3
3	қауіпсіз		79 417,13	75 456	97 492,2

Басқарушылық тәсілді бағалау

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша өндіріс қалдықтарын орналастыру барынша қауіпсіз тәсілмен жүзеге асырылады.

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның іргелес аумақтарға теріс әсерін азайту мақсатында сыртқы үйінділерде аршыма жыныстарды көму көлемін қысқарту жұмыстары жүргізілуде, ол үшін ішкі үйінділер ретінде «Северный» және «Богатырь» кесіктерінің ішкі өңделген кеңістігін пайдалану жобалары әзірленуде. Тотығу процестерін алдын алу және үйінділерге жиналатын құрамында көмір бар жыныстардың өздігінен жануына жол бермеу үшін үйінділерді инертті жыныстармен оқшаулау және үйінділердің шатырын тығыздау бойынша іс-шаралар орындалады.

ЖЭС-тің күл-қож қалдықтары шаң басу іс-шараларын қамтамасыз ете отырып, күл үйінділерінде – Екібастұз ГРЭС-інде су кемерінің астында, ал Алматы станцияларында топырақ қабатымен жабылған және көпжылдық шөптер мен бұталар отырғызылған бірегей құрамдастырылған технология бойынша көміледі. Жыл сайын күл үйінділерінің пайдаланылған бөліктерінде құнарлылылықты қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Жалпы алғанда, өнім бірлігіне шаққандағы КҚҚ-ның түзілуін төмендетуге Компанияның гидролектростанциялар мен ЖЭК объектілерін дамыту да ықпал етеді.

Сонымен қатар, өндіріс қалдықтарын басқару жөніндегі іс-шараларға күл-қоқыстарды кәдеге жарату да жатады – олар Павлодар облысында автомобиль жолдарын салу кезінде пайдаланылады. 2020 жылы кәдеге жаратуға 10 мың тоннаға жуық құрғақ күл жіберілді. Алайда КҚ қалдықтарына деген шикізат ретіндегі сұраныс төмен.

КҚҚ, мың тонна



Отын генерациясы секторы бойынша КҚҚ пайда болуының меншікті көрсеткіші, кг КҚҚ/кВт*с



«ӘЛЕУМЕТТІК» САНАТ

Компания бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, өз қызметі арқылы қоғамға барынша пайда келтіруді қамтамасыз ету мақсатында Компания қызметкерлеріне, өзі жұмыс істейтін аймақтағы тұрғындарға және тұтастай алғанда қоғам өміріне деген жауапкершілікке қатысты міндеттемелерді ерікті түрде қабылдайды.

Адам ресурстарын басқару Компания қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2028 жылдарға арналған Кадр саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Кадр саясатының миссиясы

Компанияның болашақтағы ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және нарықта бәсекелес басымдықты қамтамасыз ету үшін адам ресурстарының күш-жігерін біріктіру.

Кадр саясатын пайымдау

Әрбір қызметкердің құндылықтарымен үйлесетін, адам әлеуетінің өсуіне және бизнестің қарқынды дамуына ықпал ететін бірыңғай тиімді корпоративтік мәдениет.

HR-функциясының стратегиялық рөлі, ең алдымен, болашақта еңбек ресурстарын сандық және сапалық тұрғыдан жоспарлауынан көрінеді.

Компания қызметкерлердің санын және ұйымдық құрылымын, сапасы мен біліктілік жүйесін басқаруға, қызметкерлерді іздеу мен іріктеуді тиімді жолға қою арқылы жоспарлау мен еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді басқаруға ерекше көңіл бөледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы аумағындағы ірі жұмыс берушілер қатарына енеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 17 783 адамды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының кадрлық құрамы соңғы жылдары тұрақты болып қалып отыр, қызметкерлердің орташа жұмыс өтілі – 12 жыл.

Компания қызметке қатысты басқа да елеулі өзгерістер туындаған кезде, оның ішінде еңбек шартын бұзу кезінде қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды, қызметкерлерді кемінде бір ай бұрын жазбаша хабардар етеді.

Есепті кезеңде жұмыспен толық қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады.

Есеспті кезеңде жергілікті халықтың өкілдері есебінен қабылданған қызметтің маңызды аумақтарында жоғары дәрежелі басшылардың үлесі 100% құрады.

2020 ж. өңірлер бойынша бөлгенде жұмыс күшінің жалпы саны



2020 ж. өңірлерге бөлгенде кадрлар тұрақтамаушылығы



2020 ж. өңірлер бойынша бөлгенде жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер



2020 ж. жынысы бойынша жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлердің саны



2020 ж. жұмыспен қамту түрі бойынша жұмыс күшінің жалпы саны



2020 ж. жынысы бойынша бөлгенде кадрлар тұрақтамаушылығы



Қызметкерлер құрамы

№	Көрсеткіш	Қызметкерлер	Үлесі
1.	**Қызметкерлердің 2020 жылдың аяғындағы жалпы саны (тізімдік)**	**17 783**	
2.	**Жынысы**	**17 783**	
2.1.	Ер адамдар	13 184	74%
2.2.	Әйелдер	4 599	26%
3.	**Жас топтары (қызметкерлердің орташа жасы – 38 жас)**	**17 783**	
3.1.	30 жасқа дейін	2 975	17%
3.2.	30-дан 50 жасқа дейін	9 452	53%
3.3.	50 жастан жоғары	5 356	30%

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің өндірістік ерекшелігіне байланысты негізгі өндірістік учаскелерге ер адамдар көбірек тартылған, олардың үлесі 2020 жылы қызметкерлердің жалпы санының 74%-ын құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ «БҰҰ-Әйелдер» серіктестігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының аясында әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдайды. Бұл құжат орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарын ұстанатынына, сонымен қатар әйелдер мен ерлерге тең мүмкіндіктер беретін компаниялардың неғұрлым табысты болатынына және жақсы нәтижелерге қол жеткізетініне сенеді. Осы қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Компанияда іс-шаралар жоспары қабылданды.

Есепті кезеңде «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша 272 қызметкерге бала күтімі бойынша демалыс берілді. Оның ішінде 252 әйел және 20 ер адам. Есепті жылы 172 әйел өз жұмысын жалғастырды, олардың 163-і – әйел, 9-ы – ер адам.

2020 жылы кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті 6%-ды құрады. Негізгі себептер - басқа жерде жоғары жалақы алу перспективасы және мансаптық, кәсіби дамудың және оқытудың болмауы.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бала еңбегін және мәжбүрлі еңбекті оның қандай да бір көріністерінде пайдалануды, сондай-ақ жас қызметкерлердің қауіпті жұмысты орындауын қабылдамайды.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Компания орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, өндірістік жарақаттануды төмендету және жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту саясатын жүргізеді.

Компания тобындағы 2020 жылға арналған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына және Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясатына сәйкес барлық еншілес және тәуелді компанияларда еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс жоспарлары әзірленіп, бекітілді, ұйымдастыру және алдын алу шаралар кешені өткізілді.

Қызметкерлерге қорғалу кепілдігін беру үшін Компания әлеуметтік қорғау бағдарламасын (медициналық сақтандыру, өмірді сақтандыру, зейнетақымен қамсыздандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру және т. б.) дамытуды, еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуды жалғастырып келеді.

Заңнамаға сәйкес Компания еңбекке жарамсыздық парақтарын, медициналық сақтандыруды, қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруды, қызметкерлерді жыл сайынғы медициналық тексеруді және өндірістік жарақат алған кезде материалдық көмекті төлейді. «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша жыл сайын қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтандыру жоғары жарақаттанушылықтан қорғайтын келісімшарттар жасалады.

Компаниялардың барлық тобы бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер (бұрынғы комитеттер) жұмыс істейді. Оның құрамына тепе-теңдік негізде жұмыс берушінің өкілдері, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, қызметкерлердің өкілдері кіреді.

«OHSAS-18001 денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты енгізілді.

Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестаттау жүргізілді. Жұмыс орындарын аттестаттауға сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс орындары анықталды. Бұл ретте барлық қызметкерлер тиісті жеңілдіктермен, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес жеке қорғаныш құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 185-бабына сәйкес қауіптілігі жоғары жұмыстарда, машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстарда істейтін жұмыскерлер ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландырудан өтеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы тұрақты негізде өз қызметкерлері үшін вакцина егу шарасын жүргізеді, сондай-ақ аурулардың алдын алу мақсатында иммунитетті көтерудің өзге де нысандарын пайдаланады.

Компания еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің, қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау бойынша жоспарлы және жоспардан тыс (кенеттен) тексерулер жүргізу тәжірибесін енгізді. Есепті кезеңде 9 жоспарлы тексеру, 3 жоспардан тыс (кенеттен тексеру) тексеру жүргізілді.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау тәртібі және есепке алу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 20-тарауына «Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру және есепке алу» және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылды.

«Оқиғаларды есепке алу және тергеп-тексеру» корпоративтік стандартына сәйкес жазатайым оқиғаларға түпкілікті (жүйелі) себептерді айқындау мақсатында ішкі тергеп-тексерулер жүргізу практикасы енгізілді. Жоғарыда көрсетілген корпоративтік стандартқа сәйкес жазатайым оқиғаларға әкеп соқпаған оқиғаларға тергеу жүргізіледі.

Жүргізілген профилактикалық және түзету шараларының көптігіне қарамастан, 2020 жылы еңбек қызметіне байланысты 8 жазатайым оқиға тіркелді: оның ішінде 7-еуі – ауыр нәтижемен, 1-еуі – жеңіл нәтижемен.

Жарақат атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Химиялық күйік, термиялық күйік	1	2	–
Соғып алу	1	1	1
Жарақаттық ампутация	–	–	1
Электр жарақаттары (термиялық күйіктер)	–	1	1
Сынықтар	5	5	1
Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы)	1	–	4
Көз жарақаты	–	–	–
Бас-ми жарақаты, ми шайқалуы	2	2	–
Барлығы	10	11	8

2020 жылғы көрсеткіштер	
LTIFR	0,27
FIFR	0
LDR	230,15
Жоғалған күндер коэффициенті	816
Келмеген күндер коэффициенті	158 852
Кәсіби сырқаттанушылық коэффициенті	жоқ

Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына кіретін барлық кәсіпорындар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілген: тасымалданатын және жылжымалы өрт сөндіргіштермен, өрт крандарымен жабдықталған, ұнтақты құрамы (құм) бар жәшіктермен, сондай-ақ отқа төзімді маталармен (киіз, туырлық және т. б.) қамтамасыз етілген.

Бақылаушы мемлекеттік органдар, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің өкілдері, сондай-ақ кәсіпорынның еңбекті қорғау мамандары жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер кезінде жарамды өрт сөндіру құралдарының болуына бақылау жүргізеді.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Компаниялар тобының құрамына кіретін кәсіпорындар нысандарында 1 өрт оқиғасы тіркелді. 2020 жылғы 25 маусымда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС көпірлі кран кабинасының ішінде

от жұмыстарын жүргізу кезінде дәнекерлеу бұршағының қызған бөлшектері жанғыш полимерлі жылытқыштарға түсіп, соның салдарынан көпірлі кран кабинасының жылытқышы өртенді. Себебі: дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі шараларының сақтамалмауы. Зардап шеккендер жоқ.

Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қабылданатын шаралар

Өндірістік жарақаттануды азайту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша мынадай шаралар қолданылады:

- 1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.
- 2. Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.
- 3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс тексеру жүргізіледі.
- 4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшыларының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Оны өткізу нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.
- 5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.
- 6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша Қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру қағидаларына сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқыту жүргізіледі.
- 7. Жөндеу науқаны алдында Компанияның барлық кәсіпорындарда құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша практикалық сабақтар қамтылған семинар-кеңестер өткізіледі.
- 8. Кәсіпорындарда ең кемі бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.
- 9. Ұзақ уақыт пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жабдықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.
- 10. Қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудитін жүргізу тәжірибесі енгізілуде.
- 11. Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау мәселелері бойынша персоналға қосымша тренингтерді/оқу өткізуді ескере отырып, жұмыс орындарында тәуекелдер карталарын/тізілімдерін өзектендіру жүргізіледі.

Ынталандыру және сыйақы

Компания еңбекке ақы төлеу және ынталандыру бойынша мынадай саясатты ұстанады:

- Компаниядағы барлық қызметкерлер үшін жергілікті жағдайларды ескере отырып, негізгі тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру және белгілі бір кірісті қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып, заңнамада белгіленген ең төменгі сыйақы мөлшерінен асатын деңгейде ең төменгі кепілдендірілген сыйақы мөлшерін белгілеу;
- тұтыну бағаларының индексі негізінде жалақыны индекстеу;
- еңбек өнімділігінің артуына байланысты жалақыны мерзімді түрде өсіріп отыру;
- қызметкердің жеке еңбек үлесін мейлінше толық ескеру мақсатында икемді сыйақы беру жүйелерін пайдалану;
- қызметкерлерге еңбекақы төлеу және ынталандыру жүйесінің объективтілігі мен бірлігі және оның республикалық деңгейде бәсекеге қабілеттілігі;
- корпоративтік және салалық марапаттармен марапаттау.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобындағы қызметкерлердің орташа жалақысы 2020 жылы өткен жылдың көрсеткішінен **12%-ға – 243 722 теңгеден** 273 628 теңгеге дейін өсті. Өндірістік қызметкерлердің орташа жалақысының өсімі **225 632** теңгеден 256 611 теңгеге дейін **14%-ды**, ал әкімшілік қызметкерлердің орташа жалақысы **450 171 теңгеден 467 305 теңгеге дейін 4%-ды** құрады.

Компаниялар тобы бойынша ең төменгі жалақы 135 526 теңгені құрайды. Әйелдердің ең төменгі жалақысының ерлердің ең төменгі жалақысына қатынасы 100% құрайды. Жалақы еңбекақы және тарифтік мөлшерлеме сызбасының негізінде белгіленеді.

Жалақы мөлшерін арттыру және инфляциялық процестердің орнын толтыру мақсатында, сондай-ақ жасалған Ұжымдық шарттарға сәйкес, 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында жалақыны орташа есеппен 7,5%-ға индекстеу жүзеге асырылды.

Қызметкерлерді ынталандыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ олардың сіңірген еңбегін ескере отырып, материалдық емес ынталандыру түрлері мен жанама қосымша материалдық сыйақы беру түрлерін – қызметкерлерді әлеуметтік қорғау бағдарламалары мен қосымша жеңілдіктер беру бағдарламаларын дамытады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да Ұжымдық шартқа сәйкес: үстеме жұмысқа ақы төлеуді, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс ақысын, түнгі уақыттағы үстеме ақыларды, үстеме және қосымша ақыларды, ауыр жұмыстағы, зиянды (ерекше зиянды) жұмыспен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді, қауіпті еңбек жағдайлары, жыл сайынғы қосымша ақы төленетін еңбек демалысы, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, үйлену тойына материалдық көмек және қызметкерлердің мерейтойына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу көзделген. Ұжымдық шартқа сәйкес зейнеткерлікке шығуға байланысты еңбек шартын бұзу кезінде жұмысшыларға үш жалақы мөлшерінде өтемақы төлемі төленеді.

Жұмысты білім беру ұйымдарындағы оқумен ұштастыратын жұмысшыларға емтихан немесе нұсқау беруші сессиялары, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау, қорытынды емтихандарды тапсыру кезеңіне қосымша демалыс беріледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобындағы жұмысшылардың жұмысын ынталандыру және көтермелеу мақсатында корпоративті мәдениетті дамыту аясында ерекшеленген қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, мемлекеттік, ведомстволық және ТМД Электр энергетикалық Кеңесінің, «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығының, «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ, «Самұрық-Қазына» АҚ және т. б. салалық марапаттары берілді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 22 қызметкер Энергетика министрлігінің «Еңбек сіңірген энергетик» төсбелгісімен, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «KAZENERGY» медалімен – 4 қызметкер, ҚР Энергетика министрлігінің «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалімен, ҚР Энергетика министрлігінің «Құрметті энергетик» төсбелгісімен, «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Даму және мансаптық өсу

Электр энергетикасының ерекшелігі жұмыс істеуге рұқсат беру және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін сақтау үшін кадрларды үнемі даярлау мен қайта даярлауды талап етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қызметкерлерді үнемі дамытып, оқытуға ұмтылады. Қызметкерлерді оқыту және дамыту жабдықтардың және жалпы алғанда, компанияның үнемді, авариясыз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі табысқа жетудің маңызды факторы болып табылады.

Қоғам компаниялары тобының персоналын дамытудың негізгі бағыттары:

- «Көшбасшылықты дамыту» бағдарламасы;
- Жылу электр станцияларының көмір қазанын/бу турбиналарын пайдалану;
- «Жобаларды басқару», «Ситуациялық көшбасшылық» тренингтері;
- Магистартура бағдарламалары (BA, Ms);
- Ағылшын және мемлекеттік тілді оқыту бойынша корпоративтік курстар;
- Қызметкерлер қызметінің функционалдық бағыты бойынша семинарлар, тренингтер және конференциялар.

2020 жылы қызметкерлер жауапты адамдарға арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқудан өтті; «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олар өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум», «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы заңнамалар. Өндірістегі энергия менеджменті. Энергия үнемдеу бағдарламаларын әзірлеу мен ендіруді басқару. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру», «Корпоративтік басқарудағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің рөлі» және «Корпоративтік басқару және орнықты даму» тақырыптары бойынша оқу семинарларынан өтті.

Сонымен қатар, міндетті Көшбасшылық бағдарламасын іске асыру шеңберінде CEO – 100%; CEO-1 – 92%; CEO-2 – 91% оқытылды;

CEO-1 үшін «Адамдарды басқару», «Өзгерістерді басқару», «Көпшілік алдында сөйлеу», «Стратегиялық менеджмент», «Коучинг дағдылары» және «Сандық дағдылар» тренингтері өткізілді. CEO-2 үшін «Адамдарды басқару», «Өзгерістерді басқару», «Стратегиялық менеджмент», «Коучинг дағдылары» және «Сандық дағдылар» тренингтері өткізілді.

Цифрлық трансформация бағдарламасына сәйкес («Жоғары өнімділік мәдениеті» бастамасы бойынша жол картасы) көшбасшылық бағдарламалары бойынша оқыған басшылардың пайыздық шекті мәніне қол жеткізілді.

Жылына бір қызметкерді оқытуға жұмсалатын орташа сағат саны, қызметкерлердің санаттары бойынша бөлгенде

Персонал санаты	2020 жылдың аяғындағы жалпы саны		2020 жылғы даярлау сағатының саны		Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған оқу сағаттарының орташа саны
	ер	әйел	ер	әйел	
Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	60	6	1,289	129	21
Басшылар, мамандар	3 247	2 091	37,144	23,914	11
Қызметшілер, жұмысшылар	9 877	2 502	662,331	167,779	67

Персонал санаты	2019 жылдың аяғындағы жалпы саны		2019 жылғы даярлау сағатының саны		Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған оқу сағаттарының орташа саны
	ер	әйел	ер	әйел	
Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	56	7	1,627	203	29
Басшылар, мамандар	3 218	2 105	35,323	23,106	11
Қызметшілер, жұмысшылар	9 800	2 513	591,253	151,614	60

Өңірлерге бөлгендегі бір қызметкерге кеткен жылдық оқудың сағат саны



Компания қызметкерлерінің қызметін бағалаудың қолданыстағы қағидаларына сәйкес мынадай бағалау жүргізіледі:

- мақсаттар мен құзыреттер бойынша кешенді (қорытынды) бағалау, ол өзіне өзін-өзі бағалау, шолу кездесулері, дағдыларға, әлеуетке шолу жасау, қызметкерлерге қызмет тиімділігін арттыру және олардың даму мүмкіндіктерін арттыру бойынша бағыт беру мен бағалауды қамтиды;
- есепті кезеңде мақсаттарды орындау дәрежесіне мониторинг жүргізу мақсатында қызметкерлердің қызметіне тоқсан сайын өткізілетін аралық шолу.

Әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің 94%-ы бағаланды, оның 95%-ы ерлер, ал 94%-ы әйелдер.

Бәсекеге қабілеттілікті сақтау мен дамыту, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге белсенді түрде әрекет ету, келешегі зор, кәсіби шеберлігі жоғары және тартылған қызметкерлердің әлеуетін өсіру, өзінің басқарушы қызметкерлерін тәрбиелеу мақсатында Компания сабақтастық пен таланттарды басқару жүйесін дамытуда.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында маңызды лауазымдарға орналасу үшін бірыңғай кадр резерві қалыптастырылады және объективтілік, ашықтық, әділдік, еріктілік және тиімділік қағидаттарына негізделген кадр резервінен іріктеу мен тағайындау рәсімдері енгізілуде.

Кадр резервін қалыптастыру мен дамыту процесі қызметкерлердің жыл сайынғы жұмысын бағалаумен тығыз байланысты, соның негізінде таланттар картасы жасалады, резервистердің жеке даму жоспарлары (ЖДЖ) жасалады, тәлімгерлік, тағылымдама бағдарламалары және сабақтастық бағдарламалары дамиды.

Корпоративтік басқаруды дамыту аясында «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі және компанияны басқару органдары басшылық лауазымдарға сабақтастық жоспарын құру мен іске асыруға үлкен көңіл бөледі.

Әлеуметтік тұрақтылық және корпоративтік мәдениетті дамыту

Әлеуметтік тұрақтылық пен персоналды қатыстыру көрсеткіштерін жыл сайын өлшеу қызметкерлердің адалдығы мен сенімін, персоналдың әлеуметтік әл-ауқаты мен қатыстырылу деңгейін арттыру, персоналдың еңбек қызметімен байланысты еңбек жағдайлары мен процестерін жақсарту, коммуникация жүйелерін дамыту және кез келген өзгерістер туралы ақпараттандыру шараларын уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді.

2020 жылы қатыстырылу индексі мен әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау әдістемесі жаңартылды. Әдістемені жаңартудың мақсаты –нәтижелердің практикалық маңыздылығын және еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстардың құндылығын арттыру.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020 жылы зерттеу Samruk Research Services платформасы шеңберінде телефон арқылы жүргізілді.

2020 жылғы жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша Қоғамның компаниялар тобы бойынша «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» 79%-ды* құрады.

Компаниялар тобы бойынша қатыстырылған өндірістік қызметкерлердің үлесі



** SRS көрсеткіші бойынша өзгерісті салыстыру 2021 жылдан бастап мүмкін болады*

2020 жылы Қоғамның Компаниялар тобы бойынша **әкімшілік – басқарушы персоналының қатысуы** туралы сауалнама көрсеткіші 83%-ды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 2%-ға өскенін көрсетеді*.

Қоғамның компаниялар тобы бойынша ӘБП қызметкерлерінің қатысу үлесі



**Өткен жылдардың нәтижелерімен салыстырмалы талдау жүргізу мақсатында 2018 және 2019 жылдардағы қатыстырылу индексі 2020 жылдың әдістемесінің үлгісі бойынша қайта есептелді.*

Қоғамның (корпоративтік орталықтың) **әкімшілік-басқарушы персоналының қатысуы** бойынша сауалнаманың көрсеткіші 2020 жылы 92%-ды құрады және оң аймақта. 2019* жылмен салыстырғанда, қатыстырылған қызметкерлердің үлесі 4%-ға өсті.

Компанияның қатысқан қызметкерлерінің үлесі



**Өткен жылдардың нәтижелерімен салыстырмалы талдау жүргізу мақсатында 2018 және 2019 жылдардағы қатыстырылу индексі 2020 жылдың әдістемесінің үлгісі бойынша қайта есептелді.*

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында Келісу комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде, олар жұмыс берушінің өкілдері мен кәсіподақ қызметкерлерінің өкілдерінен құрылған, негізгі функциясы еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шағымдар мен өтініштерді қарастыру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бәсекеге қабілетті әлеуметтік топтаманы беруге ұмтылады, оның болуы сыртқы нарықтан жоғары білікті үміткерлерді тартуға мүкіндік береді. Өтемақылар мен жеңілдіктер қызметкерлер мен олардың отбасылардың әл-ауқаты мен әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға арналған. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлерімен жасасқан ұжымдық шартқа сәйкес ұсынылатын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің құрамына мыналар кіреді:

- еңбек демалысына қосымша сауықтыруға, баланың тууына байланысты материалдық көмек;
- (қызметкерді және оның жақын туыстарын) жерлеуге, зейнеткерлерді емдеуге, төтенше жағдайларға және т. б. байланысты материалдық көмек;
- табысты жоғалтуына байланысты материалдық көмек (жүктілікке және босануға байланысты демалыс немесе нәрестені (ұл/қыз) асырап алуға байланысты демалыс);
- ерікті медициналық сақтандыру;
- қызметкерлер мен балалардың шипажай-курорт жағдайында емделуі;
- қызметкерлердің мерейтойларына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу;
- мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар;
- қарыздарды төлеу;
- асыраушысының жарымжан боп қалғаны немесе одан айрылғаны үшін берілетін жәрдемақы;
- балаларға жаңа жылдық сыйлықтар және т. б.

2020 жылы Ұжымдық шартқа сәйкес 2 228 698 мың теңгеге әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер берілді.

Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі

№	Көрсеткіш	Мәні (2020)	Өлшем бірлігі
1.	2020 жылдың соңындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны)	17 783	адам
2.	Оның ішінде 2020 жылғы ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер саны:	15 567	адам
3.	Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі:	88	%

Компания сауықтыру, спорт және демалыс ұйымдастыру мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:
- еңбек сіңірген жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосымша күндер беру;
- корпоративтік ақпарат құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын жүйелі насихаттау;
- Компания қызметкерлерінің мүгедек-балалары мен жетім-балаларға шипажайға және балаларды сауықтыру орталықтарына берілетін жолдамалардың құнын ішінара өтеу.

Негізгі қызмет бойынша бөлгенде, жұмыспен уақытша немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, жұмыспен толық қамтылған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер

№	Көрсеткіш	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен толық қамтылмаған немесе уақытша қамтылған қызметкерлер үшін
1.	**Қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер**		
1.1.	Өмірді сақтандыру	Беріледі	Беріледі
1.2.	Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Беріледі
1.3.	Еңбекке жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар	Беріледі	Беріледі
1.4.	Ана/әке болуына байланысты демалыс алу	Беріледі	Беріледі
1.5.	Зейнетақы беру (зейнетке шыққан кездегі біржолғы төлем)	Беріледі	Берілмейді
1.6.	Компанияның акцияларын жекеменшікке беру	Берілмейді	Берілмейді
1.7.	Өзге (шипажай-курорт жағдайында емделу, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге байланысты материалдық көмек, сауықтыруға байланысты материалдық көмек)	Беріледі	Беріледі

Жас қызметкерлерге қатысты саясат

Компания жастарды қатыстыруды арттыру бойынша жас ұрпақтың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге, жастарды әлеуметтік қолдауға және Компанияны болашақта жоғары бейінді мамандармен қамтамасыз етуге бағытталған жан-жақты жұмыс жүргізуде.

Осы бағыттың міндеттері:
- Компанияның жастар активі есебінен Компания басшылығы жанынан Жастар кеңесін құру және дамыту;
- жастар қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;
- жас мамандардың ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, форумдарға, конкурстарға және басқа да іс-шараларға қатысуы;
- кадрларды даярлау, үздік түлектерді іздеу және іріктеу, студенттердің өндірісте тәжірибеден өтуі мен тағылымдамасын ұйымдастыру, оқу бағдарламаларын жетілдіруге қатысу және дуальді оқытуды дамыту, стипендиялық бағдарламаларды дамыту және т. б. мәселелері бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде бейінді білім беру ұйымдарымен жұмыс істеу;
- жас мамандарды, жас отбасыларды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын дамыту;
- жас мамандарға қатысты бейімдеу, тағылымдамадан өту, тәлімгерлік және менторлық, оқыту, мансаптық және кәсіби жоспарлау жүйелерін дамыту.

Жыл сайын бұл жастар қозғалысы өз ұстанымын нығайтып келеді. Жас белсенділер өндірістік және қоғамдық өмірге қатысады. Олардың арасында корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысатын көптеген шығармашыл дарынды адамдар бар.

2020 жылы жас мамандар еріктілер қозғалысын жанжақты қолдау мақсатында бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды.

2020 жылдың басында Қоғамның компаниялар тобының Жастар активі COVID-19 пандемиясының салдарынан қиын жағдайға тап болған қызметкерлердің отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетті.

«Көңілі жас» еріктілер жобасын іске асыру аясында еріктілер қарттарға, ардагерлер мен мүгедектерге азық-түлік себеттерін таратуға қатысты.

«Taza Kazakhstan – табиғатты қорғауға үлес қосу» жобасы аясында еріктілер Қазақстан аймақтарында экологиялық сенбілік өткізді.

Жаңа жыл қарсаңында белсенді жастар «Сиқырлы шырша» қайырымдылық акциясының көмегімен қатерлі ісікке шалдыққан балалардың тілектерін шындыққа айналдырды.

Компания жас, талантты жұмыскерлерді тарту және тұрақтандыру туралы, жас мамандар үшін жұмыс орындарын құруға, тәлімгерлік институтын дамытуға, дарынды мектеп түлектерін ҚР, таяу және алыс шетел ЖОО-ларында энергетика саласы мамандықтары бойынша оқытуға ниет білдіреді.

«Жас Өркен» бағдарламасын іске асыру аясында, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы 4 жас маманды тағылымдамаға және «Цифрлық Жаз» бағдарламасы бойынша 5 тәлімгерді қабылдады.

Ауыстыру кезеңінде барлық жас мамандарға электронды бейімделу курсын өту үшін мүмкіндік берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолдауымен Алматы Энергетика және байланыс университеті физика-математика пәнінен республикалық олимпиада өткізді.

Адам құқығы

Адам құқықтарын сақтау саласында Компания өз қызметін заңнамаға қатаң сәйкестікте жүзеге асырады, БҰҰ жариялаған адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығы мен құндылығын, оның ішінде бірігу еркіндігі, ұжымдық шарттар жасасу құқығын тану, еңбек құқықтары, қолайлы қоршаған ортаға құқық, денсаулықты қорғау құқығын мойындайды. Есепті жыл ішінде қызметкерлерді кемсіту жағдайлары тіркелген жоқ.

Адам құқықтарын сақтау саласындағы қағидаттар «Самұрық-Энерго» АҚ Іскерлік этика кодексінде көрсетілген.

Бұдан басқа, өз өнім берушілермен және мердігерлермен өзара іс-қимыл шеңберінде Компания денсаулық сақтау және қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті қоса алғанда, еңбек заңнамасын сақтауды талап етеді. Тиісті талаптар Қоғамның және ЕТҰ-ның өнім берушілермен жасасатын үлгі шарттарына енгізілген.

Қызметкерлер тұрақты жұмыс істейтін Келісу комиссиялары, Әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын реттеу жөніндегі комиссиялар арқылы қолданыстағы заңнама аясында ұжымдық келіссөздерді жүргізуге құқылы.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да персоналды іріктеу рәсімі тестілеу элементтерін қолдана отырып, транспаренттілік пен меритократияны, айқындылықты, кәсібилікті, лауазымдарға қойылатын кандидаттың жеке қасиеттері және оның біліктілік талаптары мен құзыреттеріне, сондай-ақ қызметкерлерге әділ және тең қарау қағидаттарын сақтай отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ-да бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу және жаңа қызметкерлерді бейімдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. «Самұрық-Энерго» АҚ кемсітушіліктің кез келген түрін, бала еңбегін пайдалануға және мәжбүрлеп еңбек етуді болдырмауға барынша ықпал етіп, кадрлардың қызметін өсіруді тек кәсіби қабілеттері мен біліміне, білік-дағдыларына қарай жүргізуге күш салады.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық, әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін реттеу және қорғау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да 15 567 адам мүшесі болып табылатын 12 кәсіподақ ұйымы жұмыс жасайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ кәсіподағы «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлері – кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін еңбек заңнамасын сақтау, белгіленген әлеуметтік кепілдіктер және шарт ережелерін орындау бөлігінде қорғайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінің әртүрлі аспектілері бойынша мүдделі тараптармен диалог құрады. Атап айтқанда, алаңдаушылық пен кінәраттар туралы ақпарат алу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы веб-сайтында кері байланыс жүйесі – «Жедел желіге» жазбаша өтініш немесе телефон шалу арқылы өтініштер мен шағымдарды беру және қарау тетігі пысықталды.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша 67 өтініш тіркелді және барлық өтініштер есепті кезең ішінде реттелді. 2019 жылдың ұқсас кезеңінде компанияда 73 шағым мен өтініш тіркелді.

2020 жылдың нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қызметкерлерді кемсітудің расталған жағдайлары орын алған жоқ.

Шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдар саны

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	2020 жыл ішінде шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны, олардың ішінде:	67
1.1.	есептік кезең ішінде өңделген	67
1.2.	есептік кезең ішінде реттелген	67
2.	Есептік кезең басталғанға дейін берілген және есептік кезең ішінде реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны	

Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін көрсету

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	**Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде (жаһандық немесе жергілікті деңгейде) денсаулық және қауіпсіздік мәселелері қозғалған ба**	**Иә**
2.	**Егер қозғалған болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жергілікті деңгейдегі келісімдер мынадай мәселелерді қозғайды:**	
2.1.	Жеке қорғаныш құралдары	Иә
2.2.	Басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер	Иә
2.3.	Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі инспекцияларға, аудиттер мен жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуы	Иә
2.4.	Білім және оқыту	Иә
2.5.	Шағым беру тетіктері	Иә
2.6.	Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы	Иә
2.7.	Мерзімді инспекциялар	Иә
3.	**Егер қозғалған болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жаһандық деңгейдегі келісімдер мынадай мәселелерді қозғайды:**	
3.1.	Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) ұсыныстарына сәйкес келуі	Иә
3.2.	Проблемаларды шешу бойынша шаралар немесе құрылымдар	Иә
3.3.	Нәтижеліліктің мақсатты стандарттарына немесе іс жүзінде қабылданатын әдістердің деңгейіне қатысты міндеттемелер	Иә

Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру және жергілікті қауымдастықпен өзара іс-қимыл

«Самұрық-Энерго» АҚ әлеуметтік-жауапты компания бола отырып, еншілес ұйымдары орналасқан өңірлердің әлеуметтік әл-ауқатына назар аударуға ерекше көңіл бөледі.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Компания қатысатын өңірлерде әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық бағдарламаларын іске асыру бағытында «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорымен белсенді іс-шаралар атқарылды. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес ұйымдарының («АлЭС» АҚ, «Samruk-Green Energy» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «ПВЭС» ЖШС) жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылы арқылы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бар өңірлердегі өткір әлеуметтік проблемалардың тізімі, сондай-ақ осы проблемаларды шешу шеңберінде жобаларға бастамашылық жасауға және оларды іске асыруға қабілетті коммерциялық емес ұйымдардың тізімі анықталды.

АлЭС
АлЭС

ҚОСЫМШАЛАР

БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ СЕНІМДІЛІК

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы Есепті әзірлеу барысында Компания төмендегідей тәсілдер мен қағидаттарды ұстанды:

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және оның маңыздылығы.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы «Қамтылу» қағидатына негізделеді және Компанияның өз клиенттері мен қызметкерлерінің, серіктестері мен өнім берушілерінің болашағына инвестиция салу дайындығына, Компанияның да, жергілікті қоғамдастықтардың да орнықты дамуын қамтамасыз етуге, компания орналасқан аумақ үшін маңызы бар салаларға әлеуметтік инвестицияларды жүзеге асыруға, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге барабар және икемді ден қою үшін барлық тұлғалармен өзара іс-қимылды дамыту дайындығына негізделген (толығырақ «Орнықты даму» бөлімінде берілген).

Стейхолдерлермен өзара іс-қимыл шеңберіндегі «ашықтық» қағидатын ескере отырып, Компания жылдық есепті шығарылғаннан кейін жыл сайын жылдық есепте көрсетілген ақпараттың теңгерімділігі мен толықтығын тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ Компанияның қызметіне және оның мүдделі тараптарына елеулі әсер ететін тақырыптар мен аспектілерді айқындайды, бұл тақырыптар мен аспектілер келесі Есептілік кезеңіндегі жылдық есеп құрылымын қалыптастыру кезінде ескерілуі тиіс мынадай жайттарды: маңызды тақырыптар тізімін айқындауды; сыртқы және ішкі стейкхолдерлер арасында сауалнама жүргізуді; жыл нәтижелері бойынша маңыздылық матрицасын жасауды қамтиды.

Мүдделі тараптар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде айқындалған маңызды аспектілердің толықтығына, маңыздылығына, теңгерімділігіне талдау жүргізіліп, Компанияның 2021 жылға арналған Маңыздылық матрицасы әзірленді.

2020 жылдың нәтижелері бойынша жасалған талдау Компания мен оның мүдделі тараптары үшін бұрынғыша бизнесті цифрландыруға, тарифтік реттеу мен компанияның қаржылық тұрақтылығына, тиімді инвестициялық қызметке, тәуекелдерді басқару мен энергия тиімділігіне, экологиялық заңнаманы сақтауға, қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, парниктік газ шығарындылары мен басқа да ластағыш заттарды азайтуға, өндірістік жарақаттануға және т. б. байланысты тақырыптар маңызды болып қалатынын көрсетті.

Маңыздылық матрицасын Директорлар кеңесі 15.12.2020 ж. қарады және бекітті (№ 13/20 хаттама).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ:



- Экономикалық аспект
- Экологиялық аспект
- Әлеуметтік аспект

2020 ЖЫЛҒЫ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ:

Бизнесті цифрландыру	**Энергия шығынын азайту**
Компанияның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	**Парниктік газдар мен басқа ластаушы заттардың (NOX, SOX, озон қабатын бұзатын және басқа да маңызды ластаушы заттардың) шығарындыларын азайту**
Қызметті жүзеге асыруда табиғи апаттар мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	Қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығыстар мен инвестициялар (түрлері бойынша)
Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі (құрылған және бөлінген экономикалық құнды қоса алғанда)	Материалдарды, энергия мен суды тиімді пайдалану
Тарифтік реттеу	**Экологиялық заңдар мен нормативтік талаптарды сақтау**
Қаржы тұрақтылығы	Қалдықтарды басқару
Тиімді инвестициялық қызмет	Ұйымның су жинауына айтарлықтай әсер ететін су көздері
Пандемия жағдайында бизнесті басқару	Көп рет және қайталап пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі
Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл	Ұйымның төгінділері мен оның аумағындағы беткі ағындарға айтарлықтай әсер ететін су объектілері
Сатып алудағы әлеуметтік жауапкершілік және қызметті жүзеге асыратын маңызды аймақтардағы жергілікті жеткізушілерге шаққандағы шығындардың үлесі (оның ішінде жергілікті қамту үлесін дамыту)	Биологиялық әралуандылықты сақтау
Сатып алу санаттарын басқару	**Қызметкерлерді әділ сыйақы беру және оларға әлеуметтік қолдау көрсету**
Сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне қарсы күрес, оның ішінде бопсалау мен пара алуды қоса алғанда	Корпоративтік мәдениет және бизнесті жүргізудің этикалық стандарттары
Тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіру және тәуекелдерді сапалы басқару	Жастар саясаты
Компанияның комплаенс-тәуекелдерін басқару және оның комплаенс мәдениеті	**Персоналдың кәсіби және жеке өсуі**
Іскери беделді нығайту және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Персоналды жалдау
Халықаралық ынтымақтастық	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер, оның ішінде гендерлік теңдік
Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы	Шағымдарды беру тетіктері
Сапа менеджменті жүйесінің аудиті	Мәжбүрлі еңбектің барлық түрлерін жою
Бизнесті трансформациялау	Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимылының принциптері мен тәсілдері	Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдау және оған құрмет көрсету
Жаңартылатын энергия көздеріне салынған инвестициялар	**Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру**
Энергия тиімділік	**Өндірістік жарақаттар**

Орнықты даму мәнмәтіні

Есеп Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектісі бөлігіндегі үлесі туралы ақпарат ұсынады.

Толықтығы

Есептің көрсеткіштері мен мазмұны Компанияның есептік кезеңдегі экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға маңызды әсерін көрсету үшін жеткілікті болып табылады.

Теңгерімділік

Аталған Есепте Компания нәтижелерінің есептік кезеңдегі оң және теріс аспектілері көрсетілді. Бөлек көрсеткіштер үшжылдық динамикада көрсетілген.

Салыстырмалылық

Аталған Есепті қолданатын мүдделі тараптар Компанияның қаржылық және өндірістік көрсеткіштер туралы ұсынылған ақпаратын бұрынғы кезеңдердің нәтижелерімен және мақсаттарымен салыстыра алады.

Есеп GRI Standards талаптарына сәйкес әзірленді, бұл стейкхолдерлерге Компанияның қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Нақтылық

Есептік кезеңде ұсынылған ақпарат мүдделі тараптар есептік кезеңдегі Компания қызметінің нәтижелерін бағалау үшін жеткілікті толық және егжей-тегжейлі болып табылады. Ақпарат сапалы сипаттамалар ретінде де, сандық деректермен де көрсетілген.

Уақытылылық

Есеп аудит жүргізілген қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін барынша қысқа мерзімде жыл сайынғы негізде және 30 шілдеден кешіктірмей ұсынылады, бұл аталған Есепте көрсетілген ақпарат өзекті болып табылатынына болжал жасауға мүмкіндік береді. Есеп корпоративтік веб-сайтта бүкіл стейкхолдерлер үшін бір уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

Айқындық

Есеп туралы ақпарат мүдделі тараптарға түсінікті және қолжетімді нысанда баяндалды.

Сенімділік

Осы есепті дайындау кезінде ұсынылған ақпарат алдын ала талданып, мүдделі тараптардың аталған есепті тексеруге және оның мазмұнының дұрыстығын бағалауға мүмкіндігі болатындай етіп ашылды.

Деректердің дереккөздері мемлекеттік органдарға жыл сайын ұсынылатын ресми есептілік нысандары болып табылады. Бірқатар көрсеткіш ішкі аудит рәсімдері аясында компаниялардың жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жинақталып, есептелді.

Компанияның Есебінде ұсынылған өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есептеу, жинау және шоғырландыру есептілік қағидаттарына және Қоғамның Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылықтың ұсыныстарына және корпоративтік басқару рәсімдеріне сәйкес жүргізілді. Орнықты даму саласындағы көрсеткіштердің әрбір санаты бойынша сандық деректердің дәлсіздік ықтималдығы мейлінше азайды. Қатынастар мен үлестік шамалар абсолюттік мәндермен толықтырылды. Сандық деректер көпшілік қабылдаған өлшем бірлік жүйесін пайдалана отырып көрсетілген және стандартты коэффициенттер көмегімен есептелген.

Есеп барлық мүдделі тараптарға «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында қызметі мен жетістіктерінің нәтижелерін электрондық нұсқада, қағаз нысандарында және онлайн шолуға мүмкіндік береді. Компанияның алдыңғы Шоғырландырылған жылдық есепті жариялау күні – 2020 жылғы 5 тамыз. Есептің кеш бекітілуі коронавирус инфекциясы пандемиясының салдарынан болған шектеу шараларымен байланысты.

Есептің қамту және шекараларының салаларын шектеу

Осы Есепте көрсетілген Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2020 жылғы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2019 жылғы аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептілік «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС («PwC») жүргізген тәуелсіз аудиттің нәтижесі болып табылады.

Осы Есеп аясында қаржылық-операциялық нәтижелер және орнықты даму мәселелері бойынша ақпарат келтірілді. 2020 жылғы сапалық және сандық мәліметтер 2019 және 2018 жылдары пайдаланылған деректер қолданылған көрсеткіштерде ақпаратты салыстыру мен талдау мақсатында ұсынылған.

Компания Есептің шекараларын GRI Standards сәйкес анықтады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті құру кезінде бірыңғай тәсіл мақсатында шоғырландыруда үлестік қатысу әдісі қолданылады. Сонымен қатар, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес, негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құны бойынша, яғни қайта бағалаусыз жүргізіледі. Еншілес компаниялар сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан сатып алу күнгі әділ құны бойынша көрсетіледі.

Үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде шоғырландырылған баланста «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелік ету үлесі 50%-ды құрайтын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Forum Muider B.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымы алынып тасталды.

«Самұрық-Энерго» АҚ шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайда үлесі «Үлестік қатысу әдісі және инвестициялардың құнсыздануы бойынша ескерілетін ұйымдардың пайда/шығын үлесі» бабында көрініс табады.

Компанияның 2020 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінде «Самұрық-Энерго» АҚ келесі еншілес және тәуелді ұйымдарының көрсеткіштері пайдаланылды:

Ұйымның атауы	Қызмет түрі	Дауыс беру құқығы %	Қатысу үлесі	Тіркелу елі
Еншілес ұйымдар:				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша электр энергиясын беру және тарату	100	100%	Қазақстан
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қаласында және Алматы облысында электр және жылу энергиясы мен ыстық су өндіру	100	100%	Қазақстан
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сату	100	100%	Қазақстан
«Шардара СЭС» АҚ	Оңтүстік Қазақстанда су электр станцияларында электр энергиясын өндіру	100	100%	Қазақстан
«Мойнақ СЭС» АҚ	Алматы облысындағы су электр станцияларында электр энергиясын өндіру	100	100%	Қазақстан
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	100	100%	Қазақстан
«Бұқтырма СЭС» АҚ	Жалға берілген Бұқтырма су электр станциясының меншік иесі болып табылады	90	90%	Қазақстан
«Өскемен СЭС» АҚ	Гидроэлектр станциясын жалға берген сәттен бастап бұл компания әрекетсіз болып табылады	89,99	89,99%	Қазақстан
«Шүлбі СЭС» АҚ	Гидроэлектр станциясын жалға берген сәттен бастап бұл компания әрекетсіз болып табылады.	92,14	92,14%	Қазақстан
«Samruk Green Energy» ЖШС	Жаңартылатын электр энергиясын дамыту	100	100%	Қазақстан
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру	100	100%	Қазақстан
«Казгидротехэнерго» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру	100	100%	Қазақстан
«Теплоэнергомаш» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру	95	95%	Қазақстан
«Energy Solutions» ЖШС	Тасымалдау және өзге де қызметтер	100	100%	Қазақстан
«Тегіс Мұнай» ЖШС және «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС	Газ кен орнын барлау және өндіру	100	100%	Қазақстан

ЕСЕПТІҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІК КЕСТЕСІ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
Есептіліктің жалпы элементтері				
GRI 102: Жалпы ақпарат 2016				
	102-1	Ұйымның атауы	9	қолдануға болмайды
	102-2	Қызмет, брендтер, өнім және қызметтер	9,10,32	қолдануға болмайды
	102-3	Штаб-пәтердің орналасуы	31, 160	қолдануға болмайды
	102-4	Өндірістік алаңдардың орналасуы	31, 12-30	қолдануға болмайды
	102-5	Меншік сипаты және ұйымдастырушылық-құқықтық нысан	9	қолдануға болмайды
	102-6	Қызмет ету нарықтары	9, 32, 12-30	қолдануға болмайды
	102-7	Ұйым масштабы	9,10, 32, 12-30	жоқ
	102-8	Қызметкерлер мен басқа жұмыскерлер туралы ақпарат	132-133	жоқ
	102-9	Жеткізу желісі	12-30, 79	жоқ
	102-10	Ұйымда және оның жеткізу желісіндегі елеулі өзгерістер	2-5, 36-37, 57-58, Т.2	PWC
	102-11	Сақтық шараларының қағидаты немесе әдісі	99-100, 114, 141	жоқ
	102-12	Сыртқы бастамалар	110-112, 134	жоқ
	102-13	Қауымдастықтардағы мүшелілік	112	жоқ
	102-14	Жоғары тұрған басшылықтың өтініші	2-5	қолдануға болмайды
	102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	40-45, 59, 104-105, 109, 116	жоқ
	102-16	Мінез-құлық құндылықтары, қағидаттары, стандарттары және нормалары	34-35, 99-101, 141-142, 132, 139	жоқ
	102-17	Этика бойынша консультациялар мен өтініштердің тетіктері	99-101, 114, 141-142	жоқ
	102-18	Басқару құрылымы	9, 83, 84-85	жоқ
	102-19	Өкілеттіктерді табыстау	83, 84-85, 88-98	жоқ
	102-20	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар үшін жауапты басқарушы лауазымдар	88-89, 94-95	қолдануға болмайды
	102-21	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша мүдделі тараптарға консультация беру	88-89, 94-95, 99, 101, 112-114	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
	102-22	Жоғары корпоративтік басқару органының және оның комитеттерінің құрамы	88-98	жоқ
	102-23	Жоғары корпоративтік басқару органының төрағасы	88	жоқ
	102-24	Жоғары корпоративтік басқару органын ұсыну және таңдау	88, 90, 94, 96	қолдануға болмайды
	102-26	Жоғары корпоративтік басқару органының мақсаттарды, құндылықтарды және стратегияны анықтаудағы рөлі	83, 91, 96	қолдануға болмайды
	102-31	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды барлау	109-142	жоқ
	102-35	Сыйлықақы беру саясаты	91, 96	жоқ
	102-36	Сыйлықақыны анықтау процесі	91, 96	жоқ
	102-40	Мүдделі тараптар тобының тізімі	113	жоқ
	102-41	Ұжымдық еңбек шарттары	134, 140	жоқ
	102-42	Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және анықтау	112, 113	жоқ
	102-43	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі	113, 145	жоқ
	102-44	Негізгі тақырыптар және қозғалған қауіптер	114, 99-101, 145-147	жоқ
	102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілік енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі	149, Т.2	PWC
	102-46	Есеп мазмұнын және тақырыптар шекараларын анықтау	1, 145-149	жоқ
	102-47	Маңызды тақырыптардың тізімі	146-147	жоқ
	102-48	Қайталама өтініштер	БҚЕ	PWC
	102-49	Есептегі өзгерістер	148	жоқ
	102-50	Есептік кезең	148	қолдануға болмайды
	102-51	Соңғы есеп шығарылған күн	148	қолдануға болмайды
	102-52	Есептілік циклі	148	қолдануға болмайды
	102-53	Есеп туралы сұрақтар бойынша байланыс ақпараты	161	қолдануға болмайды
	102-54	GRI Standards сәйкес есептілік туралы өтініш	1, 148	жоқ
	102-55	GRI мазмұнының белгісі	150	жоқ
	102-56	Сыртқы растау	150-155	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
Арнаулы тақырыптар				
GRI 200: Экономикалық тақырыптар 2016				
Экономикалық нәтижелілік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	115-116	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	115-116	жоқ
GRI 201: Экономикалық нәтижелілік	201-1	Құрылған және үйлестірілген тікелей экономикалық құн	115	жоқ
	201-2	Қызметі климаттың өзгеруімен байланысты ұйымдарға арналған қаржылық аспектілер және өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер	116	жоқ
Нарыққа қатысу				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	132	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	132-136	жоқ
GRI 202: Нарыққа қатысу	202-1	Жынысы әр түрлі қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі стандартты жалақының қызметтің маңызды өңірлердегі белгіленген мейілінше аз жалақыға қатысы	137	жоқ
	202-2	Жергілікті халықтың өкілдері есебінен қабылданған қызметтің маңызды аумақтарында жоғары дәрежелі басшылардың үлесі	132	жоқ
Сатып алу тәжірибесі				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	79	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	79	жоқ
GRI 204: Тікелей емес экономикалық әсер	204-1	Жергілікті емес жеткізушілердің шығын үлесі	79	жоқ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147,99	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	99	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	100	жоқ
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	205-1	Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер мәніне бағаланатын өндірістік бөлімшелер	100	жоқ
	205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, сондай-ақ оларға оқыту	199-100	жоқ
	205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	101	жоқ
GRI 300: Экологиялық тақырыптар 2016				
Материалдар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	120	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	120	жоқ
GRI 301: Материалдар 2016	301-1	Салмағы немесе көлемі бойынша пайдаланылатын материал	120	жоқ
Энергия				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	118	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	118-119	жоқ
GRI 302: Энергия 2016	302-1	Энергияны ұйым ішінде тұтыну	118	жоқ
	302-3	Энергиялық сыйымдылық	119	жоқ
	302-4	Энергия тұтынуды қысқарту	119	жоқ
Су және ағын сулар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147, 124	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	124	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	124	жоқ
GRI 303: Су және ағын сулар 2018	303-2	Ұйымның суды жинауы маңызды әсер ететін су көздері	125-126	жоқ
	303-3	Көп рет және қайталама пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі	126	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
Биоалуантүрлілік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147, 126	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	127	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	127	жоқ
GRI 304: Биоалуантүрлілік 2016	304-2	Қызметтің, өнімнің және қызметтердің Биоалуантүрлілікке маңызды ықпалы	127	жоқ
Шығарындылар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147,128	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	128	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	128	жоқ
GRI 305: Шығарындылар 2016	305-7	NOx, SOx және басқа маңызды ластағыш заттардың шығарындылары	129-130	жоқ
Ағын сулар және қалдықтар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147, 130	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	130	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	131	жоқ
GRI 306: Ағын сулар және қалдықтар 2016	306-2	Қалдықтар	131	жоқ
Экологиялық нормаларға сәйкестік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147, 122	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	122	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	122	жоқ
GRI 307: Экологиялық нормаларға сәйкестік 2016	307-1	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау	123	жоқ
GRI 400: Әлеуметтік тақырыптар 2016				
Жұмыспен қамтушылық				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147,132	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	133	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	140,139	жоқ
GRI 401: Жұмыспен қамтушылық 2016	401-1	Жаңадан қабылданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы	132,133	жоқ
	401-2	Уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, толық жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	140	жоқ
Денсаулық және қауіпсіздік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147, 135	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	135, 136	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	134, 136	жоқ
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік 2018	403-2	Өндірістік жарақаттанушылық түрлері және деңгейі, жоғалған күндер және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өлімге әкелген жағдайлардың жалпы саны	135	жоқ
	403-9	Өндірістік жарақаттар	135	жоқ
Оқыту және білім				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147,132	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	132	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	137	жоқ
GRI 404: Оқыту және білім 2016	404-1	Бір қызметкер үшін оқыту сағатының орташа жылдық саны	138	жоқ
	404-3	Мерзімді нәтижелілік бағалары және мансаптық дамыту жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	138	жоқ
Кемсітушіліктің жоқтығы				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	147, 132	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	134, 99, 101	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	134, 100, 101	жоқ
GRI 406: Кемсітушіліктің жоқтығы 2016	406-1	Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету қызметтері	100,101, 141	жоқ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
Акционер/Жалғыз акционер	«Самұрық-Қазына» АҚ
«ОАЭК» АҚ	«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» АҚ
«АлЭС» АҚ	«Алматы электр станциялары» АҚ
«КОРЭМ» АҚ	«Электр энергиясы мен қуаты нарығының Қазақстандық операторы» АҚ
«МӨЭК» АҚ	«Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ
«ССКӨБ» АҚ	«Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ
ӘБП	Әкімшілік-басқарушы персонал
АЭС	Атом электр станциясы
БГҚ	Биогаз қондырғысы
Бенчмаркинг	«Самұрық-Энерго» АҚ-ға өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетін нақты өзгерістерді іске асыру мақсатында өз жұмысын басқа компаниялардың практикасымен салыстыруына мүмкіндік беретін талдау әдістемесі
БК	«Богатырь Көмір» ЖШС
о.і.	Оның ішінде
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	Жел электр станциясы
СКЖ	Су арқылы күлді жою
МКК	Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
МҮИИДБ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы/Топ/ЕТҰ	«Самұрық-Энерго» АҚ және оның еншілес және тәуелді компаниялары
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ГТЭС	Газ-турбиналық электр станциясы
СЭС	Су электр станциясы
ДО	Дизель отыны
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
ЕурАзЭҚ	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
СБАЕК	Сертификатталған бухгалтерлер мен аудиторлардың еуразиялық кеңесі
ЕЭҚ	Еуропа экономикалық қауымдастығы
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЛЗ	Ластағыш зат
ККҚ	Күл-қож қалдықтарының көлемдері
ҚХР	Қытай Халық Республикасы

Компания	«Самұрық-Энерго» АҚ
КТК	Коммуналдық-тұрмыстық көмір
НҚК	Негізгі қызмет көрсеткіштері, жалпы Команияның, сондай-ақ оның басқарушы қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін Компания қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар)
ТМРжБҚК/Комитет	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
КМЖ	Корпоративтік менеджмент жүйесі
КАТ	Кокстік аз жентектелетін төмен метаморфталған көмірлер
КО	Корпоративтік орталық («Самұрық-Энерго» АҚ)
ҰОҚ	Ұшқыш органикалық қосылыстар
ЭЖЖ	Электр жеткізу желісі
ҚР ИЖТМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ҚР ҰЭМ	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ЖҚ	Жергілікті қамту
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ЕҚТ	Ең жақсы қолжетімді технология
ҰЭЖ	Ұлттық электр желісі
БАӘ	Біріккен Араб Әмірлігі
БК	Бірлескен компания
ЖШҚ	Жауапкершілігі шектелген қоғам
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚТА	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
ОБЗ	Озонды бұзатын заттар
БЭЖ	Бірлескен энергетикалық жүйе
ЗТБ	Заңды тұлғалардың бірлестігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
АЭК	Өңірлік энергетикалық компания
ЖАҚ	Жария акционерлік қоғам
ПГ	Парниктік газдар
ШРТ	Шектеулі рұқсат етілген төгінділер
Даму жоспарының көрсеткіштері	Өндірістік, операциялық және қаржылық қызметті сипаттайтын көрсеткіштер. Көрсеткіштер Даму жоспарының құрамында бекітілетін, есепті және жоспарланатын мерзім ішіндегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие.
ӨҚҚ	Өрт қауіпсіздігі қағидасы
БҰҰДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы
ҚТҚ	Қауіпсіздік техникасы қағидасы

ЖКБ	Жүк тиеу-көлік басқармасы
ТПҚ	Техникалық пайдалану қағидасы
РТҒА	Ресей жаратылыстану ғылымдар академиясы
Тәуекел	Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін оқиғалармен немесе әрекеттермен байланысты белгісіздікке душар болу
РФ, Ресей	Ресей Федерациясы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ДК	Директорлар кеңесі
ОСЖ	Оқшауланған сым
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТОЛ	Тұрақты органикалық ластағыштар
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Стратегия	«Самұрық-Энерго» АҚ даму стратегиясы
Қоғамның құрылымдық бөлімшелері	Қоғамның белгілі бір қызмет түрін атқаруға жауапты және ұйымдық құрылымға енген бөлімшелер (департаменттер, қызметтер)
ТБЖ	Қызметтің тиімділігін басқару жүйесі
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АТП АЭА	«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
КЭС	Күн электр станциясы
ТҮК	Трансұлттық компания
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«АЭС» ЖШС	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
«ҚКЖ» ЖШС	«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС
«БЖЭС» ЖШС	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС
«EWP» ЖШС	«Ereymentau Wind Power» ЖШС
ОКЦ	Отын-көлік цехы
ТҚС	Трансформаторлық қосалқы станциясы
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар, қызметтер
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ЖЭО	Жылу электр орталығы
ОШШ	Отынның шекті шығыны
ҚКҚ	Құрғақ күл қондырғысы
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ШарСЭС	«Шардара СЭС» АҚ
ГРЭС-1	«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС

ГРЭС-2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
ЭЖҰ	Энергия жеткізуші ұйым
ЭЖҰ	Энергиямен жабдықтаушы ұйым
CAP	Сертификатталған бухгалтер-практик (Certified Accounting Practitioner)
CASA-1000	Орталық Азия-Оңтүстік Азия энергетикалық жобасы (Central Asia-South Asia)
CO	көміртек тотығы, иіс газы
CO_2	Көміртегінің қос тотығы, көмір қышқыл газы
CPA	Сертификатталған бухгалтер (Certified Public Accountant)
DiPCPIA	Сертификатталған кәсіби ішкі аудитордың дипломы (Certified Professional Internal Auditor Diploma)
DipPIA	Кәсіби ішкі аудитордың дипломы (Professional Internal Auditor Diploma)
EBITDA	Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар (ағылшынша Earnings Before Interest, Tax, Depreciation and Amortization)
EBITDA margin	EBITDA бойынша тиімділік, EBITDA-ның табысқа қатысы
ERG	«Еуразия Тобы» ЖШС («Eurasian Resources Group» LLP)
EVA	Экономикалық қосылған құн
FIFR	Өндірістік қызметпен байланысты қайғылы жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті
Fitch Ratings	Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі
GRI	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global reporting initiative)
IFA (DipIFA)	Халықаралық аудит және менеджмент институтының дипломы (Diploma of the International Institute of Audit and Management)
IoD UK	Британия директорлар институты (Institute of Directors, United Kingdom)
ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization)
KEGOC	«KEGOC» акционерлік қоғамы
LTIFR	Жұмыс уақытын жоғалта отырып, жарақаттанушылық жилігінің коэффициенті, жұмыс орнында атқарылған 1 миллион сағат жұмыс уақытын жоғалта отырып алынған жарақаттар саны
NAV	Таза активтердің шамасы
NOx	NO және NO_2 азот тотығының жинақтық атауы
ROIC	Ұзақ мерзімді салынған капиталдың рентабельділігі (Return on invested capital)
PESTEL-талдау	Компанияның бизнесіне әсер ететін саяси (Political), экономикалық (Economic), әлеуметтік (Social), технологиялық (Technological), экологиялық (Environmental) және құқықтық (Legal) факторларды анықтауға арналған маркетингтік құрал
SO_2	Күкірт қос тотығы
SWOT	Сыртқы және ішкі ортаға жағымды және жағымсыз факторлардың әсерін талдау
Өлшем бірліктері	
%	Пайыз

ГВт*с	Гигаватт сағат
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория
кВ	Киловольт
кВт*с	Киловатт сағат
км	Километр
м	Метр
м³	Текше метр
МВА	Мегавольт-ампер
МВт	Мегаватт
мг/нм³	Нормадағы текше кубқа миллиграмм
млн	Миллион
млрд	Миллиард
мың	Мың
э/э	Электр энергиясы

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Есепке немесе оның мазмұнына қатысты кез келген сұрақ бойынша мына байланыс телефондары бойынша хабарласа аласыздар:

Тасболатов Ринат Ермекұлы

Баспасөз хатшысы
Телефон: +7 (7172) 55-30-62
email: r.tasbulatov@samruk-energy.kz

Айсариева Мәдина Бекайдарқызы

«Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің директоры
Телефон: +7 (7172) 55-30-20
email: m.aisarieva@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы
Орталық басқару аппараты

010000, Ақмола обл., Нұр-Сұлтан қаласы,
Қабанбай батыр даңғ., 15 А
«Q» бизнес-орталығы, Б болгы
Телефондар: + 7 (7172) 55-30-00, + 7 (7172) 55-30-21
Факс: +7 (7172) 55-30-30
e-mail: info@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» АҚ аудиторы

«ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., A25D5F6
Әл-Фараби д-лы, 34, «А» ғимараты, 4 қабат
Телефоны: +7 727 330 32 00

«Самұрық-Энерго» АҚ тіркеушісі

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Самал-1 ш.а., 28
+7 (727) 312 33 04, 8 800 080 8668
csd@kacd.kz, web@kacd.kz

Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған кезде оған сілтеме жасау міндетті.

SAMRUK ENERGY